

ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІ

Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер апталығы



«Біріді, қазақ, бірін дос,
Көрмесен, істің бәрі бос!»

12+



№4 (4002), 30 қаңтар, 2026 жыл

1934 жылы 10 қаңтардан шыға бастады

www.qazaqadebieti.kz

Қали СӘРСЕНБАЙ

Қазақстанның Халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, қазақ өнерінің абыз-аңызына айналған ұлы өнерпаз Сәбит Қоңырбайұлы Оразбаев 90 жасқа толды.

Бұл бір тұла бойы тұнған тектілік, жүрегі толы мейірбан, рахман нұрындай таза адам. Өмірде де, өнерде де сол тазалықтың эталоны болып келеді. Күні бүгінге дейін мұндай сөзге ұста, шебер әңгімеші адамды сирек кездестірдім. Драма артистерінің ішіндегі Бейімбеті дерсің. Әсіресе, қазақы қалжыңды, юморды биік өнер деңгейіне көтерген. «Алдаркөсені ойнайтын адамның тыныш жатқанына таңым бар» деп гастрольде жүргенде қалжыңдайтын Асқар Сүлейменовтің айтатынындай бар, шебердің аты – шебер, сырт көзге сабырлы көрінетін Сәбең сол қоңыр мінезімен-ақ талай комедиялық бейнелердің бағын ашып, әкемтеатрдың босағасына байлады.

Кісі бойына мейірім-шапқат, алдымен, бір Тәңірден берілсе, одан соң ата-анадан дариды ғой. Осынау зымыран жылдар ішіндегі шығармашылық тағдыр жолында қазақтың осындай бірегей болмысты тұлғаларымен пікірлес, сырлас болудың арқасында саф сұлулықтың, мөлт еткен мейірімнің қайнарынан қанып ішіп, көп қасиет жидым, биіктедім, бекзаттандым, өмірім аса бай мазмұн мен мағынаға толды. Олар менің егіз стихиям – өнер мен мәдениетке деген құштар көңілімді қанаттандырды, кісілік пен кішілік, парасат-пайым, зиялылық пен зипалық, мінез мектебінен өттім.

10-13-беттер →

СӘБЕ. СҮЙЕУ. СМОКТУНОВСКИЙ



Сәбит
ОРАЗБАЕВ – 90

БҮГІНГІ
САҢАА:

«ЖАЗУЫМА ӨТІРІК
АРАЛАСТЫРМАҒАНЫМДЫ
МАҚТАН ТҰТАМЫН»



4-5-БЕТ

Серік Ақшолақовпен
ӨТКІЗГЕН ОН БІР САҒАТ



6-7-БЕТ

БОЗ ІНГЕН



14-15-БЕТ

«ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІНІҢ» СҮЙЕНЕРІ — ОҚЫРМАН. ОҚЫРМАННЫҢ СҮЙІП ОҚИТЫН ГАЗЕТІ — «ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІ»

Газеттің индексі: жеке жазылушылар үшін – 65353; мекемелер мен ұйымдар үшін – 15353

Баспасөз-2026

«Қазақстан» АҚ бойынша	Жеке жазылушыларға:	Аудандар мен ауылдарда:	Кәсіпорындар мен ұйымдарға:	Аудандар мен ауылдарда:
	Қалаларда:		Қалаларда:	
	1 айға – 925,82 т.	1 айға – 925,82 т.	1 айға – 1918,53 т.	1 айға – 1720,82 т.
	3 айға – 2 777,46 т.	3 айға – 2 777,46 т.	3 айға – 5755,59 т.	3 айға – 5162,46 т.
	6 айға – 5 554,92 т.	6 айға – 5 554,92 т.	6 айға – 11511,18 т.	6 айға – 10324,92 т.
	12 айға – 11 109,84 т.	12 айға – 11 109,84 т.	12 айға – 23022,36 т.	12 айға – 20649,84 т.

«Евразия пресс» ЖШС бойынша	Жеке жазылушылар үшін:	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін:
	1 айға – 746 теңге. 3 айға – 2238 теңге	1 айға – 1441 теңге. 3 айға – 4323 теңге
	6 айға – 4476 теңге. 12 айға – 8952 теңге	6 айға – 8646 теңге. 12 айға – 17292 теңге

КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІ БАС ҚОСТЫ

Өткен аптада Жазушылар одағы жанындағы «Шетелдегі қазақ әдебиеті» кеңесінің мүшелері жиналыс өткізді.

Әдеби басқосуды Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма Төрағасының орынбасары Ғалым Қалибекұлы ашып, Жазушылар одағының және Одақ жанындағы «Шетелдегі қазақ әдебиеті» кеңесінің өткен жылы атқарған жұмыстарын атап өтті.

«Былтыр Төрағамыз Мереке Құлкенов ҚХР-ға делегация бастап барып, Қытаймен мәдени байланыс орнату туралы екіжақты меморандумға қол қойды. Сол сапарда Нобель сыйлығының иегері Мо Яньмен кездесіп, керемет сұхбат өткізді. Одақтың стратегиялық әріптестік аясында өткізіп келе жатқан 3 жобасының бірі – «Жазушылардың әдеби шеберлік мектебі». Мо Яньмырза Қырғызстанда жазда өтетін Ыстықкөл форумына қатыспақшы, Төраға Қытай делегациясын елге келуге, әйгілі жазушыны аталмыш жобада дәріс оқуға шақырып отыр. Бұл да бір тарихи оқиға болғалы тұр. Осы орайда екі елдің әдеби-мәдени байланысы нығаю түседі деген ойдамыз.

Жыл бойы бірнеше шарамыз өтті. Көрнекті жазушы, этнограф, аудармашы Зейнолла Сәніктің туғанына 90 жыл толуына орай «Ұлттық құндылық: қазақ этнографиясы және Зейнолла Сәнік – 90» атты республикалық экспедиция және «Ата дәстүр, асыл сөз» этнографиялық шығармалардың байқауын өткізіп, әдеби-сазды кешпен қорытындылады. Биыл экспедицияның жұмысынан шығыс, батыс, оңтүстік, солтүстік өңірлерді толық



қамтитын фотоальбомдар шығарылады деп жоспарлануда. 40 жылдан астам тас қапаста отырған ұлы жазушы Қажығұмар Шабданұлының 100 жылдығы аталып өтті. Белгілі жазушы, фольклортанушы Оразанбай Егеубаевтың туғанына 90 жыл толуы қарсаңында Алматыдағы өзі тұрған үйіне ескерткіш-тақта орнатылды. Өзге де қандас қаламгерлердің еске алу кештері, кітаптарының таныстырылымдары лайықты деңгейде өтті. Екі жыл бұрын Моңғолиядағы қазақ қаламгерлерінің «Қобданың қоңыр желі» атты прозалық, поэзиялық антологиясын шығардық, Қытай қазақтарының «Сексеуілдің шоғы» поэзиялық, «Қамшыгер» прозалық антологиясын баспадан шығардық. Соның қарымтасына Қытайлар қазақстандық ақын-жазушылардың екітомдық антологиясын қытай тілінде шығарды. Осы үрдісті жалғастырып,

өзге елде тұратын қандастарымыздың шығармаларын да насихаттауымыз керек. Бізде Одаққа мүшелікке қабылдау комиссиясы және халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығын беру жөніндегі комиссия бар. Сіздер үміткерлерді жеке-жеке ұсынғаннан гөрі Кеңес арқылы ұсыныңыздар. Биылғы жылы өтетін іс-шаралардың жоспарын беріңіздер», – деп сөзін түйіндеді ол.

Кеңес төрағасы Әрмиябек Сағындықұлы ұсыныстарды жазбаша жеткізетінін мәлімдеді.

Жиналысқа Ислам Жеменей, Сламхат Сейіткамза, Баяхмет Жұмабайұлы, Дәулетбек Байтұрсынұлы, Болат Құрманғажы, Жәди Шәкен, Максұтқан Дәлей, Қайрат Құлмұхаметұлы, Ләззат Игісін, Мағиза Құнапияқызы, Гүлманат Әуелханқызы сынды қаламгерлер қатысты.



ӘЛЕКЕҢНІҢ ӘЛЕМІ

Елордада көрнекті жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әлібек Асқардың 75 жылдық мерейтойына арналған «Әлібек Асқар шығармашылығындағы Алтай бейнесі және адам тағдыры» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Ауқымды жиынға ҚР Президенті Әкімшілігінің, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің өкілдері, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, ақын-жазушылар, қоғам қайраткерлері, шетелдік және отандық ғалымдар, мәдениет саласының мамандары мен студенттер қатысты.

Конференция барысында «Әлібек Асқар прозасындағы Алтай тақырыбы» және «Қаламгер шығармашылығындағы әйел-ана бейнесі» атты секциялық отырыстар ұйымдастырылып, жазушы шығармаларындағы ұлттық идея, адам тағдыры, авторлық жауапкершілік, образдар жүйесі мен көркем тілдің ерекшеліктері жан-жақты талқыланды.

Іс-шара Әлібек Асқар шығармашылығының рухани-эстетикалық құндылығын айқындап, қаламгер мұрасын жана қырынан зерделеуге мүмкіндік берген маңызды ғылыми алаңға айналды.

Қазақстан Жазушылар одағының баспасөз қызметі

Биыл ұлт мүддесін қорғау ісіне өлшеусіз еңбек сіңірген ғалым Қайым Мұхамедхановтың туғанына 110 жыл толып отыр. Осы атаулы мерейтой құрметіне орай Алматы қаласы Орталық-тандырылған кітапхана жүйесіне (ОКЖ) қарасты Қазақстан Жазушылар кітапханасында Қайым Мұхамедхановтың 110 жылдығына арналған «Қайым Мұхамедханов – ұлт руханиятының шамшырағы» атты дөңгелек үстел өтті.

Іс-шараны халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының сарапшысы, әдебиеттанушы-ғалым, профессор Серікқазы Қорабай жүргізді. Алдымен кітапхана жетекшісі Мақпал Маратқызы «Қайым Мұхамедхановтың әдеби-ғылыми мұрасы» атты кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасап, ғалым еңбектерінің маңызын ашып көрсетті. Дөңгелек үстел барысында Қайым Мұхамедхановтың ғылыми мектебі, абайтанудағы орны, шәкірт тәрбиелеудегі ұстаздық болмысы жан-жақты айтылды. Профессор, PhD докторы, Қ.Мұхаметхан

ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ ҰСТЫНЫ



новтың қызы Дина Мұхамедхан, филология ғылымдарының докторы Гаухар Балтабаева, Қайым Мұхамедхановтың шәкірті, ақын Әбубәкір Қайран, Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры Алуа Таңжарықова, тарих ғылымдарының кандидаты Нәйлә Такижбаева, жазушы-журналист Дәулет Сейсенұлы өз баяндамаларында ғалымның рухани мұрасының бүгінгі қоғам үшін өзектілігін атап өтті.

Іс-шара барысында кітапхана қызметкерлері Құндыз Набидолла, Айдос Бектұрсын ғалымның өмірі мен шығармашылығы туралы баяндама жасап, өлеңдерін оқыды. Алматы заң колледжінің студенттері мен Абай ұлттық мектебінің

оқушылары Қайым поэзиясынан үзінділер оқып, ғалым мұрасына деген құрметтерін білдірді. Қайым Мұхамедхановқа арналған Теміржан Базарбаевтың «Жан аға» әні шырқалып, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының студенттері, дәстүрлі әнші Еркін Шүкімановтың шәкірттері рухани кештің әсерін арттыра түсті. Жиын соңында құрметті қонақтар мен қатысушыларға Алматы қаласы ОКЖ директоры атынан алғыс хаттар мен сыйлықтар табысталды.

Жанэля АЛИКОВА,
Қазақстан Жазушылар
кітапханасының
қызметкері

«ТАҢҒАЖАЙЫП ӨМІР БҰЛ...»

22 қаңтар күні Алматы қаласындағы М.Әуезов атындағы кітапханада Қазақстан Жазушылар одағы мен кітапхана ұжымы бірлесіп ұйымдастырған Қазақстанның Еңбек Ері, композитор, этнограф-жазушы, ақын, музыка зерттеушісі, суретші, Қазақстан және Қырғызстан Республикаларының еңбек сіңірген қайраткері Илия Жақановтың 90 жасқа толған мерейтойының қарсаңында «Алматы кешінде» атты әдеби-сазды кеш өтті.



Кеш барысында «Таңғажайып өмір бұл...» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылып, өнер иесінің өзі салған суреттері таныстырылды. Белгілі ақын, Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма Төрағасының орынбасары Қасымхан Бегмановтың модераторлығымен өткен кеште оқытушы, профессор, түркітілдес халықтардың үздік педагогы Максұт Жүнісов өзінің ұстазы Илия Жақановтың шығармашылық еңбегі туралы сөз сөйлеп, «Даниярдың әні» атты әнін орындады.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессоры Сәуле Жанпейісова «Алматы кешінде» әнін, әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Бақтияр Тайлақбаев пен Т.Жүргенов атындағы өнер академиясының студенттері Мерей Бақытжанқызы, Нұрбақыт Бакбол композитордың «Жайлау көл кештері», «Еділ мен Жайық» әндерін орындап, жиналған қауымды ерекше әсерге бөледі. Сондай-ақ Қасымхан Бегмановтың сөзіне жазылған «Күренбел», «Арманым еді» әндерін әнші, сазгер Шаба Әденқұлқызы орындады. Мерейтой иесі Илия Жақанов Атыраудан бейнеундеу арқылы сәлем жолдап, көремендер мен қатысушыларға алғысын айтты.

Кеш соңында кітапхана басшылығы қатысушыларды Алғыс хатпен марапаттады.

«ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ ЖАРШЫСЫНДАЙ БИБИ-АНА»

Өткен аптада Сақтаған Бәйшев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Бибі-Ана» қайырымдылық қорының президенті, «Парасат», «Құрмет» ордендері және халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Бибігүл Иманғазинаның «Бибі-Сана» трилогиясының таныстырылымы өтті.

демеп, сүйеу болған да – Бибі-ана. Оның шығармашылығының тақырыбы өмірден теперіш көргендердің тағдырына тікелей байланысты.

Жаңа кітаптың таныстырылымында Ақтөбе облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Алтынай Юнисова қайсар жанның қайырымдылыққа, адамдыққа, ізгілікке үндейтін шығармаларының бүгінде мәні зор екенін тілге тиек етті.

Ақын, халықаралық «Алаш» әде-

генін, оқырман қауымның жүрегіне жол тапқанын жеткізді.

Жазушы, сатирик, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Төрежан Мәндібай автордың жазу өнеріндегі еңбегіне ризашылығын білдірді.

Ақын, Қазақстан Жазушылар одағы Ақтөбе облыстық филиалының директоры Бижан Қалмағанбетов автордың бөлек болмысы мен қайраткерлігіне тоқталса, жазушының інісі Мұратбай Кабиев, келіні Айша Байдәулетова және туысы Кенжебай Сүйеумағамбетов өткен күндердегі жылы-жарқын естеліктерді ақтарды.

Айта кетейік, бүгінде Алматы қаласында тұратын Бибігүл Иманғазинаның «Бибі-Сана» атты жаңа кітабы ана тілімізде және орыс тілінде, сондай-ақ нүктелі-бедерлі Брайль қарпімен жарық көрген.

Шара барысында ақын Ертай Ашықбаевтың «Бибі-ана» өлеңіне композитор Жандарбек Назаров жазған ән тыңдалды. «Үркер» шығармашылық ортасының мүшесі Қызғалдақ Алпысбаева ақын Иран-Ғайыптың қаламгерге арнаған «Бибі-ана» өлеңін мәнерлеп оқып, қатысушылардың қошеметіне бөленді.

Сонымен қатар кітапхана қызметкері Рысжан Қарағұлова оқырман қауымды Бибігүл Иманғазинаның өмірбаянымен таныстырып, автордың шығармашылығына арналған «Жақсылықтың жаршысындай Бибі-ана» кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасады.



ЕСІМІ ЕЛГЕ МӘШҮР ҚАЛАМГЕР

Биыл қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Медеу Сәрсекенің туғанына 90 жыл. Жазушының төл мерекесіне орай Абай атындағы облыстық әмбебап кітапханасында «Есімі еліне мәшһүр қаламгер» атты тағылымды кеш өтті. Абай елінде бастау алған мерейтойлық шара – жерлестерінің қаламгерге деген ерекше құрметінің айқын айғағы.

Бұл кештің негізгі мақсаты Медеу Сәрсекенің қазақ әдебиеті мен ұлттық руханиятқа қосқан өлшеусіз еңбегін кеңінен насихаттау, шығармашылық мұрасын кейінгі ұрпаққа таныту болды.

Аталған шараға қаламгердің туыстары, зиялы қауым өкілдері, әдебиеттанушы ғалымдар, өнер адамдары, қала мектептерінің кітапханашылары, жастар мен кітапхана оқырмандары қатысты. Алғашқы сөзді Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ҚР мәдениет саласының үздігі, Абай облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұрат Сейсенұлы алып, қаламгердің азаматтық тұлғасы мен қоғамдық қызметіне тоқталды. Филология ғылымдарының докторы, профессор Бауыржан Жақыптың арнау сөзі бейнематериал арқылы ұсынылса, әдебиеттанушы ғалым Арап Еспенбетов жазушының әдеби мұрасына терең талдау жасап, ғылыми тұрғыдан баға берді.

Кеш мазмұнын байыта түскен бөлімдердің бірі Медеу Сәрсекенің драматургиясына арналды. Бұл ретте театр қайраткері, режиссер Есмұқан Обаевтың арнайы бейнебаяны көрсетіліп, қаламгердің сахналық шығармаларына кәсіби тұрғыдан баға берілді. Сонымен қатар ақын әрі мәдениеттанушы Нұрқасым Жырғалыұлы қаламгер тұлғасы жайында ой толғап, Шәкәрім жоғары колледжінің оқытушысы Сәуле Қайсақызы «Медеу шығармашылығындағы ұлттық құндылық пен зиялылық» тақырыбында мазмұнды баяндама жасады.

Кеш соңында Әміре Қашаубаев атындағы облыстық филармонияның әншісі Бакытжан Түктібаевтың әсерлі әні тыңдарманға рухани сый болды.

Абай кітапханасында өткен тағылымды кеш қаламгер рухына тағзым етіп қана қоймай, оның шығармашылық мұрасын кейінгі ұрпаққа дәріптеудің жарқын үлгісіне айналды.

Дильназ ТҰРСЫНОВА,
Абай атындағы облыстық
әмбебап кітапханасының қызметкері



Ақтөбе өңіріндегі Шалқар ауданында жарық дүниеге келіп, 17 жасынан тағдыр тауқыметін тартқан қаламгер, қоғам қайраткері Бибігүл Кабиқызы Иманғазина елімізге Бибі-ана атымен жақсы таныс.

Ең алғаш оқырман қауымға «Тауқымет» кітабымен танылған, жата-жастана оқығандардың жан мұнын, жүрек сырын суреткерлік шеберлікпен дәл жеткізе алған, кейін солардың түрлі лебіз-хаттарына жауап жазған – Бибі-ана.

Бибі-ана – жан біткенге жүрек жылуын таратқан, мейірім шуағына бөлеген ана. Қазақты қос бүйірінен тірлік қиындығы қысқан кешегі тоқсаныншы жылдардан бері қарай отыз жылдан астам уақыт мүгедек жандардың қолтығынан

би сыйлығының иегері, Қазақстан Жазушылар одағының Ақтөбе облысындағы өкілі Бауыржан Құрманқұлов «Бибі-Сана» роман-трилогиясында жалпы адам өміріндегі обал, ұят, сауап, иман секілді адами қасиеттердің мәні жақсы ашылып көрсетілгені туралы айтты. «Өзінің бар саналы ғұмырын әдебиетке қызмет етумен қатар мүгедек аналарға қайырымдылық көрсетуге арнаған Бибігүл Иманғазинаның ерен еңбегі үкімет тарапынан еленіп жатса, нұр үстіне нұр болар еді», – делі.

Қазақстанның құрметті журналисі, Ақпарат саласының үздігі Жанғабыл Қабақбаев автор өмір құбылыстарын әдеби-көркем тілмен шебер бейнеле-

Ш.Уәлиханов атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында ақын, жазушы, драматург, ұстаз Әдібай Табылдиевтің 100 жылдығына арналған «Жырлайды жүрек» әдеби-танымдық кеші өтті.

Биыл қазақ руханиятының көрнекті өкілі, ақын, жазушы, драматург, ғалым-ұстаз Әдібай Табылдиевтің туғанына 100 жыл. Осы атаулы датаға орай өткен «Жырлайды жүрек» әдеби-танымдық кеші ұлт руханиятына, ұстаздық өнегеге және сөз өнеріне тағзым еткен мазмұнды рухани басқосу болды.

Әдеби-танымдық кешке зиялы қауым өкілдері, әдебиетсүйер қауым мен жастар қатысып, Әдібай Табылдиевтің адамдық болмысы, ұстаздық тұлғасы туралы естеліктерімен бөлісті. Сөз алған-

«ЖЫРЛАЙДЫ ЖҮРЕК»



дар ғалымның қарапайымдылығы мен талапшылығын, ұлт болашағына деген жанашырлығын ерекше атап өтті.

Кештің негізгі идеясы – жас ұрпақты рухани құндылықтарға баулу, ұлттық әдебиет пен білімге деген құрметті ар-

ттыру болды. Осы тұрғыдан алғанда, «Жырлайды жүрек» кеші өткенді ұлықтап қана қоймай, болашаққа бағдар берген тағылымды шара ретінде есте қалды.

**Ш.Уәлиханов атындағы
Жамбыл облыстық кітапханасы**

РУХ ПЕН ПОЭЗИЯ ТОҒЫСҚАНДА

Алматы қаласы Алатау ауданындағы №201 мектеп-гимназиясында «Тіл – ұлттық құндылықтар тірегі, ғаламдық ой бастауы» атты қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің онкүндігі аясында көрнекті ақын, публицист, филология ғылымдарының докторы, академик, «Құрмет» және «Парасат» ордендерінің иегері Бауыржан Жақыппен әдеби-танымдық кездесу кеші өтті.

Кездесу барысында ақын шығармашылық жолы, поэзия әлемі, ғылым мен білімнің маңызы жөнінде тағылымды ойларын ортаға салды. Шараның басты мақсаты жас ұрпақтың әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, ұлттық құндылықтарды бағалай білуге тәрбиелеу болды.

Тағылымы терең рухани кеште сөз алған ақынның шәкірттері – Саят Қамшыгер мен Бауыржан Әлқожаның ұстазға арнаған жүрекжарды лебіздері мен қыр шашуы отырыстың көркін аша түсті.

Әдеби басқосудың соңында мектеп басшысы Арайлым Шамова қонақтарға алғыс білдіріп, мұндай кездесулер жас



ұрпақтың ой-өрісін кеңейтіп, болашаққа бағыт-бағдар алуына үлкен ықпал ететінін айтты.

Саликалы кеш оқушылар мен ұстаздар қауымына ерекше әсер қалдырып, әдебиет пен өнердің рухани қорымыздың мәңгілік құндылығы екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Меруерт ҮСЕНҚЫЗЫ,
№201 мектеп-гимназиясы
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі



«Асыл сөз» сұхбат айдарында қазақ әдебиетінің бірқатар көрнекті өкілдері, қазақ әдебиетіне еңбегі сіңген шетелдік қаламгерлер, аудармашылар қонақ болды. Осы қатарды толықтырмақ ниетпен қазақстандық оқырмандарға етене таныс қаламгер, Әзербайжан халқының ақсақалы, Халық жазушысы, жасы тоқсанға таяған қайраткер Анар Расул-оглы Рзамен әңгімелескен едік. Түркі халықтары әдебиетінің ақсақалы өзі, жазу машығы және жалпыадамзаттық құндылықтар төңірегінде толғанды.

— Сіз халықтың, Отаныңыздың, әлем дидарындағы оқырмандарыңыздың ықыласына бөленген қаламгер болып қалыптасып, абыройлы ақсақал жасына жеттіңіз. Қазақстанда да оқырмандарыңыз аз емес. Оған қазақ тіліне аударылып жатқан еңбектеріңіз дәлел. Сіздің әкеңіз Расул Рза мен анаңыз Нигяр Рафибейли де Әзербайжанда кеңінен танылған ақындар еді. Сіздің қалам ұстап, жазушылыққа ден қоюыңыз отбасылық ықпалдың негізінде қалыптасты деп ойлайсыз ба?

— Бұл сұраққа біртекті жауап беру қиын. Әрине, менің қаламгерлер шаңырағында дүниеге келгенім, кітаптар арасында, әдебиет туралы әңгімемен тәрбиеленгенім белгілі бір мөлшерде әсер етуі заңдылық. Біздің үйде кітап оқу, әдебиет туралы пікір алмасу күнделікті дағдыға айналған дүние еді. Бала күнімнен сөз қадірі, сөйлеу мен жазу қағидасы, тіл ұстар-тудың маңызы мен сөз қасиеті, жазу шеберлігі турасында әңгіме естіп өстім. Сонымен қатар менің ата-анам сол кезеңдегі танымал ақын-жазушылармен дос, сыйлас болды. Олар үйімізде жиі бас қосатын. Бүкіл Одаққа, елімізге танылған, суреті мен ныспысын кітаптан ғана көретін адамдар маған етене таныс болды. Олардың да өзіне тән мінез-құлқы, күдік-қорқынышы, ұс-танымдары болатынын ерте түсіндім. Осындай штрихтар менің жазу өнеріне деген ұмтылысыма әсер етсе керек.

Алайда мен жазушы болу үшін бір ғана ортаның әсері жеткіліксіз деп есептеймін. Шығармашылықта жетістікке жету үшін кісінің өзіне тән ішкі сауалдары, бақылау және пайымдау қабілеті, есте сақтау және түрлендіру машығы, өзі қалыптастырған тәсілдері болғаны абзал. Егер менің ішімде қандай да бір шығармашылық қабілеттің ұшқыны болмаса, ешбір кітапхана не ешбір әңгіме, ешбір орта мені жазу адамына айналдыра алмас еді деп ойлаймын. Сондықтан мен өз жолымды қалыптастыру ортасын ескере отырып, өз-өзімен ұдайы жұмыстанған адамның жолы ретінде бағалар едім. Ал жаңа айтып өткен дүниелердің бәрі менің бойымда шығармашылық қабілет ұшқынының тұтануына әсер еткені сөзсіз.

— Бір сұхбатыңызда жастық шақ туралы әңгімелей отырып, шығарманың оқып болған соң әкеңіз қуаныш, мақтаныш пен аяныш араласқан дауыста

Анар РЗА:

«ЖАЗУЫМА ӨТІРІК

«Міне, сен жазушы болдың» деп айтқанын еске аласыз. Бүгінгі күннің биігінен қарағанда абыз әкейдің дауысындағы сол аяушылық халді түсіне алдыңыз ба?

— Түсіне алдым деп ойлаймын. Құлағымда жаңғырып қалған әкемнің дауысында түрлі сезімдердің араласып жатқанын кейін толық түсіндім. Ол менің алдымда қандай қиындықтар бар екенін білді ғой. Жалғыздық болатынын, ұдайы ішкі дүниенмен күресетінін түсінді, бастан өткергенін қайта бір ой елегінен өткізді. Бір жағынан, ол менің сол кездегі шимай-шатпағымнан қандай да бір

Мен Қазақстан туралы үлкен тарихи-әдебиеттанушылық очерк жаздым. Абай туралы өз алдына бөлек эссе жаздым. Сол сияқты менің достарым – Олжас Сүлейменов, Мұхтар Шаханов, Берік Шахановтар туралы да эсселерім жарыққа шықты. Берік Шаханов – менің повесімді қазақ тіліне аударған тұңғыш қаламгер.

шығармашылық қабілет ұшқынын байқады деп те ойлаймын. Дәл осы ұшқын әкемнің көңіліндегі күдікті біршама сейілткенге ұқсайды. Қазір ойласам, әкемнің ойында үміт пен күдіктің таласы жүрген сияқты. Әрине, мен ол кезде әкемнің ойына талдау жасайтын-дай деңгейде емес едім. Кейінірек осы бір сәтті ойлағанда ішкі дүнием төңкеріліп кеткендей болды. Осылайша, он төрт жасымда тағдыршешті таңдауды жасаған екенмін.

— Сіздің интернет қолданбалыныңызды білеміз. Бүгінгі дәуірде бұл заманауи жаңашылдықтарға қарсылық деуге бола ма, әлде басқа себептері бар ма?

— Бұның себебі – менің техникалық жаңалықтарды игеру қабілетімнің төмендігі. Шығармашылық ғұмырымда қолмен жазуға машықтаным, кейінірек

жазу машинкасына көштім. Тек кейінгі жылдары ғана компьютерде жазуды меңгердім және осы мүмкіндіктер мен үшін толық жеткілікті. Сіз айтқандай уақыт пен технология жаңалықтарына қарсылық жоқ. Білсеңіз, қандай түрде болса да, жазу машығының түп негізі өзгеріссіз қалды. Бұл – мәтінді қағазға не компьютерге түсіріп, кейіннен көңіл көншітерлік деңгейге дейін редакциялау, түзету, күшейту.

— Тарихтан білеміз, әдебиет пен музыкада қатар жетістікке жеткен талантты адамдар баршылық. Ал сіздің музыка мектебінде алған біліміңіз жазуда ерекше стиль қалыптастыруға, өткір сюжеттер мен келісті тенеулер туғызуға әсер етті ме? Жалпы, музыка мен әдебиеттің өзара әрекеттесуі туралы не айтар едіңіз?

— Әрине, тарихта әдебиет пен музыканы шебер үйлестірген тұлғалар көп. Әдебиетте де, музыкада да шығармашылық қабілеттің негізгі принциптері ортақ келеді. Алайда менің музыка мектебінде оқуым музыкадан ұзақ мерзімге бойымды аулақ ұстауыма әсер етті. Себебін нақты айта алмаймын, бірақ ұзақ жылдар бойы музыкаға мән беріп қарай алмадым. Тек кейінгі жылдары ғана музыка әлеміне қайта айналып келдім. Халық әндері, әлем классикасы, джаз сияқты бағыттарда тәп-тәуір тыңдарманға айналдым десем болады. Қазір күнделікті тыныс-тіршілігімді музыкасыз елестете алмаймын. Жазуға отырғанда да көңіл күйіме қарай түрлі музыкалық шығармаларды қосып қоямын.

Музыкамен кәсіби айналысқаным әсер етті деп ойламаймын, керісінше, мұның кейбір жағдайда кері әсерін сезіндім. Ал тыңдарман ретінде музыкалық шығармалар маған жақсы әсер береді, жазу тұңғығына терең бойлауыма көңіл күй сыйлайды.

— Жазушылар дүние дидарындағы ең керемет немесе ең ауыр жағдайларды бастан өткеретін сияқты көрінеді. Осының себебін сұрағымыз келеді. Әсіресе қаламгерлер арасында өз өміріне үкім кесетін жайттар кездесіп тұрады. Бұл сезімтал адамның тұрмыс талабын көтере алмауы деп түсінген дұрыс па? Сұрап отырған себебіміз, тарихта осындай жағдайдың культке айналған кездері де бар. Бұл туралы не айтар едіңіз?

— Қандай жағдайда болсын өз өміріне үкім кесу – қателік. Алайда мұндай қадамға барған адамның ішкі дүниесіндегі жағдайды білмейсіз ғой. Суицид – тек жазушылардың емес, жалпы қоғамның ортақ мәселесі. Сәйкесінше, себептері де әртүрлі болады. Сұрағыңыз дұрыс, расында, тарихта әдебиеттің немесе әдебиет өкілдерінің өз-өзіне қол жұмсау эпидемиясының тарауына әсер еткен кезеңдер бар. Мысалы, Гетенің «Жас Вертердің жан азабы» дейтуғын повесі кезінде Германияда өз-өзіне қол салу толқынын туғызуға себепкер болғанын білеміз. Дәл сол сияқты Сергей Есениннің өлім алдындағы «В этой жизни умирать не ново, но жить конечно не новей» деп келетін жазбасы да белгілі бір деңгейде осындай толқынның жүруіне себеп болды. Алайда жеме-жемге келгенде әрбір адам өз өмірі үшін тікелей жауапты. Сондықтан мұндай қасіретті жайттардың жауапкершілігін жазушыларға артуға болмайды.

— Қазақ пен әзербайжан – бауырлас халықтар. Ал Қорқыт ата – түркі жұртының ортақ мұрасы. Сіз Қорқыт ата тақырыбына арнайы қалам тербеген жазушылардың бірісіз. Байқасаңыз,

кейінгі жылдары түркі жұртының ортақ тарихи-мәдени мұрасын насихаттау жүйелі түрде жүре бастады. Бұл жөнінде не айтасыз?

— Расында, Қорқыт мұрасы – көптеген түркі халықтарының, оның ішінде қазақ, әзербайжан, түрік, түркімен халықтарының мұрасы. Эпостың оғыз нұсқасы «Қорқыт ата кітабы» деп аталады. Он екі тараудан тұратын эпостың атауындағы «кітап» сөзі де бекер енгізілмеген. Бұл – біздің халықтарымыздың басты кітабы, түркі халықтарының ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің негізіне айналған, бағытын айқындаған іргетасы.

Шындықты турасынан айтсақ, түркі халықтарында Шекспирмен тең драматург, Сервантеспен, Бальзакпен, Толстоймен, Достоевскиймен тең романист жоқ. Дәл сол сияқты орыстарда да, француздарда да, испандар мен немістерде де «Қорқыт ата кітабының» әлеуетімен, құдіретімен теңесетін көркем эпос жоқ.

— Қазақ-әзербайжан қатынасы – ілкі замандардан татулыққа негізделген, бауырластық сипаттағы қарым-қатынас. Сіздің Олжас Сүлейменов, Мұхтар Шаханов сияқты қазақтың даңқты ұлдарымен достық байланыста екеніңізді білеміз. Сіз орыс әдебиеті өкілдерінің шығармаларын әзербайжан тіліне аудардыңыз. Сол сияқты қазақ әдебиетіне немесе түркі халықтары әдебиетіне қандай еңбек сіңірдің деп ойлайсыз?

— Мен Қазақстан туралы үлкен тарихи-әдебиеттанушылық очерк жаздым. Абай туралы өз алдына бөлек эссе жаздым. Сол сияқты менің достарым – Олжас Сүлейменов, Мұхтар Шаханов, Берік Шахановтар туралы да эсселерім жарыққа шықты. Берік Шаханов – менің повесімді қазақ тіліне аударған тұңғыш қаламгер. Осы сарында етене жақын таныс болған Нұрсұлтан Назарбаев туралы да мақалам бар екенін айта аламын.

Қазақ-әзербайжан қатынасы бауырлық сипатында болса, әдебиеті де,

әдебиет өкілдері де сол ұлы ұстанымнан ажырамау керек. Жалпы, түркі жұртының әдебиеттегі өкілдері, қалам ұстаған азаматтары өзара сыйластық пен жанашырлықты туғып көтергені абзал. Сондықтан мен де Қазақстанда кітабым жарыққа шығып жатқанына ерекше қуанамын.

– **Әзербайжанның заманауи әдебиетінің жағдайы қалай, жас қаламгерлердің ұмтылысы қандай деңгейде?**

– Бүгінгі жағдай менің өмірімнің негізгі бөлігі өткен кезеңнен анағұрлым ерекше екені белгілі ғой. Сәйкесінше, заманның ықпалына қарай қуанышы да, «әттеген-ай» дегізетін өкініші де бар. Жазушы дегеніңіз, ең алдымен, өз дәуірінің хабаршысы, өз заманының жаршысы емес пе... Мен де сол өз дәуірімнің, қайрат-қуатым толысып, өндіріп жұмыс жасаған уақыттың адамымын.

Ал жас қаламгерлерге келсек, олар – жаймашуақ кезеңнің жеткіншектері. Олардың шығармашылық жұмысына

мысқал кем емес қой, осындай кереғар стереотиптерді бұзатын кез келген жоқ па? Бұл жағдайға көзқарасыңыз қандай?

– «Мәскеуге қарап есінейді» дейтін ойды қолдай алмайтын сияқтымын. Толстой Ясная Полянада, Шолохов Вешенская станицасы аумағында өмір сүрді. Бұдан бөлек, орыстың әйгілі жазушыларының дені – Петербургтен шыққандар. Орыс әдебиеті – ұлы әдебиет. Оны тек Мәскеумен салыстыруға болмайды. Ал Мәскеуді меңзеп, жалпы орыс әдебиетінің өзге халықтардың мұрасына ықпалын сұрасаңыз, мұны заңды құбылыс деп айтар едім. Тек орыс әдебиеті емес, ағылшын, неміс, француз, жапон, америкалық әдебиет те дәл сондай әсері мен ықпалын тигізери даусыз.

Түркі халықтары өздерінің бай мұрасын, классиктерін мақтан ете алады. Алайда аударма, насихат ісі сияқты бағыттардың кенжелеп қалуы, тарихтағы қилы замандар түркі халықтары әдебиетінің осы деңгейге жету

таңда тіл мәселесінің ең өткір тұсы шетел тілдерінен енетін кірме сөздер. Ағылшын тілі немесе орыс тілі ме, ол жағы маңызды емес. Маңыздысы – тілдің тазалығы. Ал тіл тазалағын күзету, жанашырлық жасау – бәрінен бұрын жазушылардың парызы. Сондықтан кім қандай тілде жазамын десе, ол – өз еркі. Ал ұлттық әдебиетті жасайтын жазушы – өзінің ана тілінде қалам тербейтін, ой түзетін қаламгер.

– **Сіздің «Мен – өз тағдырымның қожайынымын» дейтін сөзіңіз бар. Өзіңіздің жазу дағдыңыз, жазу тәртібіңіз туралы, жақсы жазушы болып қалыптасудың қиындықтары туралы айтып берсеңіз.**

– Оның қиындығы – әркім өзін жақсы жазушы деп есептейтіні. Әрине, бұл – әзіл. Ал әзілсіз айтсақ, сен жазуға отырғанда жан дүниендегі мөлдір ойды, сананды қытықтаған тәтті дүниені сөзге айналдыруға ұмтылу керек. Оның жақсы не нашар шығуы – Құдайдың күзиретіндегі нәрсе. Жалпы, жазушылық – қиямет кәсіп қой. Не демалыс жоқ, не

сауатты жазу жағынан кемшін түсетін, алайда тақырыбы жеңіл дүниелерді, тұрмыстық жағдайларды құрап еңбек қылатын, сол арқылы тұрмыстық жайын реттеуді көздейтін кей адамдармен жұмыстанамыз, керек болса күресеміз.

Әдебиеттің айналасын қарабайыр, тұрмыстық деңгейдегі мәселелермен ластауға болмайды. Әдебиет – дәуірдің айнасы, тек елдік маңызы бар дүниелер ғана қамтылғанын жөн санаймын. Сол сияқты қандай дәуірде де көркемдік кемшін тартпауы тиіс.

– **Әдебиеттен бөлек, сіз киноөнерінің дамуына да айтарлықтай үлес қостыңыз. Бұл салаға келуіңізге не түрткі болды? Әдебиет пен киноөнерін ұштастыру қаншалықты нәтиже берді?**

– Бакуде университетті тамамдаған соң Мәскеудегі Жоғары сценарий курсы екі жыл оқыдым. Бірнеше киносценарий жаздым, сол желіде фильмдер таспаланды. Мен өзім жазған сценарилерді экранда басқаша елестетінімді жасырмаймын. Бірақ менің сценарийім бойынша жұмыс істеген режиссерлерге өкпем жоқ, керісінше, ерекше сыйластықпен қараймын. Өйткені киноөнерінде әркімнің картинаны көру қабілеті әртүрлі, елестету тәртібі де соған сәйкес болады. Расында, адамның қиялынан туатын, шабытпен дүниеге келетін әрбір нәрсенің өзіне тән ерекшеліктері болады.

Сценарилерімнің қойылымын қорыта келіп, режиссерлік шеберлік бойынша білім алу керек деп шештім. Тағы да Мәскеуде оқыдым. Диплом алған соң әрі сценарист, әрі режиссер ретінде үш фильм түсірдім. Бұл үшеуінің бағасын беретін мен емес. Көрген кісі болса, ойын айта жатар. Бірақ менің кинодағы 12 жұмысымның ішіндегі осы үшеуі – толық өзімдікі.

Киноөнер ерекше дәлдікті, тақырыпты терең түсінуді, суреткерлік қабілетті талап етеді. Сондықтан фильм жазу да, фильм түсіру де мен үшін қызық тәжірибе болды. Азды-көпті жұмысымыз да бар.

– **Бүгінде жасыңыз тоқсанға таяды, ел ақсақалына айналдыңыз. Әзербайжан халқының дақты ұлының қазір немен айналысып жатқаны, отбасы туралы білсек деп едік. Отбасыңыз, балаларыңыз туралы айтып берсеңіз.**

– Өмір бойы қалыптасқан дағды бойынша ой жұмысымен айналысып жатырмыз. Құдай ғұмыр берсе, біршама жоспар да бар. Үлгеріп қалу керек. Оны уақытында көре жатармыз.

Отбасым үшін әркез тәубе қыламын. Әйеліммен 80 жыл бұрын таныстым, бір сыныпта 10 жыл бойы бірге оқыдық. Ол кісі – белгілі музыкатанушы, академик. Ұлым – Әзербайжан Республикасының араб елдеріндегі елшісі. Қызым – талантты жазушы. Талантты жазушы дегенім – менің берген бағам емес, объективті алған бағасы.

– **Әңгімеңізге рақмет, ақсақал. Отбасыңыздың ортасында аман-есен жүре беріңіз. Қазақ-әзербайжан бауырластық байланысы арта берсін. Қазақстандағы қалың оқырманыңыздың ыстық сәлемін қабыл алыңыз.**

– Рақмет. Бауырлас қазақ халқына барша жақсылықты тілеймін. Оқырмандарыма алғыс айта отырып, бақыт пен қуанышты сәттер тілеймін.

– **Рақмет!**

Сұхбаттасқан Әділ ҚОЙТАНОВ

АРАЛАСТЫРМАҒАНЫМДЫ МАҚТАН ТҰТАМЫН»



«идеологиялық тапсырма мен цензура талаптарын сақтай отырып жазу» талабы қойылмайды. Алайда адамның ішкі дүниесінің цензурасы, өзіндік ұстанымдары, талаптары болуы шарт. Көптің көңілінен шығу үшін жер-көрді тақырып етіп, сөз қадірін қашырмаған абзал. Біздің жас қаламгерлер әдебиеттің алдындағы ар мен ұят жауапкершілігін сезініп жазады дегенге алғаусыз сенгім келеді.

– **Орыс әдебиеті, орыс әдебиетінің өкілдері мен олардың еңбектерінің құны – өз бағасына лайық құндылықтар. Алайда бүгінде әлі күнге дейін «Мәскеуге қарап есінейтін» авторлар бар. Түркі әлемінің әдеби-мәдени мұрасы өзге елдерден бір**

жылдамдығын тежеді, бірақ толық тоқтатқан жоқ. Дәл осы миссия жас қаламгерлердің жүрек түбінде болуы керек деп санаймын.

– **Әдебиет – тілдің жаны. Сіздің де кітаптарыңыз бен кинокартиналарыңыз әзербайжан тілінің дамуына, кең таралуына ықпал етті. Тіл және сөз еркіндігі мәселесі жөнінде қандай мәселе күн тәртібінде тұр деп ойлайсыз?**

– Мен түркі халықтарының ішінде түрлі жағдайлардың ықпалымен орыс тілінде жазатын қаламгерлерге ерекше құрметпен қараймын. Оларды сөкпеймін, таңдауын сыйлаймын. Алайда ұлттық әдебиеттің негізі – бұл ана тілінде жазылған дүние деп есептеймін. Бүгінгі

үзіліс жоқ. Қалам сүйкемесең де, күндіз-түні, күн сайын жұмыс істейсің. Өйткені ой жұмысын ысырып қою мүмкін емес. Түске кіретін сюжеттер бар, штрихтер бар. Осыларды құрастырып, көркем қалыпта сөзге айналдыру азапты дүние. Сәйкесінше, ләззаты да дәл сондай. Сондықтан жазушы болам деген кісі осындай азапты ләззатқа мойынсұна білсе жөн болады.

– **«Шығармашылығыма өтірік араластырмағанымды мақтан тұтамын» дедіңіз. Цензураның қылышынан қантанып тұрған кезеңде мұндай табандылық таныту – ерлік. Өтірік айта алмағаныңыз үшін шетқакпай көрген кезіңіз бар ма?**

– Иә, расында, мен дәл осы табандылығым үшін мақтана аламын. Анығын айтсақ, кеңес дәуірінде толық шындықты айта алмасак та, өтірікке бой алдырмадық. Сондықтан дәл бүгінгі күні сол кезеңде жазылған кез келген еңбегімді еш өзгеріссіз қайта баса алатыныма сенімдімін.

– **Қазақта «әдебиет – ардың ісі» дейтін сөз бар. Әр жазушы өзінің шығармашылығы үшін, оның сыртында ұлттық әдебиет мүддесі үшін күреседі. Сіз де мұндай мәселелермен бетпе-бет келген боларсыз. Осы мәселе төңірегінде әңгіме жалғасак.**

– Жазушылық қызметімнен бөлек, мен 38 жыл бойы Әзербайжан Жазушылар одағына басшылық етіп келемін. Кеңестік дәуірде өзім құралпылас жазушылар сияқты әдебиетті идеологиялық құралға айналдыруға ұмтылғандармен, насихатқа бағыттауға ниет танытқандармен күрестік. Ал қазіргі уақытта Жазушылар одағының төрағасы ретінде әдебиетке жүрдім-бардым қарайтындармен, әдебиетті тұрмыстық мәселені шешудің жолы ретінде санайтындармен күресеміз.

Көркемдік тұрғысынан, жалпы

Роллан СЕЙСЕНБАЕВ

– Реке, өте әділ, кең пішілген ой айттыңыз. Уақыт шіркін зымырап өтіп жатыр. Біздің жас кезімізде тәулік жиырма төрт сағат болушы еді, бүгін сол тәулік он жеті-он сегіз сағаттан аспай ма деп қалдым?!

– Адам уақыт пен кеңістікте күн кешеді. Сонан да біз уақыттың құлымыз. Уақытқа бағыныштымыз. Өлім адам тіршілігінің соңы емес. Ана-Жердегі өмір өлшеулі. Ана-Көктегі өмір шексіз.

Біз бір сәтте ғана, дәрігерлік тіршіліктен адамдық тебіреніске түсіп кеттік. Оны екеуіміз де байқамай қалып едік.

– Реке, мәңгі өмір жоқ. Ол Ана-Көкте ғана. Бірақ, ең бастысы, адам баласы жасаған бағалы істеріміз, киелі жасампаз мінезіміз, ойларымыз бен жаңа ғана жүгінген арман-тілектеріміз осы Ана-Жерде қоныс табады. Сол игі істеріміздің табанды һәм ұзақ болуына, адам баласына пайдалы болуына күш салуымыз қажет. Қысқа тіршілікте де ұзаққа жетер татымды істер бітіруге болады. Адамның адамдық қасиеті де сол арада айқындала түседі. Адам баласы үшін жасаған жақсылығың еш уақытта ұмытылмайды.

– Ана-Жерге адам, адам үшін өмір сүруге жіберілген. Адамды ұзақ па, қысқа ма, ұлы сапарға аттандырған Алла Тағала! Адамды адам жасаған да Алла Тағала!

Мені бар ықыласымен тыңдап отырған Серік Қуандықұлы:

– Ана-Жерде, адам, адам болып қалуы керек. Бұл – біздің адамдық парызымыз. Міндет. Борыш. Сауап, – деп бұлқынды. Бұл аталы сөз еді.

– Адам өзі үшін ғана емес, кастерлі Ана-Жері үшін, асыл Ана-Көк үшін де өмір сүруі керек. Адам осы екі киені естен шығармауы тиіс. Мәшһүр-Жүсіп бабамыздың қысқа қайырған бір шумак өлеңі бар:

«Бір өрттен қалмайтұғын

калық қаудай,

Баянсыз, бақ-дәулетке болма мастан!»

Серік Қуандықұлы кең креслоға шалқая отырған күйі ойланып қалып еді. Шаршағаны да бар. Таңғы оннан өрбіген әңгіме қызуы мен қызығын, сапасы мен мәнін жоғалтпап еді. Екеуіміздің ортамызда қимастық сезімі енді ғана серпи көтерілген.

ОСЫДАН БІР КҮН БҰРЫН

клиникада Серік Қуандықұлының шәкірттерімен кездескен едім. Ота жасалып жатқан қарбалас кез. Шәкірттердің бірі ота жасаудың алдында, бірі ота жасап болған кеште маған ұстазы туралы қысқа-қысқа ойларын айтты.

Астанада боран. Қалың қар. Ал менің қасымда отадан кейін шаршаған шәкірттер жайғасып жатқан.

Шәкірттердің қай-қайсысының болса да жүздері сабырлы, ойлары тегеурінді еді. Ал сөздері шапшаң һәм қысқа қайырылды.

Ербол Махамбетов, тамырлы және функционалды нейрохирургия бөлімшесінің меңгерушісі, нейрохирург-дәрігер, профессор:

«Серік Қуандықұлы мен 1995 жылы нейрохирургия кафедрасының клиникалық ординатурасына түскенде тұңғыш рет көрдім. Докторлық диссертациясын Мәскеуде қорғап, Алматыға келген сәті. Жан-жақтан өзіне шәкірт болуға лайық, талантты жастарды жинап жатқан кезі. Іскер, бір айтқанын екінші рет қайталамайтын, жүрісі жылдам, сөзі тік, қай мәселені айтса да дәл сөйлейтін адам ретінде жаныма жақын көрінді.

Содан бері мен Серік Қуандықұлының қасындамын. Сол кісінің кафедрасында ординатураны, аспирантураны бітірдім. Кафедрада ассистент қызметін атқардым. 2008 жылы біз Астанада жаңадан салынған нейрохирургия орталығына

көштік. Бұл ғажап жаңалық болатын.

Серік Қуандықұлы бізге Мәскеудегі Бурденко атындағы нейрохирургия институты туралы шешіліп сөйлейтін. Ондағы ғалымдар туралы терен, қызықты әңгімелер айтатын. Серік Қуандықұлы сол институттың түлегі ғой. Сонда мен: «Серік Қуандықұлы, біз сондай институтты Қазақстанда да ашсақ қой!» – деп армандай сөз бастағам.

Серік Қуандықұлы қысқа қайырып, бір-ақ ауыз сөз айтты: «Ондай институтты Қазақстанда тұрғызамыз. Бәрі болады».

Сол арманымыз орындалды. Әлемдік деңгейдегі институт ашылды. Оны біздің ұстазымыз Серік Қуандықұлы дүниеге әкелгені – біз үшін үлкен мәртебе.

Серік Қуандықұлы көпшіл адам. Біз бірде Өзбекстанға, атакты Каримов деген профессордың мерейтойына бардық. Сол тойда бір мәселелер шешілмей қарбалас болып кетті. Серік Қуандықұлы сол жерде отырып, Өзбекстандағы бірнеше достарымен сөйлесіп, мерейтой иесінің мәселелерін шешіп тастады. Қайда барсақ та, оны ылғи жақын достары қарсы алады, шығарып салады. Барлығы ұстазымды таниды, біледі, сыйлайды. Хирург ретінде де, ғалым ретінде де Серік Қуандықұлы өсу, толысу үстінде. Ол кісімен бірге біз де өстік, ер жеттік, білім жинадық, Нейрохирургия орталығымыз да өсу, көркею үстінде. Орталыққа небір ғажап технологиялар ендірік. Кейде өзіміз де не сенерімізді, не сенбесімізді білмейміз. Орталықты өте тез, әлемдік деңгейге көтердік. Бұл, әрине, Серік Қуандықұлының арқасы. Кейде ол кісі бізді «катал тәртіпке» тығатыны бар. Іштей ренжігендей боламыз. «Адал болмады-ау» деп жұлқынамыз. Саған кейде анаң мен әкең де ұрсады. Нервнді қажайды. Бірақ оларға ренжімейсің. Ал асыл ұстазымызға ренжу – әбестік. «Алла Тағала, Серік Қуандықұлына ұзақ ғұмыр берсін деп тілеуден жалықпаймыз».

Серік Кәрібаев, жалпы нейрохирургия бөлімшесінің меңгерушісі, нейрохирург-дәрігер, профессор:

«Қытайдың «заман өзгеріп жатқан кезде, өмір сүрме» деген ұлағатты сөзі бар. Ал мен дәл осы кезде өмір сүргеніме қуанамын. Оның себебін де айтайын. Тоқсаныншы жылдары Кеңес Одағы ыдырап жатқан кез. Омыртқасы үзілген кезең десек, әділ болар.

Дәл сол кезде Серік Қуандықұлы Қазақстанда дамымаған нейрохирургия ғылымын көтеремін деп белсенділік танытты. Тіпті басын бәйгеге тікті. Сол кезде жас толқын біздер, сол кісінің қасына топтастық.

Алматыдағы нейрохирургия кафедрасын басқарып жүргеннің өзінде, ол кісі болашақ Нейрохирургия орталығының масштабын анық таныған болатын.

Астанада ғана емес, бүкіл Орталық Азияда бұрын-соңды болмаған Нейрохирургия орталығын салып шықты. Орталықты ең озық технологиямен жабдықтады. Орталықтың құрылысы салынып жатты. Сонымен бірге медицина мамандары Астанада да, шет елдің озық клиникаларында да оқуға аттанды. Орталықта сан салалы оталар да жасалып жатты. Бұндай жанкешті қозғалысты эволюция деуге де, революция деуге де әбден болады.

Астанадағы Нейрохирургия орталығы Еуразия кеңістігіндегі ең озық клиникалардың біріне айналды.

Оның дәлелі, бұрын-соңды әлем нейрохирургтары Қазақстанда жиналған емес. Қараңыз, Астанада Әлемдік нейрохирургтердің қоғамдық федерациясы, Еуропа нейрохирургтерінің ассоциациясы, Азия нейрохирургтерінің конгресі өз конференцияларын өткізді. Әр жылдарда өткен бұндай жиындарға әлемнің ең атакты нейрохирургтері қатысты. Олардың бірталайы біздің нейрохирургия орталығында оталар жасады. Бұл фантастика болатын.

Бүгін қазақ елінің нейрохирургия са-

болатын.

ЕСТЕН КЕТПЕС

оқиғалар нейрохирургтердің өмірінде Құдайдың құтты күні кездесіп жатады. Талай тағдырлар көз алдымнан өтті ғой. Мәскеуде де, Алматыда да, Астанада да. Қазір де кесек тағдырлар көз алдымнан көлбенеде өтіп жатады. Кесек бейнелер де. Небір ерекше тұлғалармен де кездестім. Өлім алдында тұрса да, адамдығын, кісілігін жоғалтпаған, қайтпас

Серік Ақшолақовпен ӨТКІЗГЕН ОН

(эссе)

ласы тез дамып, тез көтеріліп келе жатыр.

Бұл менің ұстазым, бүгінгі күннің ұлы нейрохирургі Серік Қуандықұлы Ақшолақовтың арқасы».

Нұржан Рыскелдиев, ми патологияларының нейрохирургиясы бөлімшесінің меңгерушісі, нейрохирург-дәрігер профессор:

«1995 жылдың қазан айы. Мәскеуде докторлық диссертация қорғаған Серік Қуандықұлы Алматының №7 қалалық емханасына келді. Мен жас дәрігермін. Серік ағамыз жастардың алдында сөз сөйледі. Жанымызға жігер, жүрегімізге үміт қондырған кездесу болды. Бүкіл Кеңес Одағында қиын-қыстау болып жатса да, Серік Қуандықұлы еліміз үшін, халқымыз үшін, медицина саласы үшін талмай еңбек етуді, оқуға, білімге барша құштарлықпен кірісу керек екенін ескертті. Бізге бар күш-жігермен білімге ұмтылу керекін айтты. Бүгін барымызды салмасак, ертең көш соңында қалып қоямыз дегені бізді састырған болатын. Сол сәттен бастап мен Серік Қуандықұлының қасында жұмыс істеуді армандадым. Сол арманыма жеттім».

Талғат Керімбаев, Жұлын нейрохирургиясы, шеткі жүйке жүйесінің патологиясы бөлімшесінің меңгерушісі, нейрохирург-дәрігер, профессор:

«Мен Серік Қуандықұлының тұңғыш аспирантымын һәм тұңғыш докторантымын. Ол кісі Мәскеуден докторлық қорғаған соң, ылғи қасында болдым. Астанада Нейрохирургия орталығын салып жатқан кез. Біз ол кезде хирург те, құрылысшы да, сантехник те болдық. Серік Қуандықұлы сол кезде салынып жатқан Нейрохирургия орталығының дәл қасынан үш бөлмелі пәтер алды.

Түскі асты Секеннің шәкірттері, Баян апамыздың қолынан татамыз. Апамыз бір рет қабақ шытқан емес. Бәріміз де Нейрохирургия орталығы үшін жанымызды беруге әзір едік. Біздің үйлену тойларымыз, кейін балаларымыздың тұсау кесер тойы, туған күндері Серік Қуандықұлы мен Баян Төлеуқызының көз алдында өтті. Бұл кісілер біз сияқты жас шәкірттерге ұстаз да болды, ата-анамыз да болды. Несін айтасыз, керемет адамдар ғой! Бұндай адамдар жүз жылда бір-ақ рет туатын болар. Бұл кісілер туралы әңгіме таусылмайды. Небір оқиғаларды тоқтаусыз айта беруге болады. Мен ұстазыммен мақтанамын».

Серік Қуандықұлының шәкірттерімен қимай қостастым. Қай-қайсысы да талантты нейрохирург, сонымен бірге биязы, жігерлі, нағыз азаматтық ірілік танытты. Ұстаз туралы адал сөздерін айтты. Әрине, әрқайсысы ұстамдық танытты. Бұл нағыз жігітке тұн мінез

қайсар біртуар жандарды да ұшыраттым. Таңғалдым. Адамдық ерліктеріне тамсандым. Жаксы адамдар, батыр адамдар халық ортасында көп кездеседі. Кәдімгі адамдармен жиі кездесетін дәрігерлер болса керек.

– Реке, мен сізге дәрігерлік тәжірибеде бұрын кездеспеген бір уақиғаны айтайын. Шаршаған жоқсыз ба?..

– Жо-жок... Қайдағы шаршау? Қайта Сіз шаршап қалмаңыз. Күні бойы отырмыз.

– Күні бойы мен ғана сөйлеп отырмын, – деп күлді Серік Қуандықұлы. Терезеге бір қарап алып: – Күн шіркін де шаршап-шалдығып батуды бетке алыпты.

Қалың аппақ қар батып бара жатқан қан-қызыл күн астында ерекше бояуға малынып тұр еді. Батып бара жатқан қан-қызыл күн астында, сізге сол уақиғаны айтып берейін.

– Айтыңыз...

– 2015 жылы болса керек. Маған сол кезде Денсаулық сақтау министрі болған Солидат Закеновна хабарласты. Іс білетін жаксы адам еді, марқұм болып кетті. «Серік Қуандықұлы, Алматыда бір тосын мәселе шығып тұр», – деді.

Ауруханаға аяғы ауыр әйел түседі. Дәрігерлер инсульт деп ойлайды. Кейін инсульт болмай шығады. Мида ісік бар, ал әйел екіқабат. Отыз алты жастағы әйел бұрын босанбаған. Балалы болмаған. Алматыдағы нейрохирургтер іштегі баланы алып тастау керек. Мидағы ісікті содан соң аламыз дейді. Оған аяғы ауыр әйел көнбейді.

«Бұл баланы тумасам, менде енді бала болмайды. Ал бұл баланы менің ішімнен сылып алып тастасандар, маған бұл өмірдің түкке керегі жоқ. Өмір сүргенше өлгенім артық» – дейді. Әйелін күйеуі де қолдайды.

«Санавиациямен маған Астанаға әкелсін», – дедім. Әйелді біздің Орталыққа жеткізді. Әйелді жылдам тексердік. Мидағы ісік өте қауіпті жерде орналасқан екен. Дәл жұлынның қасында. Тіпті үлкен ісік жұлынды үстінен басып тұр. Іштегі бала жеті айға жетіп қалыпты. Әйел менің бетіме тура қарады да: «Маған баласыз өмір жоқ! Баладан айырылсам өлемін», – деді. Дауысында нық сенім бар еді. Күйеуі де көмектесуімді сұрады. Ол да қиналып тұрған. Әйелдің ішіндегі бала әйел мен еркектің ортасындағы дәнекер жатқан әйелге бағдарлай да, сынап да қарадым.

«Айналайын, батыр қарындасым-ай!»

деп ойлағаным есімде. Шамамның келгенінше әйелге көмектескім келді. Шәкірттеріме: «Әлемде дәл осындай ота жасалынған ба екен?.. Соны біліңдер... Тез қарандар...» – дедім.

Бірақ әлемде бұндай ота жасалынбапты. Орталыққа акушер-гинекологтарды шақырттым. «Біз қазір мидағы ісікке ота жасаймыз – дедім. Бұл үлкен тәуекел. Бұндай ота жасау тәжірибесі әлемде болмаған. Менің сіздерден сұрайтыным, ота жүріп жатқанда, әйелдің ішіндегі баланың жағдайын мұқият қадағалауларыңыз керек. Жүрегінің соғысын тындап тұрыңыздар».

Акушер-гинекологтар тіл қатқан жоқ. Тек бастарын изей берді. Әйелдің ішіндегі бала наркоздан өліп кету қаупі де өте жоғары еді.

Әйел ақырын жымыды. Әлсіз саусақтары менің қолымды қысқан болды.

«Ананың жүрегіне, оның аналық жан-сезіміне ешнәрсе жетпейді екен-ау!» деп ойлады. Дұрысы таң-тамаша қалдым.

«Жұмақ ананың табанының астында» – деген киелі Хадис сөзінен айналдым.

Неге екенін қайдам, көз алдыма анам келді. Өнімде емес, түсімде көрдім. Анамның алдында тізерлеп отыр екенмін. Анам басымнан сипады. «Аруақтар да маған көмекке шыққан-ау!» деп ойлап үлгердім.

Әлде үлгермедім бе?

ТАҢҒЫ ОНДА

басталған сұхбат кешкі жиырма бір

БІР САҒАТ



Аллаға сыйынып отаға кірісіп кеттім. Ота бес сағатқа созылды. Анасына жасаған отадан бала аман шықты. Жүрек соғысы да бірқалыпты болды. Акушер-гинекологтар УЗИ-ден баланы мұқият бақылап отырды. Енді әйелді тездетіп ояту керек. Қазір бәрін уақыт шешеді. Әйел тірі. Ота жақсы өтті. Енді баланы сақтап қалу керек. Мен әйел оянғанша жаным мұрнымның ұшына тығылды десем өтірік емес.

Бір жарым сағаттан соң, әйел оянды. Әйел ояна салысымен ішіне жармасты. Әйелдің білгісі келгені бала іште ме, әлде мына ақ халаттылар баланы сылып алып тастады ма?.. деген жанұшырған сұрақ еді. Мен әйелдің қолынан ұстап:

– Балаң тірі... Балаң бар. Бәрі жақсы. Миындағы ісікті алып тастадық. Ота сәтті өтті... Екеуің де тірісіңдер... – дедім.

– Құдайға мың рақмет! – деді әйел әзер сөйлеп, – сізге де мың алғыс. Атыңызды білмеймін, кешіріңіз.

– Мен де Сіздің атыңызды білмеймін, – дедім.

сағатта аяқталды-ау.

– Реке, әңгімемізді тамамадық білем. – Мен сізге қысқа сұрақтар қоймақпын.

– Болсын, – деді Серік Қуандықұлы. – Құдайдың құтты күні ота жасайсыз ба?

– Жоспарлы түрде күнде жасаймын.

– Барлығы қанша ота жасадыңыз?

– Алты мың болса керек.

– Аурулардың ота үстінде өлгендері болды ма?

– Құдай сақтасын. Болған жоқ. Өз қолыңнан адамды өлтіру қиямет қой. Менің ұстазым Александр Коновалов, әр хирургтің өз зираты болады. Бірақ сендердің ондай зираттарыңның аз болғанын қалаймын дейтін.

– Хирургтің басты құндылығы не?

– Тек қана хирургтің құндылығы емес, өмірдің де құндылығы – ол адамгершілік пен маманның кәсібилігі. Осы екі қасиет табыстырған адамды ел-жұрт қадір тұтады.

– «Эхинококк» деген ауру 1990 жыл-

дары көп болды. Қазір бар ма?

– Елдегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдай жақсарғаннан кейін «Эхинококк» сияқты паразитті аурулар қазір бұрынғыдан аз кездеседі.

– Басында пышак тұрған адам қалай тірі жүрген?

– Бас миында функционалды маңызды аймақтар және функционалды маңызы жоқ аймақтар кездеседі. Бұл жағдайда пышак науқастың функционалды маңызы жоқ аймағында қалған және мида жүйке ұштары болмағасын, ми ауырсынуды мүлде сезбеген.

– Ана-Жерде қазір уақыт жылдам жүреді. Тіпті жүйрік. Бұндай заманда қалай өмір сүрген жөн?

– Абай атамның бір ауыз өлеңін айтайын.

«Әсемпаз болма әрнеге,

Өнерпаз болсаң, арқалан.

Сен де бір кірпіш, дүниеге

Кетігін тап та, бар қалан!» – дегендей бүгінгі заманға сай, білімінді, өзінді жетілдіріп, адал еңбек етіп, елге қызмет жасау.

– Менің досым, америка индеецтерінің көсемі «Роллан, менің халқымның миы су болып кетті» деуші еді. Есі аз адамды «су ми» дейді. Су ми деген ауру бар ма?

– Ондай ауру бар және ол аурудың атауы – «Гидроцефалия». Мидың қабыршағында су мөлшерінен тыс жиналады да, бастағы миды су басып кетеді. Ол көбіне бала жастағы науқастарда және карт адамдардың арасында жиі кездеседі.

– Дені сау болуы үшін адам не істеуі керек?

– Бүгінгі өмір салтын өзгертіп, салауатты өмір салтын ұстану қажет. Ішер тамақты түзеу, дене шынықтыру жасау, дұрыс дем алу. Адам өзін-өзі бір қалыпта ұстауы керек. Ең бастысы жалқау болмау. Қозғалыс – өмір. Күніне төрт-бес километр жүру керек. Тамаққа тойып алып, жата берсек тәнде саулық болмайды.

ТАҢЕРТЕҢ

Нейрохирургия орталығына келдім. Серік Қуандықұлымен қоштасуым керек болатын. Ширақ қималдайтын, тез сөйлейтін Серік Қуандықұлы мені қуана қарсы алды.

– Кеше сізді шаршаттым білем...

– Өткен өмірді көз алдыма елестетіп рақаттандым ғой, – деді Серік Қуандықұлы. Сәл ойланып барып, қайта сөз бастады: – Кейде Шалқарда әкем салған үй есіме түседі. Еңсесі биік үй еді. Үлкен шарбағы болатын. Сол шарбаққа шырмауықша өрмелеп жүзім өсуші еді. Аулада алма, небір әдемі гүлдер де өсетін. Жүзім тәтті болатын. Шелектеп жиған жүзімін әкем маған, Мәскеуге жіберіп тұратын. Сол жүзімдердің дәмі әлі таңдайдан кеткен жоқ. Әкем қайтыс болған соң жүзім де, алма ағаштары да, гүлдер де жетімсіреді. Кейін олар да өлді. Үй тұр, тәтті жүзім жоқ. Ол да иесінің соңынан о дүниеге аттанып кетті білем. Уақыт деген жалмауыз тоқтау білмейді ғой. Қазақтың бойындағы жалқаулық та біздің кесіріміз білем... О, бал татыған қарақөк жүзімдер керемет еді-ау, шіркін!..

Серік Қуандықұлы ойлы жүзін маған бұрып үнсіз қалды.

Нейрохирургия орталығынан шығар тұста мен бір қария ақсақалмен бетпе-бет келіп қалдым.

– Жігітім, мына орталықтың бастығына қалай кездесуге болады? – деп сұрады.

– Жайшылық па, ақсақал?..

– Осы орталықтың бастығына келіп едім. Жүзбе-жүз кездесіп, рақмет айтпақпын, – деп бөгелді де, бас киімін шешіп маған түстей қарады: – Осыдан бір апта бұрын үш жасар немереме осында ота жасады. Миында ісік бар екен. Сөйлеуден қалған. Бүгін таңертең сол шөберем, сарнап тұр. О, Алла Тағала, қалай таңғалмайсың?! Машина жалдап осында жаңа жеттім... Енді осындағы бастыққа кіріп, рақмет айта алмай қи-

налып тұрмын. Маған Ақшолақов деген хирург керек.

Мен лезде Серік Қуандықұлының көмекшісі Мираға телефон соқтым. Ақсақалдың тілегін жеткіздім.

– Серік Қуандықұлы ота жасауға кетті. Сағат он екіге дейін күте тұрсын.

– Күтем, – деді ақсақал. – Күтем.

– Роллан аға, мен қазір төмен түсіп, ақсақалмен кездесем. Шай бергіземін. Аландамаңыз, бәрін жасаймыз, – деді Мира. Екі сөйлемейтін, сабырлы, ақылды, асыл қарындасым Мира, Серік Қуандықұлы екеуміздің кездесуімізді де өзі өткізіп еді.

ҰШЫ-ҚИЫРЫ ЖОҚ

аппак қалың қар басқан үнсіз Дешті-Қыпшақ төсінде «Тальго» пойызы Астанадан Алматыны бетке алып зымырап келе жатыр. Бұл даланы бүгін қазақ даласы дейді. Мен үшін, бұл ұшы-қиыры жоқ қар жамылған кеңістік – Дешті-Қыпшақ даласы. Бабаларымыз осылай атаған. Ойхой, Дешті-Қыпшақ!.. Ойхой, қайран дүние-ай!..

Қазақ көші қайда бара жатыр?! Нені мақсат етті?.. Бағыт-бағдарымыз дұрыс па?.. Бұрыс па?.. Ешкім ешнәрсе білмейді. Дүдәмал тіршілік...

Ал Шолпан жұлдыз енді ғана көтерілген. Қарақөк аспан үнсіз.

Дешті-Қыпшақ даласында мүлгіген тыныштық.

Соңы немесе тіршілік атты құбыжық Өмір арсыз.

Өмір аяусыз.

Хайуандық жансыз.

Өмірде өздерін өздері іздеп, өздерін өздері тұлға жасайтын тектілер болады. Дешті-Қыпшақтың нағыз қасқырлары. Сол Дешті-Қыпшақтың ұлы ұлдарын ұлы сапарда ұлы Даланың киесі қолдайды. Алла Тағаланың өзі көмекке шығады. Алла Тағаланың бұйрығы бұлжымайды.

Бүгін Астанадағы Нейрохирургия орталығына менің талантты шәкіртім, орыс жазушысы Максим Кузин барды. Миында ісік бар. Сол ісікті сылып алып тастау керек.

– Роллан Шәкенұлы, мен өз өмірімді әуелі Құдайға, содан соң Серік Қуандықұлына сеніп тапсырдым, – дейді Максим. – Қорықпай, қорғанбай Орталыққа келдім. Сізге айтқан уәдемді орындадым. Тәнім орыс болғанымен, жаным қазақ деп соғады.

– Аман бол, Максим! Бар бол, Максим! Көр де тұр, бәрі дұрыс болады.

Даладағы телефон сөнді. «Тальго» пойызы аппақ қар үстінде құйындай жүйткіп келеді.

Біз бүгін Ана-Жерде адам азған, Ана-Көкте Алла Тағала қаһарланған шақта өмір сүрудеміз.

Маған Серік Қуандықұлы, Ана-Жердің төсінде өрбігена адамның адамдығынан айырылып қалмасы үшін айқасқа шыққан сарбаздай көрінген. Жауапты интеллигент жауапты ойға, іске, қарекетке ұмтылған. Бұл Ана-Жердің асыл перзентінің бұлқынысы еді. Серік Қуандықұлы Алла Тағаланың құлы да өзі, ұлы да өзі екенін аңғартқан. Мен оны солай ұқтым. Таныдым.

Алла Тағала кімге қабілетті көп берсе, содан көп сұрайды. Содан да жауапты интеллигенцияның ойлы, таза, арлы болуын тілейді.

Ара-арасында Ана-Жерге асыл перзенттерді жіберіп тұрады.

Серік Қуандықұлы солардың санында.

Осы тіршіліктің қақ ортасында адамның жанына араша түсуден бір таймаған, біртуар Серік Ақшолақов үнсіз тұр.

Адам баласының амандығы үшін жанын салған дара тұлға.

Дана тұлға.

(Соңы. Басы алдыңғы сандарда)

Экономика ғылымның маңызды бір саласы ретінде дәлелдеуді талап етпейтін екі қағидаға негізделген. Біріншісі – адамдардың материалдық, әлеуметтік, рухани сұраныстарының шексіздігі, екіншісі – осы сұраныстарды қанағаттандыруда пайдаланатын ресурстардың шектеулігі. Бұл ғылым саласының мақсаты – сұраныстарды қанағаттандыруда шектелген ресурстарды пайдаланудың ұтымды жолдарын анықтау, ұсыныс дайындау. Әңгімеміздің кейіпкері ғалым, ұстаз Құлмағанбет Ахметұлы – ғылымның қия жолындағы ұзақ жылдарғы ізденіс, зерттеулерінің нәтижесінде осынау күрделі мәселенің шешу жолдарын тауып, қолданысқа енгізген, даму бағыттарын айқындаған бірегей тұлға.

Әлемдік тәжірибеге сүйенер болсақ, ұтымды нарықтық жүйе өндірістің дамуын реттеп, кәсіпкерліктің өрістеуіне ынталы орта болып қалыптасқан. Айта кеткен орынды болар, нарықтық жүйе оған тауар ұсынушылар мен тұтынушылардың еркін кіруімен, бәсекелестік ортаның болуымен, саудада бағаның сұраныс пен ұсыныстың қатынасына қарай қалыптасуымен сипатталады. Бұл қағида өткен ХХ ғасырдың ортасына дейін ойдағыдай жұмыс істеп келді. Басқару жүйесінің, үкіметтің міндеті осы нарықтық жүйенің ұтымды жұмысын жетілдірумен шектелетін. Бірақ бұл жүйе экономикалық даму күрделене түскен кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық дамудың кейбір мәселелерін шешуге қауқарсыз болғандықтан, мемлекеттік реттеуге басымдық беріле бастады. Бұл жерде мемлекеттік реттеу нарықтық жүйенің қызметін шектейді деген ой тумаса керек, керісінше, оның қызметін жетілдірумен ұтымды ұштастырылып отырғанын атап өткен жөн. Қазіргі таңда ұтымды ұйымдастырудың негізі математикалық әдістер мен компьютерлік технологияларды қолдануда деп айтсақ артық болмас.

Жалпы экономикалық даму үрдістеріне үңілсек, оның негізі ғылымда, ғылымның барлық салаларының жетістіктерін ұтымды пайдалануда екенін байқауға болады. Бұл – дәлелдеуді талап етпейтін ақиқат. Дегенмен ғылымға көңіл бөліп, оның дамуына қолайлы жағдай жасап, қолдау көрсету қазіргі күннің өзінде әр елде әртүрлі. Дамыған елдерде ғылымды қолдау жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Алдыңғы қатарлы елдерде басымдық берілген қаржылай қолдау ғалымдардың, талант иелерінің қабілет-мүмкіндіктерінің толығынан ашылып, нақтылы нәтижелерге қол жеткізуіне бағытталған. Сондай-ақ экономикалық дамуды бағалауда өндірісте қолданылатын құрал-жабдықтар мен технологиялардың инновация талаптарына сай тұрақты түрде жаңартылып тұруына мән беріледі.

Экономиканың дамуы, халықтың әл-ауқатының тұрақты түрде өсуіне қол жеткізу басқару жүйесінің сауаттылығы мен кәсіби біліктілігіне тығыз байланысты. Өндірістің тұрақты дамуын қамтамасыз ету барысында басқару жүйесі жетілдірілді, шектелген ресурстарды ұтымды пайдалануда қолданылатын құралдар мен әдістер жетілдіріліп, дамыды, соған сәйкес оларды пайдалану ауқымы да кеңейді. Әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін жоспарлап, болжап жасауда экономика-математикалық әдістер мен ақпараттық технологиялар кең көлемде қолданысқа енгізілді.

Ғылымның дамуы, көлемді ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру талаптары басқару жүйесінде жаңа құралдар мен әдістерді қолдануға сұраныс туғызды. Соның нәтижесінде, цифрландыру, жасанды интеллект, робот қолданысқа енгізілуде. Осы ретте цифрландыруға байланысты үстіртін түсінік барын айта кеткен орынды болар.

Цифрландыру өндірісті реттеу немесе өндіріс құралы емес. Ол ресурстық әлеуетті тиімді пайдалану тәсілі: оның көмегімен ресурстарды бөлуді оңтайландыруға, өндірістік үдерістерді ұтымды ұйымдастыруға және т.б. мүмкіндіктерге қол жеткізе аламыз. Оны қолдану ауқымы өндіріс, ауыл шаруашылығы, қайта өңдеу салаларында пайдаланылатын өндіріс құралдары мен технология деңгейін тығыз байланыстырды. Өз кезегінде бұл салалардың дамуы цифрландыру ауқымын кеңейтеді.

Құлмағанбет Ахметұлының ғылымдағы еңбегі аграрлық саланы дамытып басқаруда модельдеу мен ақпараттық технологиялар-

зоотехникалық-малдәрігерлік институты біріктіріліп, Қазақ мемлекеттік аграрлық университеті, ал 2001 жылы Қазақ ұлттық аграрлық университеті аталып, 2020 жылы Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетіне айналған осы іргелі оқу ордасында кафедра менгеушісі, тестілеу орталығының басшысы, білім берудегі компьютерлік технологиялар орталығының директоры, факультет деканы болып, профессорлық-оқытушылық құрам қатарында ұстаздық еткен Қ.Ахметұлы – қазіргі таңда ҚазҰАЗУ «IT-технологиялар» кафедрасының профессоры.

Ол – ақпараттық технологиялар аясын-

ҒАЛЫМ, ҰСТАЗ, АЗАМАТ



ды қолдану ауқымын кеңейтіп, олардың нәтижелерінің өзектілігі, қолданыстағы әсері мен тиімділігі ғалымның кәсіби біліктілігімен, аграрлық саланың ерекшеліктері мен даму бағыттарын нақты біліп, түсінумен тығыз байланысты. Оның зеректігі, еңбекқорлығы, ізденес жолындағы табандылығы өзі айналысқан ғылым саласында айтарлықтай табыстарға қол жеткізді.

Құлмағанбет Ахметұлы 1945 жылы 28 желтоқсанда Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы, Сәкен Сейфуллин атындағы совхоздың «Алғабас» бөлімшесінде қатардағы жұмысшы отбасында дүниеге келген. Ұлы ойшыл Абай шығармаларындағы ғылым мен білім тақырыбындағы тұжырымдары қазіргі ХХІ ғасырда да өзекті және олар Құлмағанбет Ахметұлының негізгі ұстанымы болғанына көз жеткізу қиын емес. 1963 жылы қазақ орта мектебін үздік бітірген ол Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтының механика факультетіне түсіп, оны өте жақсы тамамдаған 1968 жылы Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтына оқытушылық қызметке жіберіледі.

1968–1972 жылдары ассистент, 1972–1979 жылдары аспирант атанып, «инженер құдық қазғандай» дейтін ғылым жолына түскен Құлмағанбет Ахметұлы аграрлық жүйені кейіптік (имитационный) және машиналық модельдеуге бағытталған ғылыми зерттеумен айналысты. Бұл осы бағытта елімізде тұңғыш жасалған ғылыми зерттеулер болатын, сондықтан Қ.Ахметұлы кейіптік модельдеудің ғылыми негізін қалаушы деп нық сеніммен айта аламыз. «Ағымдық технология бойынша берілген нысанды қоршау үшін жұмыс органдарының сәйкестендірілген сұлбасын, сонымен қатар машиналар құрылымын зерттеу және оңтайландыру» тақырыбында диссертациялық жұмысын табысты қорғаған ол ғылыми зерттеу барысында ЭЦВМ-де Монте-Карло, статистикалық модельдеу (Н.П.Бусленко) әдістерімен кейіптік және машиналық эксперименттер жүргізді. Осы ретте құрылған алгоритм және блок-схемалар кейіптік модельдеудің ғылыми негізде елімізде кен көлемде дамуына жол ашты.

1996 жылы Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылығы институты мен Алматы

да аграрлық жүйелерді модельдеу саласында елімізге танымал, ғылыми ортаға белгілі ғалым, кәсіби маман. Осы сала бойынша 270-ден астам ғылыми мақалалары, оның ішінде 7-SCOPUS, 20-РИНЦ және 70-тен астам-ККСОН базасында индекстелетін импакт-факторлы басылымдарда жарық көрді. Сонымен қатар оның авторлығымен шыққан «MS Excel-де бизнес-шешімдер қабылдау», «MS Excel-де қаржылық математика», «Компьютерде басқару шешімдерін қабылдау», «Менеджментте математикалық әдістер», «Эконометрика» және «Бизнес-шешімдерді модельдеу» атты инновациялық оқулықтар бүгінде республикамыздағы барлық аграрлық, экономикалық және техникалық жоғары оқу орындарының оқу үдерісіне енгізілді. Ғалымның жетекшілігімен 5 ғылым кандидаты, 2 PhD докторы дайындалды.

1982 жылдан республикалық деңгейде іске асырылған және орындалып жатқан бірнеше ғылыми жобалардың жетекшісі және басты орындаушысы Қ.Ахметұлының агроөнеркәсіп кешенінде енгізілген ақпараттық технологиялар мен математикалық әдістері үшін 9 авторлық өнертапқыш куәлігі және 5 патент берілген, сонымен бірге бірнеше ғылыми монографияда негізделген, сондай-ақ 15 ғылыми ұсыным мен ұсынысы өндіріске енгізілді. Өткен жылы халықаралық баспадан орыс тілінде (*Турев О.М., Ахметов К.А. «Экономико-математическая оценка эффективности управления ресурсным потенциалом сельскохозяйственных предприятий АПК РК» - Москва: Ай Пи Ар Медиа, 2025 г. - 502 с.*) монографиясы жарыққа шықты.

Саналы өмірін ғылымға арнап, жоғары білім беру саласында ұстаздық еткен ғалым ғылыми ізденістегі жетістіктерімен білікті мамандар дайындау ісіне қомақты үлес қосты. Елімізде қазақ тілінде алғашқы болып жарыққа шығарған «Есептеу техникасы және программалау» (Алматы, 1986 ж. «Қайнар» баспасы) атты оқулығы шетелдердегі қазақ тілінде оқитын оқу орындарына дейін таралып, сұранысқа ие болды. Жалпы, ол сызықтық программалау, менеджментте математикалық әдістер, экономика-математикалық әдістер, информатика, эконометрика және ақпараттық технологиялар аясында аграрлық жүйені модельдеуге

арналған 9 және бірлесіп жазылған 7 оқулықтың авторы (*оның ішінде 6-ы ҚР БҒМ грифімен жарыққа шыққан*). Сонымен қатар 23 оқу құралының, 6 ғылыми монография, 350-ден астам ғылыми мақалалар мен оқу-әдістемелерінің, елімізде жоғарғы оқу орындарында және ғылыми зерттеу институттарына кең таралған: BIOMET, STATIST, ARM-PROGNOZIST, PROIZFUNC, TEST, AKOS сынды компьютерлік бағдарламалар пакеттерінің авторы.

2024 жылы Ресейде Алматы: EDP Hub (Идипи Хаб); Москва: Ай Пи Ар Медиа халықаралық баспасы ұйымдастырған

«Global SciCall: фонд новых занятий» II ұлттық жарияланымдар конкурсында профессор Қ.Ахметұлы жеңімпаз (*3 орын*) атанып, нәтижесінде жаңа жетістіктермен толықтырылып, кеңейтілген, халықаралық редакциядан өткен төмендегі оқулықтар қайтадан жарық көрді:

Бизнес-шешімдерді модельдеу/Халық шаруашылығының барлық мамандықтарына арналған оқулық/ҚР БҒМ/РОӘК ОӘБ грифмен, №3 хаттама, 08.04.2022 ж. -Алматы: EDP Hub (Идипи Хаб); Москва: Ай Пи Ар Медиа, 2024 ж. - 468 б;

Моделирование бизнес-решений/Учебник для высших учебных заведений всех специальностей народного хозяйства Республики Казахстан/с грифом МОН РК/РУМС УМО, протокол №3 от 08.04.2022 г.. -Алматы: EDP Hub (Идипи Хаб); Москва: Ай Пи Ар Медиа, 2024 г. - 557 с. (орыс тіліндегі оқулықты баспа бүкіл ТМД бойынша оқулық ретінде ұсынып, таратты).

Қ.Ахметұлы оқытушылық қызметінің барлық кезеңінде студенттер мен магистранттарды ғылыми зерттеу жұмыстарына белсене тартты. Жыл сайын 2-3 магистрант республикамызда әртүрлі деңгейде өткізілетін жас ғалымдар конференцияларына қатысып, олардың жұмыстары алдыңғы қатардағы ФЗЖ есебінде марапатталды. Аграрлық жүйені компьютерлік модельдеу мәселесі бойынша PhD докторанттарға бірлесіп жетекшілік жасау жөнінде шет ел университеттерімен де, атап айтқанда, Пенсильвания (*Penn State University*) штатымен және Филиппиндік Ұлттық ғылыми орталығымен ғылыми-шығармашылық және іскерлік байланысты жолға қойды.

Ұлағатты ұстаз ғылымдағы және жоғары оқу орындарындағы жемісті еңбегі үшін Қазақ ССР Жоғары Кеңесі Президиумының, ҚР Білім министрлігінің Құрмет грамоталарымен, «Білім беру ісінің үздігі» белгілерімен марапатталды. Жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар дайындаудағы көпжылдық еңбегі және жоғары білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін 2012 жылы ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы алтын медальмен марапатталып, «Саңлақ автор» аталған Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің профессоры Құлмағанбет Ахметұлының өнегелі еңбек жолын қоғамда кеңінен насихаттау, жастарға үлгі ету мақсатында оның кандидатурасы «BILIM-ORKENIETI» ҰИҒЗО ұйымдастыруымен «Жаңа Қазақстанның – 100 жаңа есімі» атты байқауына ұсынылған болатын. Ғылым мен ұстаздықты қатар алып жүрген ғалым есімі осы байқау жеңімпаздарының қатарында аталды.

«Еліміздің тәуелсіз даму жолында жастарымыз ұлы ойшыл Абай идеяларымен қаруланып, ақын үндеген құндылықтар олардың негізгі ұстанымы болса деп армандаймын», – дейді заманауи ақпараттық технология құралдары мен математикалық әдістерді практикалық мәселелерде кәсіби түрде қолдана алатын, университет ұжымы мен студенттер арасында құрмет пен беделге ие маман, профессор Құлмағанбет Ахметұлы.

**Ғ.МАДИЕВ,
У.КЕРИМОВА,
Ж.АЛИШЕВА,**

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің профессорлары

Қазақстан Жазушылар одағында проза кеңесінің жаңа жылғы алғашқы отырысы жағымды жаңалықтармен есте қалды. Ең әуелі проза саласында ұзақ жыл еңбектеніп, 16 жыл кеңес төрағасы және оның орынбасары қызметтерін атқарған белгілі жазушы Қуандық Түменбайға жанрлық кеңеске мол еңбек сіңіргені үшін зор алғыс айтылып, кеңес мүшелері атынан Кеңес төрағасының орынбасары Ә.Салықбай шапан жапты. Ал Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма Төрағасының орынбасары, белгілі ақын Қ.Бегманов Қ.Түменбайға жемісті еңбегі үшін Төраға М.Құлкеновтің Алғыс хатын табыс етіп, хатшылық пен Төрағаның сәлемі мен алғысын жеткізді.


Сондай ақ кеңес төрағасының орынбасары болып қызмет атқарып келген жазушы Әбділдабек Салықбайдың Кеңес төрағасы қызметіне тағайындалғанын жариялады. Бүгінгі талқылау жұмысына байланысты Жәди Шәкенұлын талантты жазушы ретінде бағалайтынын және Одақ төрағасы Мереке Құлкеновтің ұсынысы бойынша осы романнан кейінгі талқылау тек қана ұсынылған шығарманың алашқы қолжазбасын қарау арқылы іске асырылатынын айтты. Кеңес жұмысына және бүгінгі роман талқысына сәттілік тіледі.

Қарымта сөз алған жазушы Қуандық Түменбай Одақ басшыларына және әріптестеріне алғысын жеткізіп, он алты жыл бойы осы жұмыстың ыстығына күйіп, суығына тонғанын да жасырмады. «Оның бәрі артта қалды. Алдағы жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін. Ақыры сөз кезегі тиіп тұрған соң жазушы бауырым Жәди Шәкенұлы туралы да айта кетейін. Мен «Қан кешкен ханзадалар» романын оқып үлгермедім. Бірақ сонау жылдары көрнекті әдебиетші ғалым Тұрсынбек Кәкішевтің Жәдидің шығармашылығына ден қойып, шығармасының тілі жақсы, тарихты көп біледі деп мақтағаны есімде. Ол кісі білмесе, танымаса жазбас еді. Содан бері өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан қазақ қаламгері ретінде бағалап, сыйлап келемін. Сондықтан да шығармашылығына ақ жол тілеймін. Ұжымдағы әріптестерімнің шынайы бағасы менің де бағам деп біліңіздер», — деді.

Бұдан соң жанрлық кеңес мүшелері белгілі қаламгер, жазушы-тарихшы Жәди Шәкенұлының соңғы кезде жарық көрген «Қан кешкен ханзадалар» романын талқылады.

Проза кеңесінің төрағасы Әбділдабек Салықбай баяндамашы, «Таң-Шолпан» әдеби-көркем, көпшілік журналының бас редакторы Нұрлыбек Саматұлына сөз берді.

— Роман екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім «Көкжалдар арпалысы», екінші бөлім «Арғымақ жалындағы жаназа» деп аталады. Басында Тәуекел, Сейдакпен басталады да, шегіністі баяндауға барып, 5—6 ғасырға шегініп, көркем сурет жасайды. Романның басталуы, шарықтау шегі, аяқталуы сынды шеберліктің бәрі бар. Бұл да прозаның бір тәсілі. Осы тәсілді автор жақсы меңгерген. Қалың жасақтың жаттығуы, іс-қимыл әрекеті, тамақтануы сынды сол заманның көркем суреті көңілді тоғайтады. Бұл жағынан автордың қолтаңбасы төселген. Тіпті алдағы жерде осы кітаптан «Тұрақты теңеулер» сөздігіне де көптеген сөздерді енгізу керек деп қараймын. Романның ұтымды тұстары жетерлік, жақсыны жақсы деу керек. Автордың романға дайындықпен келгені, ең бастысы сол заманның демін жақсы сезінгені, меңгергені анық көрініп тұр. Қазақтың



шығамын деген кітапты үш күн, үш түнде оқып бітірдім. Бастысы кітап өзіне бірден баурады. Басқасын айтпаған күннің өзінде Шыңғыс хан тарихына қатысты қаншама кітаптар оқыдық. Ал мына кітаптың жөні басқа. Тұғырыл хан, Шыңғыс хан сынды тарихи тұлғаларды көкке көтере салуға да, құлдыратып сынауға да бармайды. Кәдімгі адам, пенде. Ойы, көзқарас, ортасы бар, өзімізбен бірге жүргендей сезінесіз. Тіпті Шыңғысханға таласып, оны қазақ екен, моңғол екен деп таласқа да осы кітап нүкте қояды. Біздің бүгінгі әлемдік жағдайдағы орнымыз бен тұрақтылығымыз жағынан қарағанда, бұл роман өзінің көркем шығарма екеніне қарамастан, түркілік идеяны арқау етіп, елдіктің туын көтереді. Қазақ мемлекетінің қалыптасуының түп-төркіні хақында сыр суыртпақтай келіп, бүгінгі бізге, елдігімізге керекті рух, күш береді. Әсіресе жастар оқуға тиісті кітап.

«ҚАН КЕШКЕН ХАНЗАДАЛАР» ТҮРКІЛІК ИДЕЯНЫ АРҚАУ ЕТІП, ЕЛДІКТІҢ ТУЫН КӨТЕРЕДІ



іргелі романы болады. Дегенмен, осы теңеулер мен көркем суреттер алғашқы бөлімде айшықталып келіп, соңғы бөлімде сұйылып кеткен жоқ па деген де күдік туады және де романның басында ерекше айбатпен көзге түскен Сейдактың соңында күйреуік болып, трагедиялық күйге тап болуы да оқырманға ауыр тиетіндей көрінеді. Бұның бәрі менің жеке пікірім. Техникалық қателер алдағы басылымдарда түзетілуі үшін автор ескерсе деп әдейі айтып отырмын. Романды сәтті шыққан кесек туынды ретінде бағалаймын, — деді баяндамашы.

Кеңес жұмысын әрі қарай жалғастырған Әбділдабек Салықбай: «Осы орайда мен де роман туралы айта кетейін. Салиқалы, сарабал жазушының қолынан шыққан рухты шығарма. Тарихи туынды болған соң көпшілік оқырманға беймәлімдеу көнерген сөздер көбірек кездеседі. Қызығып, тамсанып оқыдым. Иланымды, нанымды тұстары жетерлік. Қазақ прозасына қосылған қомақты үлес деп есептеймін. Оқырман байқай бермейтін, кәсіби жазушыға байқалатын кейбір кемшіліктері де бар. Бірақ өз басым осы кезге дейін еш мүлтіксіз, бірде-бір романды көрген емеспін. Атағы жер жарған «Көшпенділердің» тіл жағынан ақсағаны, бірнеше жазушының бұл трилогияның үлкен сыйлық алуына қарсы болғаны, тіпті кезінде «Абай жолы» туралы да қилықилы пікірлер болғаны тегіннен тегін емес.

Романның әдеби редакторы, жазушы журналист, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ҚР «Айбоз» ұлттық әдеби сыйлығының иегері Абай Мауқараұлы:

«Мен — кітаптың алғашқы әдеби редакторымын. Кітаптың алғашқы қолжазбасы қолыма тигенде редактор ретінде шұқшиып отырып, оқырманға айналып кеткенімді сезбей қалдым. 20 күнде оқып

Арнайы мемлекеттік тапсырыспен көп таралыммен жарық көруі тиіс».

Белгілі жазушы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нағашыбек Қапалбекұлы:

«Осыдан он бес жыл бұрын Жәди Шәкенұлының «Қаралы көш» романын оқып, ерекше толқып, қазақ әдебиетіндегі қайталанбас қолтаңбасын көріп едім. Жоғалтып алып таппай жүрсем, Астанаға кетіп, содан өткен жылы ғана оралған екен. Ақыры тауып алып қуандым. Бірден осы романын ұсынды. Қолтаңбасы бар, өзіндік беті қалыптасқан қаламгер екенін тағы бір мәрте көрдім. Әдебиетке тән — кейіпкер образын жасау, көркем тіл, тартымды оқиға, шарықтау шегі, түйін бәрі де қамшының өріміндей жымдасып тұр. Тарихи деректік жағында да жаңалық көп. Басқасын айтпаған күннің өзінде осы кітап арқылы бұрын-соңды ашылмаған Ібір-Сібір жұрты және оның билеушілері Тайбұға, Сейдақ хақында өзім білмейтін көптеген жаңалықтарға жолықтым. Бәрін де жетесіне жеткізе зерттепті. Ермақ қарақшыны қазақтардың қалай өлтіргені де егжей-тегжейлі суреттелген екен. Қай жағынан алып қарасак та, бұл роман — қазақ әдебиетінде өз орны бар, бағалы шығарма.

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, белгілі жазушы Мағира Қожахметова:

«Жәдидің соншалықты еңбекқорлығына, соншалықты мәлімет жинағанына қайран қалдым. Айналайын, сен бұл жолы тұтас ұлттың тарихы мен бірлігін танытатын, мемлекетшілдігіміздің қалай қалыптасқанын бейнелейтін тарихи оқиғаларды көркемдік әлемге әкелген екенсің. Мен сізді құттықтаймын. Өйткені мұнда тек қана көркемдік емес, тарихи, танымдық, зерттеулер жетерлік. Сіздің

ғалым ретіндегі де, зерттеуші ретіндегі де ізденгеніңіз айқын көрінеді. Бұл кітапты жай ғана бағалап қою жетпейді, жоғары оқу орындарына барып, өзіңіз лекция-сабақ ретінде оқуыңыз керек. Бүгінгі жастарда кемшін тартатын көркем тіл, күрделі сюжет, ұлттық рух мұнда тұнып тұр. Дайын оқулық. Дәріптеуіміз керек, бағалауымыз керек. Тіпті түркі жұртынан жалғасқан түркілік тек, қазақтың өзіне ғана тән болған байырғы хан, ханзадалары хақында да талай ой, шежірелік деректер бар. Таңғалғаным, мұнда адамзаттың белгілі бір кеңістігіндегі бізге қатысты, біздің ата-бабаларымызға қатысты, арғы-бергі тегімізге қатысты төркіндік, жылнамалық көріністі көрдім, қуандым. Бірнеше ғасырдың жиындық сурет-кескіні бар. Кезінде «Қаралы көшті» де оқығанмын, пікірімді білдіргенмін. Кино түсіру керек дегенмін. Автор сыйлық аламын деп жазбаса да, бұл

шығарма марапаттың қандайына болса да лайықты».

Көрнекті жазушы публицист Әшірбек Көпішев:

«Мен бұл жігітті сырттай ғана білуші едім. Осы романын оқып таң-тамаша болдым. Асау теңіздің үлкен, керемет тамшысын көрдім. Өте тереңнен келген тарихи тамшы. Мұхиттарда шайқалып, найкалып, мына жаңа өмірге мен де келдім деп есікті тепкілеп тұрған мықты тамшы. Түркі бабаның үнін естідім. Теңіздің тамшысы бұлаққа құяды, түркі ұлдарының рухани арпалысы болашақты нұсқайды. Заманауи халықтың болашақ тағдыры қалай болады дегеннің жауабын айтып тұр. Бірден айту қажет, қазақ әдебиетіндегі аса кесек туынды. Қазақ жастары ғана емес, түркі дүниесі, мұсылман әлемі оқулық ретінде оқитын тарихи көркем шығарма. Жай ғана көркем шығарма емес, кестелі, айшықты тілмен өрілген, төселген жол-жорғасы бар шығарма. Көктегі үркердей шок жұлдызға көз тіккен көрегендік, ата-баба рухының киесі, тұнық бұлақтардың көзі бар. Алла риза болсын, өте риза болдым. Автор қаншама әдебиетті оқыған, оқыған сайын күшейген. Төрт құбыласын түгел қараған, оқыған, зерттеген. Ата-бабаның қанын іздеу, жанын іздеу, шынайы тарихын орнына қою деген үлкен мақсат, жүкпен келген. Мұнда тұтас тарих бар, бізше Еуропаның былығына былғанбаған таза қан бар. Тіпті басқасын айтпаған күннің өзінде, мұнда қытай және орыс отаршылдығының көлеңкесі, қатері бірден көзге ұрып тұр. Кешегі арқылы бүгінгіні айтып отыр. Елдікті қалай сақтау хақында қаншама ой, көркем сурет бар. Бұл кітапты Қасым-Жомарт Кемелұлының қолына тигізу керек. Ол кісі жазушының ұлы ғой, оқиды. Оқып ғана қоймайды, ата-бабалар тарихы арқылы бүгінгі елдіктің іргесін бекемдеу жөнінде көптеген асыл ойлар түйеді. Бұл кітап — түркі жұртына ой, идея тастап, бірлікке шақырған керемет еңбек. Жәди түгілі, қазақты танытатын еңбек ретінде көкке көтеру керек, өзге тілдерге аудару қажет».

Майкл Х.ХАРТ

Исаның адамзат тарихына жасаған ықпалының барынша анық, барынша ірі екені сондай біз жасақтаған тізімнің бас жағынан ойып тұрып орын алған оның орнына тек бірнеше тұлғалар ғана дәмәткен болар еді. Бұл жерде өзінен-өзі табиғи сұрақ туары сөзсіз: тарихтағы ең бір ықпалды діннің дем берушісі болып саналатын Иса, біз жасақтаған тізімнің ең басында неге тұрмаған?

Христиан діні бүкіл өмір тарихында, басқа діндерге қарағанда, өзінің соңынан көп жұртты ерткені күмән келтірмесе керек. Алайда бұл кітапта әртүрлі діндердің ықпалы емес, жеке тұлғалардың ықпалы бірінші кезекке қойылды. Христиан дінінің ислам дінінен бір ерекшелігі, бұл діннің негізін бір адам емес, екі адам – Иса мен апостол Павел құрған. Сондықтан бұл діннің дамуына қызмет көрсетуімен жиналған абырой-атақ екі тұлғаға теңдей бөлінеді.

Иса христиан дінінің негізгі этикалық идеяларын, сондай-ақ адамның күнделікті тіршілік етуіне қатысты оның рухани дүниетанымы мен басты принциптерін қалыптастырды. Дейтұрғанмен, христиан теология ілімі, ең алдымен, апостол Павелдің еңбектері арқылы ғана дүниеге келген дей аламыз.

Иса бұл діннің рухани жолдауын қамтамасыз етсе, Павел жұртшылыққа Христосқа табынушылықты насихаттады. Сонымен бірге апостол Павел алғашқы жүзжылдық бойы христиан дінінің басты қуат көзі болып саналатын Жаңа Өсиеттің едәуір бөлігінің авторы болып саналады.

Иса (Будда мен Мұхаммедке қарағанда) жас кезінде дүние салды. Оның шәкірттері де ат төбеліндей аз болатын. Иса қайтыс болғаннан кейін оның ісін жалғастырушылар шағын ғана еврей сектасын құрды. Осы жолда көп қажыр-қайрат жұмсаған Павелдің Жолдауының және оның күн демей, түн демей христиан дініне жаңа адамдар тартуының арқасында бұл шағын секта екпіні зор, қуатты қозғалысқа ие болды. Ол көп ұзамай-ақ тек еврейлерді ғана емес, басқа да ұлттарды біріктіріп, ақырында әлемдегі ең ұлы діндердің біріне айналды.


Осындай себеп-салдарға сүйенген бәзбіреулер тіпті христиан дінінің негізін қалаған Иса емес, Павел дейтін қорытындыға келуге дайын. Егер олардың айтқанына ден қояр болсаң, онда ол дәйектемелер Павелді біз жасақтаған тізімде Исаның алдына бір-ақ шығарар еді. Алайда апостол Павелдің христиан дінін таратудағы орасан еңбегін қаншама көтерсек те, Исасыз христиан дінінің мүлде дүниеге келмей қалуы мүмкін екені қолға ұстатқандай айқын екені даусыз. Солай бола тұра, христиан шіркеуі мен жекелеген христиандардың Христ атын жамылып жасаған кейбір оспадар әрекеттері үшін Исаны жазғыруға болмайды, өйткені ол ондай келеңсіздіктердің көбісін аяусыз айыптаған болар еді. Ондай оспадар әрекеттер, атап айтқанда, әртүрлі христиан ағымдары арасындағы діни соғыстар, варварлық күйретулер мен еврейлерді қуғын-сүргінге салу Иса іліміне қарама-қайшы келетіні айдай анық. Сондықтан ондай әрекеттерді Иса ілімі қолдайды деу орынсыз.

Сонымен бірге Батыс Еуропаны мекендеген христиан халықтарының ғылыми тұрғыдан дамуы Исаның тұсында ғана бастау алды деу де шындыққа жанаспайды. Ерте замандағы христиандардың бірде-біреуінің Иса өсиеттерін физикалық әлемді ғылыми түрде зерттеуге шақыратын құрал деп түсіндірмегені белгілі. Шындығын айтар болсақ, Көне Римнің христиандыққа өтуі жалпы техника дамуының күрт құлдырауына әкеп соқтырғаны былай тұрсын, тіпті ғылыми зерттеулерге деген бойкүйездікке

алып келді. Соған қарамастан, Еуропада ғылымның дамуы, Еуропадағы мәдени тектілікте, ғылыми ойлай білуге итермелейтін әлдебір күштің болғандығында жатыр. Ол «әлде бір күштің» тамыры – Иса көрегендігінде емес, грек философтарында, Аристотель мен Евклид еңбектеріне тән рационализмде. Тағы бір көңіл бөлер мәселе, қазіргі ғылым шіркеу өктемдігі мен христиандық беделдің көтерілген тұсында емес, турасын айтсақ, Ренессанс дәуірінің соңына ала, яғни Еуропада өзінің христиандыққа дейінгі мол мұрасына қызығушылығы пайда болған кезде ғана

ИСА

(Біздің дәуірімізге дейінгі 6-жыл – біздің дәуіріміздің 30-жылдары)



дами бастады.

Жаңа Өсиет кітабында толық айтылған Иса өмірі көп оқырманға белгілі болғандықтан, бұл жерде қайталап жатуды жөнсіз көрдік. Алайда оның кейбір тұстары тоқталып өтуге туге тұрарлық. Біріншіден, қолымыздағы бар Иса өмірі туралы көптеген мәліметтерді дәл деп айтуға болмайды. Тіпті оның шын есіміне деген күмәніміз де жоқ емес. Оның есімі сол кезде еврейлер арасында кең таралған Yehohua (ағылшынша *Джошуа*) болуы да мүмкін. Біздің дәуірімізге дейінгі 6-жыл болжамға жақын болғанымен, оның туған жылы да дәл белгілі емес. Тіпті оның өлген жылы да, оның ісін жалғастырушылар дәл білуге міндетті бола тұра, бүгінде күмән тудырады. Ал Иса өзі туралы ешқандай жазбаша құжат қалдырмаған. Оның өмірі туралы барлық ақпаратты біз, негізінен, Жаңа Өсиетте жазылған баяндаулардан алып жүрміз.

Өкінішке қарай, әртүрлі ой-оралымдар бойынша Інжілде қарама-қайшылықтар жеткілікті. Мәселен, Матфей мен Лука Исаның ақырғы сөзі туралы әр қилы пікірлер айтады. Ал олар – тағы да Жаңа Өсиеттен сол қалпында көшіріліп алынған пікірлер.

Исаны Жаңа Өсиеттегі баяндаулар бойынша ұғу тіпті де кездейсоқтық емес. Ол христиан дінінің негізін қалай жүріп, басқа дінді тұтынған еврей болатын. Көп жерде айтылып жүргендей, Иса Жаңа Өсиетте бейнеленген көне еврей пайғамбарларына өте ұқсас болып қана қоймай, солардың ықпалында өмір сүрген. Жаңа Өсиеттегі пайғамбарлар секілді Иса да өзімен кездескен жандарға айрықша әсер ететін ерекше жарқын тұлға болған. Ол әрі терең, әрі толық мағынасында да нағыз Құдай сыйлаған қасиетке ие жан болыпты.

Алайда саяси да, діни де билікті қатар алып жүрген Мұхаммед сияқты емес,

Иса, шындығына келсек, өзі өмір сүрген кезеңде де, одан кейінгі жүзжылдықтарда да қоғамның саяси дамуына көзге ілігерліктей ықпал ете алмағаны белгілі.

Әрине, бұл екі тұлға да ұзақ мерзімді саяси дамуға жанама болса да үлкен ықпал еткені белгілі. Исаның ықпалын этикалық және рухани көшбасшылықтың әрі тұтас, әрі толық ықпалы деп қараған жөн. Егер Иса тарихи кеңістікте, негізінен, этикалық көшбасшы ретінде із қалдырған болса, онда мынандай сұрақ өзінен-өзі тууы заңды: оның имандылық нормаларының дүниеге әсер-ықпалы қалай болды?

Исаның басты өсиеттерінің бірі – сөз жоқ, Алтын ереже. Бүгінде ол Алтын ереже көптеген жандар үшін, христиандар үшін де, христиан еместер үшін де моральдық ұстаным ретінде аса қажетті құрал болып саналады. Біз, бәлкім, ылғи да соған лайықты әрекет етпеспіз, бірақ соны орындауға құлықты болатынымыз

сөзсіз. Егер Иса, шын мәнінде, жұрттың бәрі бірауыздан қабылдаған осы принциптің атасы болса, онда ол басқа сөзге келмей-ақ біз жасақтаған осы тізімнің ең басында тұрар еді.

Бірақ ақиқатын айтар болсақ, ол Алтын ереже Иса дүниеге келмей тұрғанда бар иудаизм өсиеті болып саналатын. Біздің дәуірімізге дейінгі бірінші ғасырда өмір сүрген еврейлердің бас раввині рабил Хиллел Алтын ережені тұңғыш иудаизм принциптерінің негізі деп жариялаған-ды. Тек бұл идеялар батыс әлеміне белгісіз болып келді. Қытай философы Конфуций ол ережелерді біздің дәуірімізге дейінгі 500-жылы жария етті, сондай-ақ ол өсиеттерді көне үнді поэмасы «Махабхаратадан» да табуға болады. Алтын ереже астарындағы философия барлық дерлік діни топтардың негізі болып саналады.

Біздің бұл тізімімізге қарап, Исаның өзінге тән имандылық идеялары болмаған екен деуге бола ма? Жоқ, олай деуге болмайды!

«Не айтқанын естідіңіз бе: «Жақыныңды жақын тұт, жауыңды жек көр». Ал мен айтамын: «Жауыңды да жақын тұт, саған қарғыс айтқанға жақсылық жаса, сені жек көргенге ақ тілегіңді бағышта, сені ренжіткендер мен көкірегіңнен итергендер үшін дұға жаса...»

Енді ол жолдардың үстіндегі сөйлемге көз салыңыз: «Зұлымдықпен тартыспа... Егер сені оң жағыңнан шапалақпен тартып жіберсе, сол жағыңды тос...»

Исаның кезінде иудаизмнің принциптерінен, сондай-ақ басқа да діндерден табылмайтын бұл ақиқат жолдары сөзсіз, адамзат баласына бұрын-соңды айтылып көрмеген ең қадірлі, ең нұсқалы этикалық нормалар болып саналады. Егер де адамдар осы өсиеттерді бар жерде, барлық уақытта ұстанып жүрген болса, онда мен Исаны өзіміз жасақтаған тізімнің ең басына шығарған болар едім.

Бірақ ақиқатқа жүгінер болсақ, бұл өсиеттер кең түрде тарала қоймағаны былай тұрсын, тіпті оны көп жұрт қабылдамай тастады. Көптеген христиандар «Жауыңды жақын тұт» деген өсиетті әбден жетілген әлемде ғана орындалатын, қиялдағы идеал ретінде қабылдайды да, өзіміз өмір сүріп отырған шынайы өмірде оны пайымды басшылыққа алып отыру мүмкін емес деп ұғады. Біз оны күнделікті өмірде басшылыққа алмаймыз, басқалардан да ондай әрекет күтпейміз, балаларымызды да оған үйретпейміз. Сондықтан да Исаның ең қадірлі өсиеттері бізді соншалықты қызықтыра тұра, өмір талқысынан өтпеген тілек қалпында қалып келеді.

Аударған
Темірхан МЕДЕТБЕК

Аналар шүкір, аз дәріптеліп жатқан жоқ. Ал күні кеше ғана өмірден озған, кейбірін көзіміз көрген, кейбірін сырттай білген абзал аналарды елге таныту, өнегесін тарату жасыратыны жоқ, әлі қолға мықтап алынбауда. Қазақ ақын-жазушыларының, театр, кино қызметкерлерінің арасында аңызға айналған аналарымыз баршылық. Олар Әбіштің анасы – Айсәуле, Асанәлінің анасы – Тәжіхан, Асқардың анасы – Айтоты, Қайраттың анасы – Жаңылғаным, т. б. балаларының соңына еріп, балапандарын қанатының астында өсірген дала құстарындай ғұмыр кешті, сол еңбектерінің нәтижесінде перзенттерін арман асқарына шығарды. Кешегі соғыс кезінде ерлерін майданға аттандырып, өздері тылда егін еккен, мал баққан, Мұқағали жырлағандай, «Ұйықтамайтын тек қана көз ілетін, көзін ілсе ерине кезігетін» аналардың бір парасы осы жайсаңдар. Олар қазақ жерінің әр түпкірінен келсе де, Алматыдағы зиялы қауымның ортақ анасына, қария-қазынасына айналды. Сондай аналардың санатына жататын, бар ғұмырын, қызығын жалғыз ұлының жолына бағыштаған, сонымен бірге «студент» болып, «квартирант» болып күн кешкен, 98 жыл өмір сүрген менің анам Апақай туралы да сөз қозғамақпын.

Сәбит ОРАЗБАЕВ**ЖАҚЫНДА БІР ТҮС КӨРДІМ**

Түсімде анамды көрдім. Үстіндегі киімдері ақша бұлттай аппақ, бірақ аяғы жалаңаяқ. Мен сұрақ қояйын десем, қойғызбайды, маған қарап: «Мен Алматыға емес, келесі жылы (осы сөзін көзі тірісінде, бұрынырақта да айтқан болатын) алғашқы қар жауғанда тауға кетемін дегенмін. Аппақ болуым содан,» – деді де бұрылып кете берді.

Анамның аты – Апақай. Аппақ ай деген сөзден алынған ғой. Бар көргенім осы. Осылайша, түн ортасында шырты ұйқымнан оянып кеттім. Света:

– Не болды, терлеп кеттің ғой, – деді.

– Анамды көрдім. Анық көрдім. Аппақ торғындай еді, – дедім де, жүгіріп үстел басына барып, айтқан сөздерін жазып қойдым. Көп нәрсе есіме түсті. Анашым Алматыға келіп қанша қиындық көрсе де шыдады ғой. «Мен – көп қиындық көрген адаммын. Әкең Қоңырбай өмірге құштар, әзілге ұста, сөзге шешен адам еді. Ұжымшарда бригадир болды. Тоғыз құрақтан қалғаны – қызы Зерхан, кенжесі сен едің, балам. Айтпақшы ағаң Мырзабай мұғалім еді. Әскерден қайтып оралмады» деп отырушы еді.

Зерхан әпкем 96 жасында дүние салды. Маған «неменең жап-жас болып ауыра бересің» деп ылғи ұрсатын.

«ОРДЕННІҢ ҚҰДІРЕТІ...»

...Бірінші курсты бітіргесін демалысқа шығып, ауылға бардым. Апам екеуміз көп әңгімелестік.

– Осы демалыста үй-жайды, өзім еккен 40 гектар түп ақ терек, көк теректерді сатамыз да Алматыға көшеміз, – дедім.

– Қайда, қайда барамыз?

– Алматыға барамыз.

– Ол жақта қайда тұрамыз?

– Пәтер жалдаймыз.

Сонымен апам көнді. Алматыға көштік.

Апам:

– Мына кішігірім қазанды ала кете-

йік, — деп қоярда-қоймай қапшыққа салдырды. Қарабұлаққа, одан әрі Сайрамға ауылдың өгіз жеккен арбасымен жеттік. Ауыл кәдімгідей дүрлігіп, кейбір ағайындар көзіне жас алып, бізді шығарып салды.

Шіркін, жастық-ай, десеңші! Батырсың да батылсың-ау. Шынында түгіміз жоқ. Қайда тұратынымыз да белгісіз.

Пәтер іздеп Алматының талай қуысын шарладық. Бармаған жеріміз қалмады. Бір күні Мәдениет министрі Мүсілім Базарбаев шақырмағанда осылай жүре берер ме едік. Қысылып әрі қуанып барғаным есімде.

— Сәбит, Сүйеу шалдың бейнесін өте жақсы шығардың. Кірпияз Әбдіжәміл қуанып жүр. Мемлекеттік сыйлықты басың жас қой, ала жатарсың. Ержігітке

келі етті кезектен тыс беру керек, — дейді бәрі шулап.

Паша орденді көре сала етті тарта бастайды. Сонда апам оны тоқтатып:

— Әй, Паша, маған әдеттегідей 0,5-2 келі емес, 3 келі беруің керек. Бұл анау-мынау емес, «Еңбек Қызыл Ту» ордені, — дейді ғой. Ет сатушы тілге келмейді. Айтқанын тартып береді. Апам гастронормнан тура үйге қарай тартады. Жүрісі ширақ. Терезеден қарап тұрған Жанар:

— Оһо, әжем келе жатыр. Қолында комақты заты бар, — деді.

— Тез алдынан шық, көмектескін, — дедім. Әжесін алып келді. Аһілеп-үкілеп үйге кірді. Бір нәрсеге риза сияқты. Демін басқасын:

— Бұл орденнің аты жақсы, өзі

АПАЛАҚАМ



күдіретті екен, — деді. — Әншейінде қанша жалынсам да жанына жуытпайтын, сөзіме құлақ аспайтын Паша орденімді көргенде, алдымда құрдай жорғалады ғой. Міне, үш келі ет. Апарып мұздатқышқа салғын.

Етті әкелуін әкелді ғой. Бұдан былай кезекке тұрудан да құтылыпты. Бірақ орденді көрсетемін деп кеудесін ашып жүріп, содан суық тиіп, ауырып қалды.

«ЛЕНИНДІ ӨТЕ САБЫРЛЫ, САЛМАҚТЫ ЕКЕН ДЕСЕМ...»

Осылайша, Алматыдағы өміріміз жалғаса берді. Бізден кейін Асанәлінің, сосын Райымбектің аналары келіп, бір тайпа ел болдық. Аналарымыз бір-бірімен танысып, араласып-құраласып тұрды. Театрға бірге барып, спектакльдерді бірге көріп, өздерінше шат-шадыман болып жүрді.

Райымбек, Асанәлі және мен бірге жүріп, бірге тұрамыз. Бір-бірімізді бір сәт көрмей қалсақ, іздейтінбіз. Сондайда апам: «Ой, шіркіндердің татуын-ай, қатын алған соң көремін сендерді», — дейтін еді. Үйленгеннен кейін әрқайсымыз өз басымызбен кеттік қой. Әрқайсымыздың өз тіршілігіміз болды. Апамның айтқаны түп-тура келді.

Бір жолы «Ленин 1918 жылы» деген қойылымнан үйге қайтып келе жатқанбыз. Жолдас жігіттердің бірі:

— Қалай апа, Ленин көсемді көрдіңіз бе? — деп сұрады.

— Мен ол кісіні өте сабырлы екен десем, қолын шошандатып қалған сабырсыздау адам екен ғой, — дегені. Троллейбустағы жұрттың бәрі күлді. Апама қарап «ақырын-ақырын» дегеніме қарамастан:

— Шынында да, «Ленин деген керемет салмақты да саңлақ кісі екен ғой» деп ойлап едім. Мына көргеніме көңілім толмай отыр, — деп ойын тағы да жасырмай айтып салды. Лениннің рөлін Мүлік Сүртібаев сомдаған болатын. Ол «Қыз бен жігіт» фильміндегі Аңғарбайды ойнағандықтан өзі де солай аталып кетіп еді.

АНАМ АЛАПАТ ҚАРУЛЫ ЕДІ

Қимылы шалт, анау-мынау ер кісіден қауқарлы еді. Бірде, мен ол кезде 13-14 жаста шығармын, кезегіміз бойынша есік алдындағы бақшаны суаратын болдық.

Су қат. Жетіспейді. Кезегің келгенде күн-түн демей суғарып алу керек. Кешкі тамақтан кейін жұмысқа кірістік. Ә дегенде су жақсы ағып келіп жатты бақшаға. Сосын бірте-бірте қарқыны бәсеңдеп, ағысы азайды. Түннің біруағы болды, суғарып бітетін емеспіз. Анам әрі-бері жүгіріп арықтың бірін бекітіп, екіншісін ашып жүрген. Кенет «Бұл кім ей?!» деген анамның қатқыл даусы шықты. Солай қарай жүгіріп мен де бардым. Еңгезердей бір кісіні апам жағадан алып, жапқа атып ұрды. Біраз суға басын батырып ұстап тұрды да: «Оңбаған, неге су ұрлап, менің сағамды жабасың? Мені қорғаушысы жоқ деп қорсынғаның ба бұл? Менің ерім қан майданда жаумен шайқасып жүр, сен сияқты қашқын емес. Мықты болсаң, күшінді фашистерге көрсетпейсің бе?! Сен сияқты сүмелектерге басындыратын мен емес, жоғал әрмен!» — деп жағаға сүйреп тастады. Апамның күшіне қайран қалдым. Әлгі айкайдан көршілер де оянып, жиналып қалды. Араша түсіп, апамды әзер тоқтатты. Еңгезердей су ұрлағыш сол күйі алды-артына қарамастан тайып отырды. Кейін ауылдан біржола көшіп кетті деп естідік. Сол жылы суға қанған біздің бақшамыз керемет өнім берді. Менің құшағым әзер жететін асқабақ пен собығы құлаш келетін жүгерінің астында қалдық...

«АБАЙДЫ ҰРҒАНЫ НЕСІ? ҚОЛЫ СЫҢҒЫРЛАР...»

Апам тағы бірде Әзірбайжан Мәмбетовтің сахналауында «Абай» спектаклін көрді. Осы қойылымда Райымбек — Әбдірахманды, Асанәлі — Айдарды, мен — Мағауияны ойнадым. Қойылым біткесін: «Қалай болды, апа?» — деп сұраймыз ғой.

— Бәрі де дұрыс қой, бірақ Абайды ұрғаны несі. Абайды ұрып-сабағанда жаным түршікті. Жүрегім қатты езілді. Қолы сынғырлар аямады ғой, тіпті. Басынан аққан қан бетін жауып кетті, — деді күйзеле сөйлеп.

Оразбайдың жігіттері ұрғанда Абай «Ох! Ох!» дейтін (*дайындық кезінде*). Ондайда режиссер Мәмбетов:

— Әй, Мүлік, сенің «Ох! Ох!» дегенің орысша болып тұр. Ол Абайға жараспайды. Сенің басына надандықтың дүлей шоқпары тиді. Үніңді шығармай-ақ, іштей күйзелші, — дейтін. Бірақ үндемеуге Мүлік Сүртібаевтің шамасы келмеді. Сол шығарған дыбыс сырттан көріп отырғанға қатты әсер етеді екен. Өйткені Абайды сабап, Абай «аһылап, үһілеп» жатыр. Оған Абайды сүйетін көрермен қалай шыдасын. Осындай боларын алдын-ала сезген соң ғой данышпан Мәмбетовтің дайындық кезінде ескертіп жүргені.

«ІШКЕННІҢ «КӨКЕСІН» ЕНДІ КӨРЕСІҢДЕР...»

Калинин мен Мұқан Төлебаев көшелерінің қиылысындағы үйдің үшінші қабатында Мәдениет министрі Мүсілім Базарбаев берген үш бөлмелі пәтерде тұрып жаттық. Астымызда темір жол қызметкерінің отбасы тұрады екен. Ол үйде де жасы біздің апам қатарлы қара кемпір бар көрінеді. Бірақ менің анам аппақ болатын. Қарсымызда тұратын — орман шаруашылығының министрі болған зейнеткер қарияның отбасы. Ең қызығы, астымызда тұратын қара кемпір: «Бұрынғы тұрған көршіні ұнатпайтын едіңдер, енді оның пәтеріне әртіс келе жатыр. Арақ ішудің көкесін көрсетеді сендерге» деп әңгіме таратыпты.

Үйді жөндеуден өткіздік. Енді бір-жола көшіп келуге бекініп азын-аулақ

заттарымызды көтеріп келе жатқанбыз. Екінші қабаттағы көршілер бізді көре сала есіктерін бірінен соң бірі тарс-тарс жауып жатты. Құдды бір құбыжық көрген сияқты. Түкке түсінбедік. Үшінші қабаттағы қарсы бөлмедегі орман шаруашылығы министрі болған кісінің отбасы амандасып, аздап жөн сұрасты.

Сонымен, көшіп, орнығып алдық. Менің анам үйге келген еттерді іріктеп, сыбаға-сыбаға етіп бөліп жатады. Тарсылдаған дауысты естіген астымыздағы пәтердегі қара кемпір жүгіріп келіп есікті қағып, айкайды салады ғой. Апам қолында кішкентай балтасы бар, есікті ашады да:

— Оу, көрші, не болды сонша бақырып, неменеге айкайлайсың? — дейді.

— Сен немене қолыңдағы балтамен тарсылдатып әбден мазамызды аласың? Бұл саған ауыл емес, бұл — қала! Бұлай тарсылдатуға бұл жерде болмайды, — дейді қара кемпір қалш-қалш етіп.

— Е, болмаса, енді болады. Тіпті жиі болып тұрады енді. Әйтпесе, ет бұзылып кетеді, — дейді апам да қайтпай. Сөйтеді де: — Тұр, былай, кет алдымнан! — деп балтасын әнтек көтереді. Осы сәтте қара кемпір:

— Ойбай, өлтірді мені, өлтірді! Қолыңда балтасы бар. Мына әртістің шешесі озбыр екен, — деп бақырған күйі үйіне тұра қашыпты.

Сол айкай-шудан кейін қайта танысып, қалыпқа түсе бастадық. Көршілердің бәрі жылышырай танытып, амандаса бастады. Анам көршілердің бірін қалдырмай шақырып, ет асып, шай берді. Бірақ өздерін де аяған жоқ. Пышақсыз, мақтамен бауыздады.

— Сендер өздерің қай жақтың қазағысындар, жөн-жосықты неге білмейсіңдер? Қазақы дәстүр былай тұрсын, тіпті амандық-саулықтан мақұрымсындар, — деп біраз жерге апарды.

Темір жолда істейтін отбасы — Қызылорданыкі, орман шаруашылығында істеген — Арқаныкі болып шықты. Қалғандары Түркістан, Жанарқа жақтан келген екен. Тамақ үстінде апам:

— Ұят емес пе бұларың? Ешқандай қазақы қылықтарың жоқ. «Оу, қош келдіңдер!» деп бір ауыз сөз айтуға жарамадыңдар ғой. Қамшының сабындай қысқа өмірде сыйласқаннан артығы жоқ, — деді. Осылайша, көршілердің бәрінің бетін бері қаратты. Аяғы жақсы болды. Тату-тәтті өмір сүрдік.

«ОЛ ЕМЕС, МЕН ҒОЙ ТАСТАП КЕТКЕН...»

Анам Апақай тұмауратып қалып, Сәбира мен Фарида Шәріпова көңілін сұрап үйге келді. Апам қатты қуанды. Сәбираның сахнадғы ойынын қатты ұнататын. Міндетті түрде театрға барып көретін. Өз аяғымен келген сүйікті актрисасын біразға дейін құшағынан жібермей тұрды.

— Ой, мен сенің әр сомдаған рөліңді жібермеймін. Қатты беріліп кететінім сонша, театрдан үйге келгесін екі-үш күн ауырып қаламын. Нағыз талантсың ғой, аман бол. Бағың жана берсін, — деп қолынан қос қолдап ұстап тұрды да: — Әй, сенің қолың ыстық қой, неғып күйеуің тастап кетіп жүр? — демесі бар ма. Біз қысылып төмен қарадық. Апамның ойында дәнене жоқ, жауабын тосып тұр. Анау-мынауға дес беретін Майханова ма, қолың өзіне қарай тартып алды да:

— Апа-ау, ол емес, мен ғой тастап кеткен... — деді.

(Басы 1-бетте)

Сәбең – алуан тағдырлы, сан қырлы өнер иесі. Сахна мен экранда 200-ден астам кейіпкер кескіндеп, отыздан асқан жасында аса күрделі психологиялық образ – Сүйеу қарттың бейнесімен құбылыс жасап, менменшіл Мәскеу маркастарының мысын басты. Алла бұл кісінің бір басына бірнеше өнер берген. Актерлігінің қос қанатындай әншілігі, термешілігі, жыршылығы әлі зерттеушісі түрен сала қоймаған, ашылмай жатқан бір арал. Жұртқа танымал бірнеше әннің авторы. Қарапайымдылығы ғой, осы күнде біреулер бір ән жазса, жер-көкке сыймай төбенді ойып жібере жаздайды, ал мұның өзін ол қалыпты жағдай ретінде қабылдайды. Оның сыртында ұзақ дастан, жырларды («Саурық батыр», «Сүйінбайдың батасы», «Төле бидің толғауы», т.б) одан әрмен жауһарға айналдырып, өз жанынан қосатын ғажап сарындардың рухани қуаты қандай десенші! Ертеректе Ташкент жақта бір ақсақалдың аузынан жазып алған «Төле бидің өсиетіне» шығарған мақамы бүгінде халық туындысына айналып кетті. «Сүйінбайдың батасын» бұл кісідей айтатын жанды әзірге жолықтырмадым. Ісмерлігін айтсаңызшы. Фото суретшілігінің өзі бүтін бір бекзат. Алпыс алты жыл ғұмырын берген әкемтеатр мұражайындағы сарғайған суреттерде де Сәбеңнің қолтаңбасы сөйлеп тұр.


Сәбең – шежіре, қазына. Кешегі қасиетті қара шалдардың Ар академиясын бітірген санаулы саңлақтың бірі. Сол «самородок-сары алтындардан» қалған үздік үрдіске, рухани мұратқа адалдықтың нәзира үлгісін ұстанған ұстындардың арқасында әкемтеатр әлі күнге өзінің тектілік тұғырынан түскен емес. Ұлы үрдіс, сара сабақтастық талантты шоғырмен жалғасып жатыр.



«Алматы ақшамында» «Ақшамның» кітапханасы» айдарымен Қ.Бадыров, А.Әшімұлы, Е.Обаевтардың әңгімесін жариялағанымыз күні кеше. Сол қатарда «Жаксыдан сөз қалсын» рубрикасымен Сәбит Оразбайдың әңгімелерін белгілі ақын, газет тілшісі Сәрсенбек Бекмұратұлы жазып алып, әр сенбі сайын жарияға шығып тұрды. Бұл баянның тартымды болғаны сонша, оқырмандардан «Сенбіні күтпей-ақ, әр нөмірге неге бермейсіздер?» деген өтініш түсе бастады. Газет бетінде мұғдары екі жылдай жүрген әңгімелер «Өмірдің өзі – театр», «Тазарғын келсе, театрға бар» деген атаумен кітап болып шықты. Әкемтеатрда өткен тұсаукесердің тізгінін Әшірбек Сығай

ұстап, дүркіреп өтті. Айтпағым, сол жылдардағы газет жобаларының жұрт көңілінен шығып, ұлт өнербаянына қосқан өлшеусіз үлесі. Әрине, аталған еңбектердегі ұлт руханияты және оның қайта тумас тұлғаларының қызық та қиын тағдыры туралы толғаныстар өз алдына, Сәбеңнің анасы Апақай (*Апақай ай*) жөніндегі әңгімелері оқырмандарды айрықша қызықтырды.

СӘБЕ. СҮЙЕУ. СМОКТУНОВСКИЙ




Қысқасы, Шәкен Айманов қайтыс болған жылы туған балалар алып Айманов туралы «естелік» айта бастаған тұста бастап кеткен жобамыздың өзін-өзі ақтағанына бек қуанышты едік. Соның ішінде Сәбеңнің «Апақайы» шыққан күні редакция телефонына тыным болмайтын. Оқырманның да түр-түрі бар. Әркімнің танымы, талғам-түсінігі бөлек. Тіпті ана туралы жазбалар көбейе бастады. Оның бірнешеуін жарияладық та. Сәбеңнің өзіне

хабарласып жатқандар да нөпір.

Шебердің аты – шебер. Шертпе күй шерткендей шертіп айтады ғой әңгімені. Әңгіме шынайы болғанда, оған шеберлік, шешендік қосылғанда шедевр шығатынына шүбә бар ма!? Бүгінде «Қарағым, шырағым, алтыным» деген алтын сөздер азайып тұрған заманда мұндай туындылардың газет бетінен орын алуының кісіні де бір адами бақытқа бөлері өз алдына, сол олқылықтың орнын он есе толтыратыны сөзсіз. Біз оқырмандар тарапынан соны шын сезіндік. Сол оқырманның бірі, бірі емес-ау, ірісі Әбе, Әбдіжәміл Нұрпейісовтің осыдан елу жыл бұрын Сүйеу қартқа сүйінгеніндей, «Әй, мына баланың «Апақайы»

мені баурап барады. Бұл өзі керемет кісі болып шықты. Қандай шешен, тіпті батыр адам. Ана баласын сүйсе, осылай сүйеу керек. Әңгімені қалай шебер айтады. Байқағаным, екеуі бір-бірін толықтырып, ғажап өмір сүріпті. Мынау, қарағым-ау, ана туралы жыр ғой», – дегені бар еді. Бұл жазбаның бір ерекшелігі – Сәбең мұнда өз анасымен қоса, халқымыздың аяулысына



айналған ардақты аналарымыз туралы да қызықты, тартымды толғаныстарды қатар өрбітеді (*бүгінгі нөмірге де сол «Апақайдан» үзінділер ұсынып отырмыз*).

«Қай рольді алсаң да өлтірмей жібермейсің ғой» деп, Әшірбек Сығайдың Асанәлі Әшімовке айтқанындай, бұлардың қай-қайсысы да (*Әнуар, Есболған, Фарид...*) сондай еді. Сәбең де сонау Эдип патша, Достоевскийден бермен жақсыны да, баксыны да, жаманды да, жәуікті де жеріне жеткізіп ойнады. Соның ішінде Ә.Мәмбетов сахналаған Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен теріндегі» Сүйеу қарттың бейнесі әлі күнге көз алдымызда тұрады. Сүйеудің жұрт жадында бірден ұялап қалуының бір сыры – әркім одан өз атасының, әкесінің болмысын, өрістетіп айтқанда, ұлттың мінезін көрді. Көрермен ұлт мінезін сағынғанда театрға, Сүйеу қартқа асығатын жағдайға жетті. Әзелден, Тургенев заманынан бері әдебиетте «әкелер мен балалар» тақырыбы назардан түскен емес. Еламаннның «Баламды қалада оқытамын» дегеніне «Ал, оқыт, тар шалбар кисін, түрегеп тұрып сисін, саған бұл иман бере ме?» деп сахнаға үш мәрте ғана шығатын Сүйеудің сөзін Сәбең жеткізгенде дүр сілкінбеуші ме едік.

– Менің Сүйеу қартқа келуімнің өзі бір хикая, – дейді Сәбең. – Бұл роль әу баста Елағана тапсырылған. Ол кісі ауырып қалып, маған ұсыныс түскенде зәре-құтым қалмады. Отыздың о жақ, бұ жағындағы жаспын ғой. Елаған жуық арада келетін түрі жоқ. Репетиция кейінге қала берді. Бірде Әзекен маған ұсыныс жасады. Мен жөнінде жұбайы Ғазиза Жұбанова айтқан екен. Бұл бір өзі аса зиялы, дарынды адам еді ғой.

Әзекен менің көне қоймайтынымды, жүрексініп жүргенімді сезді. Өзінің зілі жоқ «идиот» деген сөзі бар еді. Бір күні түнгі үште телефон шалып, сол «идиоттына» басып, біраз намысыма тиіп сөйледі. Сөйтіп, келісім бердім. Бірақ оңай болған жоқ. Көк базарға дейін барып, насыбай ататын шалдармен сұхбат құрып, характер, әрекет іздеген кезім көп болды. Жүдегенім соншалық, біртіндеп Сүйеудің бейнесіне кіре бердім. Ақыр соңы бұл роль одақ көлеміндегі басылымдарда құбылыс ретінде бағаланып, дүркін-дүркін жазылды. Әуелде көп күдіктенген Нұрпейісовтің де қабылдауы бір жаңалық болды.

Бірде Сәбеңнің Қаллекидің Абызына орыстардың жылағанының жайын білмек болып, Токпановқа тосын сауал қойғаны бар. Сонда Асекең: «Әй, солар түсініп жылады ғой дейсің бе? Бұл ұлы өнердің, таланттың құдіреті ғой», – дейді. Сол орыстарыңыздың Сүйеуге дейін қазақ актерлерін мойындағаны бірлі-жарым еді. Орыс театрының тұлғалы теоретигінің бірі Николай Абалкин Мәскеуге сапары кезінде Сүйеуді ойнаған актерге қойылымнан соң арнайы ілтипат білдірмекші болып, оны аға буын артистер ішінен іздейді. Алайда Сәбит Оразбаевтың әлі де қырыққа келе қоймаған жігіт екенін білген соң, таңданбасқа шарасы қалмаған.

Ал енді атақты Иннокентий Смоктуновскийдің (*Смоктунович*) Сүйеуге сүйсінуі тіптен сұрапыл еді. Дүние жүзінде Гамлетті ойнаған актерлердің бәрін Лондонға шақырғанда ерекше құрмет көрсетілген Смоктуновский ғой. Сәбең сол күндердің бір сәтін былай еске алады.

«Тағы бірде Мәскеуге гастрольмен бардык. «Қан мен терді» қойдык. Мен Сүйеу қартты ойнадым. Орталықтың бірқатар танымал кино, театр актерлері келді. Иннокентий Смоктуновский бастан-аяқ қатысып, ынта қойып көрді. Спектакль аяқталған соң ризашылығын білдіріп, қолымды алды. Бұл оның дүркіреп тұрған кезі. «Шалдың образын жас бола тұра өте керемет ойнады. Сенімді шығарды. Ешкімге ұқсамайды. Даланың данасы. Мұндай данышпандар ұлы далада ғана туса керек. Соны Сәбит Қоңырбайұлы дәлелдеді. Жарайсың, старик», – деді. Әзірбайжан атақты актердің шәкіртін құттықтағанын көріп, арқаланып кетті. Кейіннен деректі фильмде: «Бұл актер маған ұнады. Теренірек білгім келеді. Әсіресе мына шалдың бейнесін классикалық үлгіде сомдады», – деп сөйледі.

Мәскеуге жиі баратын Сәбең өнер адамдарымен жиі араласып тұрады. Соның ішінде шовинизм сырқатына шалдықпаған, өте қарапайым, таза адам Смоктуновскиймен айрықша сыйлас, сырлас болды. Сол қарапайымдылығы ғой, жөні түзу пәтері болмапты. Тек 69 жасында, өмірден озарынан сәл бұрын Мәскеудің ортасындағы Кутузов даңғылынан төрт бөлмелі пәтер бұйырыпты. Анда-санда Сәбең телефон шалып: «Старик, қалайсың?» – деп ұзақ сөйлесіп, қонаққа да шақырады екен. Орыстың (*бір деректерде поляк, жөйіт деп те жүр*) ұлы актері қазақтың біртуар актері туралы осылайша тарих парағына өзінің өлмейтұғын сөзін жазып кетті.

Қошан МҰСТАФАҰЛЫ,

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
«Құрмет» орденінің иегері

Әр өңірдің өнерпаздарын әнге, күйге, көркем өнерге баулитын елі, жері сұлу табиғаты бар екені белгілі. Қазақ ықылым заманнан бері өзінің батыры, ақыны мен әнші-жыршы, би-шешендерін айрықша құрметтеп, өз иелерін қасиет тұтып, елінің құты санаған.

Көне тарихтың құпиясы мен күреңіткен күндерін бауырына бүркеп, құзар шындарын ғасырлар қашап таңбасын басқан, арманы шексіз, қиялы түпсіз, етегінің бір шетін көтерсең-ақ ықылым заманның небір шежірелерінен сыр шертіп, тарихы толғатқалы тұрған, алыстан қарағанда соқпақ желге шайқалып, сағымға оранғандай болып көрінетін шөккен кара нардай киелі қарт Қаратау. Оңтүстік өңірін Орталық Қаратау, биік Мыңжылқы, теріскей жағы Созақ, күнгей жағы Түркістан, мына жағы Шымкент, Жаңақорғанның ортасы бар тұтас Қаратау өнер мектебіне жатқызуға болар еді. Қазақтың көне жыры Алпамыстың өзін осы Оңтүстік Қазақстанда оңға тарта жыршы орындаған. Кентауда Желеу, Шаянда Айнабек, Созақта Тайбек, Сұлтанбек Аққожаевтар. Алпамыстың бір нұсқасын шығарып жырлаған Жамбылдың ұстазы атақты Майкөт ақын.

Осындай ұлы өнер қаймақтары ғұмыр кешкен өңірде Оразбай Сәбит Қоңырбайұлы өмірге келеді. Ата-анасының кенжесі екен. Әкесі Сәбиттің үш жасында өмірден өтіп, үлкені Мырзабай соғысқа аттанып, хабарсыз кетеді. Ортаншысы Зерхан әнші атанған, анасы Апақай да өзіне жарасатын әдемі дауысы бар, әнші адам болыпты. Бала Сәбит өздері бір-бір театр болған Көлбай, Төлеген молда, екі көзі өз гармоншы Нәби дейтін жыраулар ауылына келіп, Қобыланды, Алпамыс, Зарқұм жыр-дастандарды орындағанда үлкендермен қосылып, таңға ұйықтамай тындап отырады екен. Әбдіқадір дейтін ағасына қосылып домбыра тартып жүргенін байқаған анасы Қарабұлақ дейтін базардан фанерден жасалған шағын домбыра әкеп беріп, бала Сәбит Аққұм, Жылқышы Қалқанын әнін, т.б. әндерді мектеп қабырғасында айтып жүргеніне мәз болып қатты қуаныпты. Бөлтай жырау, Мәді дейтін әнші, өз ағасы Әбдіқадірлерден Жамбылдың Күләшка, сонан кейін Айкүміспен айтысы, т.б. философиялық толғауларын есітіп, дүниеге дейтін көзқарасы өзгеріп, соларды жаттап айтып, ән-жыр бала Сәбиттің сүйегіне сіңе береді.

Мектепті тамамдап Алматыға оқуға барамын дегенінде, «Алматы алыс қой, Шымкентте я болмаса мына Қапқанбекте малдәрігерлік училище бар еді, соған түс деп» ағайындары жібергісі келмейді. Бойында өрлік пен ерлік қасиеті бар Сәбит, Алматы малдәрігерлік институтына келіп түседі. Өнерге жаны жақын болғасын өнер институтына келгіштеп жүріп Асқар Токпановқа кезігіп қалады да, сонда барғысы келеді. Малдәрігерлік институтының ректоры, «Әй, шырағым, сен қой онында, мұнан үлкен мамандық аласың, елге абыройлы боласың. Өнер деген бірде бар, бірде жоқ», — деп құжаттарын бергізбей қояды. Асқар Токпанов барып: «Көп болса бір мал дәрігері кем болар», — деп босаттырып, емтихан алып оқуға қабылдайды. Алдында әншілер даярлайтын факультетке түсіп, кейіннен театр факультетіне ауысады. Осылай Сәбит Қоңырбайұлы үлкен өнердің сара жол, күрделі даңғылына түседі.

Төле бидің өсиетін, Бөлтірік, Қылышбайдың шешендік сөздерін, Майкөт, Құлыншақ, Майлықожа, Молдамұса, Сұлтанбектің жырларын тындап, Күдерікожа мен Ұлбикенің айтыстарынан сусындаған жас Сәбит театрда актер

бола жүріп, Қазақстан ұлттық арнасына келіп біраз уақыт «Толғау» дейтін хабар жүргізеді. Қымызхана бағдарламасына Шөңгебайдың рөліне түсіп, көрерменді ән, толғау, жырға қарық қылады.

*Көңілімде жүргені-ай бір қауіптің,
Сабағындай шырмайды шырмауықтың.
Үмітпенен, арманменен, күдікпенен,
Өтіп жатыр зымырап зырлауық күн.
Анам менің иіліп бара жатыр,
Шіркін ай келмесе екен нала «батыр».
Жел маған сыбырлайды аяра оқып:
«Бір күні айрыласың, қара да тұр» —* деп келетін анасына арнаған, Мұқағалидың сөзіне жазылған «Анама» толғауы елдің есінде болар.

Келе-келе профессор Мырзтай Жолдасбеков екеуі ұлттық арнадан Сүйінбай,

тілінен нұр, таңдайынан жыр сорғалаған Сәбит Қоңырбайұлының орындауында күйтабаққа жаздырады. Бұл құбылыс еді.

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының ұстазы, этномызыкатанушы ғалым, философия докторы Айжан Рахманқұлқызынан Сәбит жыраудың тұлғалық қасиеті, орындаушылық шеберлігі жөнінде сұраған едім:

«Белгілі театр және кино қайраткері Сәбит Оразбаевтың шығармашылығы көп қырлылығымен ерекшеленеді. Ұлттық музыкалық дәстүрлерді дәріптеушілер үшін Сәбит Оразбаев домбырашы, жыршы, ақын, сазгер ретінде белгілі, яғни Оразбаев — өткен ғасырлардағы дәстүр жасаушылар секілді бабалардан келе жатқан мұраны насихаттап, өз жанынан

отырып, әуендерді ары қарай дамытқан биік өнерпаз».

Сәбит аға жыр пырағына мінгенде Ніл дарияның көбесіндей сөгіліп, тарыдай шашылған қазақтардың тағдыры жайлы жан жүрегіңізді тебіртететін сөзі мен мақамын өзі жазған:

*Ел жұртым қайда жүрсем сағынамын,
Жер ұйық қасиетіңе табынамын.
Өзіңнен ерте кезде адасып ем,
Қай күні көремін деп зарығамын.
Жат елде қасіретті салды басқа,
Сені ойласам толады, көзім жасқа.
Қарайтын қабағыңа бір адам жоқ,
Басыңды соқсаң-дағы тау мен тасқа, —* деп келетін «Аңсау» толғауын тындағанда көзіңізге еріксіз жас келеді.

Ертеректе Сәбит Қоңырбайұлы жайлы

СӘБИТ ЖЫРАУ

Жамбыл, Кенен ақындардың ән-жырларын елге дәріптейді. Сәбен Сәкен Сейфуллиннің «Ақсақ киік» поэмасына, Мұқағали Мақатаевтың «Туған күн», «Токта ботам, атаң келеді (і) артында», т.б. өз ән толғауларының мақам сазын өзі жазып, өзі орындап халыққа насихаттайды.

Театрда М. Әуезовтің «Қарагөз» атты спектаклінде Дулаттың рөлін ойнап, Дулаттың әнін орындап көрерменді тәнті етеді.

«Абылай ханның соңғы күндері» спектаклінде «Төле бидің толғауын», Бұқардың «Абылайға мадақ жырын», «Абылаймен қоштасу» толғауын орындап, көрерменді күнірентеді.

КСРО халық артисі, КСРО мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, өнер қайраткері, Иннокентий Смоктуновский кезінде Сәбендей саңлақтың талантына риза боп, бас иіп тұрып былай депті:

«Ғажап әртіс, әртіс болғанда да, ұлттың рухын көтеретін, тіптен қазіргі уақыттың ағымына терең бойлап, оның нәзіктілігі мен өз халқының мінез-құлқын сипаттай алатын әртіс. Мұны мен оның керемет ұлтжандылығы мен актерлік мәдениеті деп бағалар едім. Осындай сахна шеберлері барына қуанамын. Олар бізді ойландырады, тіптен толғандырады. Сәбит Оразбаевтың сахнадағы өнерін көрген көрермен өз ойымен оның талантына, іскерлігіне, әлемдік көзқарасына, сонымен қатар оның өзіне сенімділігіне тәнті болып, жоғары көңіл күйде қайтады деп ойлаймын!»

Ауыз әдебиетіндегі қазақтың жыр асылдары нағыз поэзияның алтын қазығы, ескіrmес мұрасы «Алпамыс», «Қыз Жібек», «Ер Тарғын», «Камбар батыр», «Айман—Шолпан», «Өтеген батыр» жырлары дейтін болсақ, Сәбит жырау осылардың біразын ұрпаққа жеткізіп, кейбірін күйтабаққа да түсірді.

Төрт аяғын ақаусыз басып, сулығын шайнаған дүлдүлдей дүбірі даланың сауырын тіліп, аузынан маржан шашқан Сәбит жыраудың орындауында Сүйінбай мен қырғыз ақыны Қатағанның айтысы үлкен драма. Ал жыр алыбы Жамбылдың «Өтеген батыр» дастаны Сәбиттің перне басқан сиқырлы саусақтарынан көтерілген дыбысы мен сұлу дауысының үндесуі классиканың шыңы десе болғандай.

Қазығұрт өңірінің түлегі, театр төрінің ақтангері Сәбит ағаның ақ иық қырандай биік тұғырға қонуына әншілік, жыршылық өнерінің бастау болғаны анық. 1969–70 жылдары XIX ғасырда ғұмыр кешіп, талай ақын, жыраулардың тіліне тиек болған «Айман-Шолпан» ғашықтық дастанын академик Рахманқұл Бердібай Аспан тауының құлансауыр, ақ атан қойтастарында балалық шағын өткізген, тектілігі тәкәппар жыраулық өнердің кер тұғырына бұт артқан, сөйлесе



ән мен жыр шығарып, оны өзі орындап, домбырамен өзі сүйемелдейтін синкретті типтегі өнерпаз. Сәбит Оразбаевтың осы бағыттағы шығармашылығына өскен жері мен тәлім-тәрбие алған ортасының рөлі зор болған. Анасы Апақай әнші, айтыскер, ал нағашы ағасы Топаштың ән, күй және жырға жақын болғанын білуге болады. Сәбит Оразбаевтың жыршылық өнерге құштарлығын оятқан кісі Төлеген молда деген жырау сағаттап Қамбар батыр, Алпамыс, діни дастан Зарқұмды жырлаған. 1970-жылдардың басында грампластинкаға жазылып алынған «Айман — Шолпан» жырында, Сәбит Оразбаев сол дастанның мазмұнын еліміздің әр түрлі аймақтарына тән мақамдармен орындаған. Бұдан бұл өнерпаз өскен Оңтүстік Қазақстан еліне 1930–40 жылдары қандай өңірлердің мақамдары таныс болғанын байқауға болады және олардың көбі сол облыспен шекаралас аймақтардың мақамдары болды. «Айман — Шолпан» жырының ішінде Сыр бойына кең тараған Нартай Бекежановтың ән сарындарын, жергілікті жерде қайым айтыста қолданылған әуендер, Арқада айтылған музыкалық речитативтер, тіпті Қармақшы жыр мектебінің мақамдары да бар. XX ғасырдың екінші жартысында консерваторияда актерлік білім алған азамат ретінде Сәбит аға «Айман — Шолпанға» өз жанынан шыққан сол кездегі заманауи музыкалық иірімдерді де қолданған. Сәбит Оразбаевтың орындауындағы «Төле бидің толғауы», «Ағайын жат болады, алыс болса», т.б. толғауларына шығарған мақамдары, әуендік иірімдері домбыра қағыстарының ырғағы бойынша, Жетісудың Оңтүстік батысында кең тараған Сүйінбай, Жамбыл, Кенен дәстүрлерінің жалғасы ретінде шыққан. Сонымен қатар Сәбит Оразбаев — сол дәстүрлерге сүйене

радиодан «Сыр сандық екен кеудесі» деп аталатын хабар жасағанымда, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері, белгілі жыршы, профессор Алмас Алматов ағамызға былай деп баға берген еді: «Намыстың күші нарға сын, өлшенер тартқан жүгімен» дейді. Міне, кара нардай арқасын тосып осы өнердің сақталып қалуына бірден-бір жанқиярлықпен рухани азаткерлік тұрғыдан саналы түрде келген Сәбит Оразбаев ағамыз деймін. Сондықтан да біз өнерде осы кезде қаншалықты марапат пен абыройға кенеліп жүрсек, алдымыздағы ағалардың арқасында жеттік. Бұны естен шығаруға бормады. Демек, бізге бұл кісі — рухани ұстаз. Ал жыршылық-жыраулық өнердің қай маңайына келеді деген уақытында, жырау кім, жырау — синкретті кәсіби дара тұлғалық өнер шоғыры. Олай болатын болса Сәбит ағамыздың бойындағы өнердің синкретизмі өте мол. Біз бұл деңгейге жете алған жоқпыз. Әлем классикалық өнерінің бүкіл тайқазанынан сусындап ішкен, сахналық өнердің XX ғасыр майталманы. Ол кісі сан мыңдаған жолдар эпостық шығарманың, жырлардың рухани кеңістіктерге шығуының бірден-бір бастауында тұрған адам болса ол жырау болмай кім болады. Меніңше, жырау — өз дәуірінің рухани ағартушылық, жетекшілік факторына еге болған тұлға. Олай болса, мен, Сәбит ағайды сондай деңгейде танымын».

1000 жылдық тарих, 100 жылдық өркеніетке сексен жылға таяу уақытын сарп еткен Сәбен, өзінен бұрын өткен ақсүйек өнер тұлғаларының жиынтық бейнелерінен, Жетісу, Қаратау өңірінің жыр нұсқаларының түпнұсқасын жасап, ұрпағына аманаттаған қайраткер. Токсан жасыңыз құтты болсын, жақсы аға!



Мағзом Сүндетов 1936 жылы 29 қаңтарда Атырау облысы, Доссор өңірінде мұнайшылар отбасында дүниеге келді. Биыл туғанына 90 жыл толып отыр. Ол әкесінен тоғыз жасында айырылып, нағашыларының қамқорлығында өседі. Оқушы кезінен көркем әңгімелерді айтуға және жазуға жаны құштар болған. 1954 жылы орта мектепті бітіріп, Алматыға аттанған талабы зор ынталы жас Қазақ мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, филология факультетінің журналистика бөлімін тамамдаған. Ол оқи жүріп «Жазушы» баспасында кіші редактор болып қызмет атқарған. Жас қаламгер әдеби ортада қызмет ете жүріп, өзінің талантымен танылды. «Моладағы сыр» атты алғашқы әңгімесі «Пионер» журналында жарияланғаннан бастап ол біржола жазу өнеріне бет бұрған. «Жол айырығы» атты тұңғыш әңгімелер жинағы 1961 жылы жарық көрді. Жазушының көптеген туындылары неміс, чех, венгер, югослав, тағы да басқа шет ел тілдеріне аударылды. 1965 жылы шыққан «Күтем сені Дидар» атты повесін жұртшылық жылы қабылдады. Ал «Ескексіз қайық» атты романынан үзінді «Қазақ әдебиеті», «Лениншіл жас», «Жұлдыз» журналында басылып, кейін жеке кітап болып шықты. Жазушы қаламынан туған «Үзеңгі жолдас», «Құмдағы ауыл», «Бес қонақ» атты повестері мен әңгімелер жинағы оқырмандар тарапынан айырықша бағасын алды. Жазушының шығармалары қарапайым, ол теңдікті емес кеңдікті, кісәпірлікті емес, кісілікті, мүсәпірлікті емес мейірімділікті, асылықты емес, жақсылықты жазды. Оны сұлу сөзбен суреттеді.

Салт атты екеу сары жоннан ақ тақыр аңдау жолға кеп түскенде, бетті қарыған алаптай дала күні жиекке құлаған еді. Шұбарала теңіз толқынындай жалқау көленке әлсін-әлі жасыл ойпат үстімен ақырын сырғып жатыр. Ұлы сәскенің тыншу, қапырығы қайтып, қоңыр самал мен тыныс кенітер жусан иісі жұпар атып қоя берді.

Ақ іркіт жиектен жетім мола қылаңдай көзге шалынған; әлгі алакеуім ымырт теңізінің нар өркеш толқынында батыпшығып тұрғандай салтаттылар жақындаған сайын биік-биік жота қалтарысынан қалықтай жоғалады. Олар зиратқа таяғанда жалды жиренін сипай қамшылап, бір қырын отырған етженді келген, шықшытты қарт мызғып кеткендей-ді: селк етіп, ат тізгінін іркіп қалды.

Бес жасар шамасындағы қағылез бала астындағы жаман көгін әлсін-әлі тебіне түсіп, соңынан дауыстап:

— Неге аялдадық, ата? — деді.

— Е, тәйірі... Сені тосып іркілдім емес пе?! Қалма.

— Мақұл, ата. Қалмайын.

Қара бала қартпен үзеңгі қағыса кеп, тізгінін жиды.

— Негіп тұрсыз, ата?

— Гүлшат тәтеннің басына аят оқу керек-ау деймін. Сонсын... Жол-жәнекей фермаға да соға кету лазым. — Қарт мұны балаға ма, не өзіне айтқандай ма, қалай, күңкілдеп тұр. Екі көзі төрт құлақты, шымнан соққан қабырғалары шөге түскен зиратта. «Иә, бұл қабырғаның басынан не өтпеді дейсің... Мола мен інген сырын шөбересіне айтып берсе қайтер, түсінер ме?..»

Түйелі ауыл биыл жаз көл жиегіне ірге тепкен; жағасы күлтелі нар қамыс, заңғар қоғалы айдын талай жылдан осы елдің ірілі-ұсақты жандығына саятын. Әне, сары дала төсінен бастау алған ешкі соқпақпен құйрық тістесе ағылған қалың жылқы, тықыр түгі жылт-жылт етіп, қара өзектей көлге құлап жатыр. Шілденің аптап ыстығынан әбден марғау тартқан, келте мүйіз, күржікей, бөкене сиырлар жағада жалқаулана бастарын шайқап, әуелері бұлғақтап жүр.

Ал мынау боз інген мен сары атан... Көлге жақын үй орнындай аумақты сұрғылт күлге аунап жатқан інген дымқыл самалға танауын тосып, манаурай мойнын созып қалыпты.

Кенет ол ырғала көтеріліп, екі тұтам шалақ құйрығын шипаңдатып ауылға бет бұрды. Ауық-ауық үздіге боздап, баладай екі өркеші болмашы, алма-кезек тербеліп барады. Шыбын-шіркей мен сонандан сая көл жағасы, қоңыр самал, күл бәрі-бәрісін тастап боз інгеннің ауылға тарта бергенін түсіне алмағандай сары атан маңқия қарап, көзімен ұзатып салды.

Иә, бұл боз інген де бір кезде «періштедей пәк» бота аталған. Кей тіні мақпал, үкілі бас жіппен ноқталанып, үстіне ою-өрнегі мол, зерлі жабу да жабылған; тіл-көзден қорқып, көлденең көк аттыға да көрсетпей, иесі қамыс қорада да ұстады. Боталықтан өтіп, тайлақ боп та біраз тайрандады.

Бұғанасы қатып інген аталғанда үкілі әдемі нокта орнына мұрны тесіліп,

мұрындық кигізілді, зерлі жабуды қамыт алмастырды; бөрідей ұлыған қара суық күзде де, көзге түртсе көргісіз қарлы боранда да, аспан айналып жерге түскендей шілденің шілдіңгір аптабында да мойнынан қамыт, мұрнынан мұрындық бір түспеді.

Әр жылы боталайтын, әйтсе де бірде-бірі құтаймай-ақ қойды. Биыл да шетінеді. Ботасын жоқтап, құр сұлдері қалған; міне, енді ғана сәл-пәл ет алып келеді.

Көл жиегінен үйге беттеген ерлі-зайыпты қарттардың әңгімесіне де бір сәт осы боз інген мұны тиек болды.

— Жарықтық жануардың боздауын-ай! Тіптен сай-сүйекті сырқыратып, жанымызды қыдыртатынын қайтерсің, — деп жаулықты Батиха шешей ауыр бір күрсініп алды да: — Қаражан, — деді шалына, — бұрын сен істеп берген тұлпыты Гүлшатжан алып шыққанда ие салушы еді. Қазір тұлпыпсыз-ақ Гүлшатты көрсек болғаны боздап, қасынан екі елі кетпейді. Тіпті оны құрбыларынан қызғанатынды шығарыпты. Гүлшатты біреу ренжітіп жатқанын байқаса, мойнын шайнап тастардай еңкелеңдей ұмтылады. Тапырақтап ауыл үстін шандатады. Сұмдық қой...

— Ие-ие... Мұның мәнісін білдім. Малдың адам баласына осыншалық бауыр басуында үлкен гәп бар. Тұлпыптың иісі балаға сінген ғой. Гүлшатты көргенде иіп, оны жоқтай боздайтыны — аналық махаббатының оянғаны де...

— Әйтеуір, бір ғаламат сезім. Тек боздағаны батып барады.

Сәскелік шақ. Шілденің аптабы белең алған. Бесқанат қоңыр үйдің кел бетке қараған іргелігі мана түрілген еді. Қазандық қасында тәлтиіп тұрған сары самаурын енді міне, дірдек қағып үйге еніп барады. Әредіктен етек-жені кең жайыла қонған ақ шағала бай ауылы көрінеді. Жылқының кісінескені, тоқ иттің әуіпідей үргені де шалынады. Оған қарағанда, жүдеу кедей ауылы зұлмат дауылдан әбден ит-сілікпелері шыққандай ығы-жығы, мыжырайып тұр. Бұл ауылдың сәні де, салтанаты да анау құбыла бетіндегі шалқар көлде құрбақадай шулап, шомылып жатқан қара сирақ балалар. Бірі басын суға көме айдынға жүзіп шықса, кейбірі жағада шалпылдап өлек.

Мойыл қара шашты, ақсары қыз нәзік қолын тырбита суға малады да, жоғары көтеріп, саусағынан тамған ақ маржанды қызықтай күледі. Су бетінде қыдырған күннің сиқырлы сәулесі сәби жүзін арбап, сан құбылады. Әзәзіл сәуле көлдің күміс белбеуі тәрізді, көсіліп жатыр: «үстімнен басып айдынға шық, баспалдағың болайын», — дейді әлгі.

Боз інген жағада шөгіп жатыр. Екі көзі сәбиде. Қыз тереңге бойлағысы келгендей ыңғай білдірді-ақ, ол ыңырана қозғалақтап, келте боздап тынады; кейде тынышсыздана орнынан ширақ көтеріліп кетеді. Сәбидің сақшысы да, қамқоры да бір өзі екенін сездіріп, қасына тайрандап жетіп барады.

Қоңыр үйде бүгін қонақ, қаңғыр-күнгір әңгіме. Буы бұрқырап, екі иінен әзер дем алғандай самаурын да кіріп, дастарқанның етегіне орын тепті; ол өзімен бірге шуақты

БОЗ ІНГЕН

шырай әкелгені анық. Жайдақ әңгіменің аяғына лекіген жеңіл күлкі ілініп, қонақтар желпінісе түскен еді. Түйе сүтін қатқан, қалампырлы бұйра шайдың иісі көңіл сергіте бергенде: «Ассалаумағалейкүм, халайық!» деп суыт жүрісті, сылаң жігіт табалдырықты аттады. Жел қақты қарақошқыл жүзінде үлкен ауылдан келгендігін аңдатар тәкаппарлық та жоқ емес, қиық көзімен төрдегілерді немқұрайлы сүзіп өтті де, самаурын қасына тізе бүкті. Изетті жасқа тән қауқалақтап, қол ұсынып көріспек пейіл де білдірмей, іле түсін жиып алды. Басында тартқан сәлделі орамалдың ұшымен жұқа еріннің үстіне қонақтаған тары түйір терін сорғытып, компаландай түсіп, келген шаруасына ойысты: — Байекем жіберді, Қаражан аға! Мынау ауыл бір-екі түйесін берсін, пішенге керек дейді. Өзінің түйяк біткені құмға шыққан. Қолда көлік жоқ. Түбектегі маяны тарттыруды бүгін-ертең қолға алмақ ойда, — деп жігіт бай сөзін өзінікі етіп барып тынды. Қаражан қарт біреу қара санынан бұрай шымшып алғандай ыршып кетті.

өзіміз де дайын, — деп дауыстап қалды.

— Мақұл, Қареке...

Боз інген су жағасындағы сәбиді бүкіл ауылға аманаттап, ұзақ сапарға жол шеккендей біртүрлі күңірене боздап барады. Қаражан қарттың қонақтары сәл үнсіз қалды да, іле жамырасып кетісті.

— Апыр-ай осы інгеннің үні не пәле...

— Жүрек қолқанды суырғандай боздауын айт та.

— Иә, жарықтық... Өзіне көрінсін. Қара, кейіншектен аяғын басқысы жоқ-ей, — деп қонақтың бірі түрлі іргеліктен көзі шалғанды жеткізіп дабырлай танданды да, бері бұрылды. — Ғажап мал... Өткен қыста қалың қар түскені естерінде ме?! Сонда түйе шанамен шөп тарттық қой. Боз інген бүкіл керуенді бөгеіп ілгері баспай, әй әуре-сарсаңға салды-ау. Ал ауылға қарай желдей еседі... Боздағаны жаман-ақ...

Сары самаурын екінші еселеніп келгенде, шанағын сүйек шалған үкілі, күмбез домбыра қонақтардан ауысып, Қаражанға да жетті:

«Жазушы Мағзом Сүндетов адамзат тіршілігі тереңіне бойлау үшін алапат құштарлықтар, сергелдең сезімдер, өліспей беріспейтін тайталастар, шеннен шыққан шетін оқиғалар ойлап тауып жатпайды. Адами мүмкіндіктер аясындағы оқиғалар мен құбылыстарға адами таным мөлшері ауқымында көз салып, қарапайым сана қаныға алатындай қарабайыр кеңістікте желі тартқан жайттарды сөз етуге бейім тұрады».

Әбіш КЕКІЛБАЕВ

— Уа, аруаналары қайда?

— Е, итім біле ме?!

— Жарлының жалғызын қай шатқалға салып мерткітірерін де «итің білмей ме?» Боз інгенді көре қалғанын қайтерсің-ей?!

— Қараке-ау, екі арада шыбын өледі деп, күнәм не? Суымды сулап, жерімді жерлеген қазақ елдігін танытсын дейді.

— Е, білем ғой. Жә, таусылма, — деп Қаражан қарт табан асты сынып, мінгірлей төмен қарады. Хабаршы жігіт әлгіндей болмай, қайта даңғырлай жөнелді:

— Сонау «Сары тоғайдың» тұсындағы түбекті білесіз ғой. Сай, жыра-жықпылы көп жер. Ал, шөбі биыл бөген, ат сауырын қағады. Әрі биыл өзен көтеріліп, су шыққан соң тіптен тұнып қалды. Соған көлік жетпей діңкелетіп отыр емес пе?!

Дастарқан басындағы қариялар бас

— Қареке, ауылдың алты аузынан сен де құралақан емессің ғой. «Әу» деп жібергін! — деді қонақ шалдың бірі күлімдей, — төгілтші бір, мына ыстықтан самал боп екеумізді желпісін...

— Батиханы да де...

— Иә, Бәкен үшеумізді де.

Толық ақ сары қария — Батиха сәл езу тартқаны болмаса, еркектердің әңгімесіне қилікпей тартынып отырған. Осы сергек көңіл жанның жеңіл әзілге елп етпей, сабырлы қалпы түс бермесін бұлар білсе де, шырайына қан жүгіріп, арайланғанына қатты қуанысты. Сол сәт әлдеқайдан ұйытқып құйын соғып өтті де, қария үрейлене «пссссіллә» деді.

— Қатты ыстық соңы жауын дейтін бұрынғының адамы. Қайтер екен мынау күн?

— О, да жөн, Қареке. Ұмытпасам, өткен қыстың аязды күні осы күнге тура еді. Әлі ыси түспесе қайтсін, — деп ұзын шал жұдырықтай басын әнтек кегең еткізіп қойды.

Енді әңгіме арнасы ауа райына қарай ойысты.

Әлдене есіне түскендей Батиха асыға

шөгіп бара жатқанын да байқаған еді. Баладай қос өркеші қамшылар жағына жығылыпты. Боздай бейіттен ұзайтын да ізінше қайта оралатын ғой. Қаражан ауылға сәл тыңайтқалы әкелген, інген керісінше күрт төмендей берді. «Сары дөңдегі» төрт құлақты зират оның қазығы тәрізді. Соны төңіреккей береді. Жер тарпып кеп молаға

басын шалса, біртүрлі жақ түбі саудырап түсіп қалардай, астыңғы ерні салбырап ыңыранып қойды. Боталаған жанарында ашы шер табы, тұңғық мұң ғана бар. Еш пенде аландатып, түртпектеп осы бір тыныштығымды бұзбаса дегендей тілек үстінде тәрізді. Ойлы көзін манаурай жұмып ашады...

Бір сәт әлдеқайдан тұлым шашы желбіреп Гүлшат шыға келді де, быттиған сәби саусағының арасынан күміс тиын көрсете сықылықтай күліп көз алдында көлбеңдеп тұр. Шын сағынып, аңсарың ауса жүрегіне жылы үн де аштықта жеген тағамындай тәтті болады екен де. «Күле... Күле түсі, ботаканым» дегендей боз інген келте боздап тынды.

Гүлшаттың көмекке шақырған құлын даусы кенет құлағына ап-анық жаңғырып жеткен; ол ытырынып атып тұрғалы ұмысқан, әл-қуаты кетіп қозғала алмады. Не болды маған? Күні кеше емес пе еді оның бота аталғаны? Ойынсақ денесі кеңістік тілеп, күші бойына сыймай тайраңдайтыны қайда?! Қаражан қарт үкілі нокта, кестелі жабумен сәндеп, көлденең көзден жасыратын. Алыстан бейтаныс салт атты шалынса, қамыс қораға апарып қамап тастайтын, енді, міне, ол әлдекімге ренішті. Иә, мынау соның үні. Қасында бейтаныс біреу бар. О да әлдене деп былдырап тұр. Бұлар неғып жүр? Неге келді? Қаражан қарт ызалана, қатқыл сөйлей бастаған. Боз інген даусын анық естіді:

— Ертең, Гүлшаттың қыркы!.. Батиханың ренішіне қарап, арам өлтірер жайым жоқ. Ақ адал малымды балама құрбандыққа шалсам, онын не айыбы бар... Ойбой-ой, жарықтықтың құр сүлдесі, арсиған қанқасы қалыпты-ау, ә?!.

Боз інген зордың күшімен көзін ашты.

«Керемет прозаик болатын, оның тілі шұрайлы көркем, алғашқы повесі «Күтем сені, Дидар»-дан бастап өзінің алдыңғы толқын ағаларының көзіне түсті. Оқырмандары жақсы көрді. Кейін бірнеше роман жазғаннан кейін Мағзом ағаны бүкіл Қазақстан оқырмандары сүйіп бағалап кетті. Көркем шығармаларының дер кезінде халыққа жетуіне біраз еңбек сіңірді. Ол кісі кейінгі іні-қарындастарына да көп көмегін тигізген өте ақжүрек адам болатын. Талантты бірден танып, соның шығармаларының тезірек кітап болып шығуына көп үлес қосты».

Мереке ҚҰЛКЕНОВ

Мұңлы інгеннің тостағандай жанарының қарашығына екі адамның суреті кеп түсті. Ақ киімді ұзын шал мен Қаражан қарт. Қаражан қарт ағаш сапты, алмас жүзді кара бөкісін қолына алып, мәсінің қонышына сүртіп жатыр. Ұзын шалдың қолында ешкі қылынан ескен ақ ала қыл шылбыр.

Қаражан қарт інгеннің дәрменсіз адамдай мұңды, кірпік қақпай қарап қалғанын енді байқап, үрейлене шегіншектеп пышағын жерге түсіріп алды. «Неге асықтың, жоқам?.. Бір аяғым көрде, бір аяғым жерде екенін көрмеймісін? Кешікпеспін», — дегендей еді боз інгеннің тұңғыық, мұңды, өлімнің суық саусағы бұре түскен жанары. Қаражан безгегі ұстағандай қалтырап, ауа қармана аузын аша түсті де, жалғыз еместігі есіне енді түскендей, қалтиып қатып қалған ұзын шалдың қолынан шап беріп ұстай алды...

Інген көзін қайта жұмды. Қаракөк мұнар біртін-біртін таң арайындай рауан нұрға ауысып барады. Міне, жанарында шам жаңғандай жап-жарық ойпат... ақ ботасы тайраңдап келеді. Үлпілдеген мақпал жүні қандай әсем дейді інген мейірлене ботасын иіскеп. Ол болса келе, шырыш ернімен желінін түрткілей берді.

Інген рақаттана ыңыранған әлгі елес, Гүлшат боп сықылықтай күліп, тырбаңдап мойнына асылды, өркешіне өрледі. Енді осыдан айрылмайыншы деді ме, ол көзін ашпады. Әйтсе де үзік-үзік түсініксіз сөзді құлағы шалып жатыр.

— Иә, жасаған... Батиха... бекер айтпапты... Құдай сақтасын, алмағаным пышақ болсын!.. Жүрші... Кетелікші... Екі дүниеде менің әулием... түйе... ақ адал малым... өзінмен кет... Қане зиратқа. Зират түбіне жақындатайықшы... жеткісі кеп... тырбынады-ау деймін... Жарықтық... әулием, — деген Қаражан қарт үнін шырамытты.

Ол көзін ашпақ болған. Кірпігі қорғасын құйып қойғандай ауыр тартып көтертпеді. Өзін сүйреп барады. Зират түбіне жақындатып тастаған сияқты; кебірсіген таныс топырақ иісі танауына кеп, жаңа елес... көгілдір көл беті... толқып... ақ жалдана көбіктенген толқын арасынан қараңдаған сәбидін қуаң жүзі; сонсын ақ саусақ көрініп жоғалған: «Апа!» — деп Гүлшаттың жаңұшырған ақырғы үні де құлағына шалынғандай боп кетті. Боз інген аласұра ұмтылмақ еді, мойнын бір зіл басып, жерге жаныша түсті; жүрегі аузына тығыла алқынып, тұңғыыққа құлап бара жатқанын сезді...

Дала үсті алау ыстықтан кілкіп тұр. Тірі жәндік біткен аптаптан бас сауғалап қалғандай төңіректе көзге ілінер қара жок. Айнала тылсым тыныштық. Өне, зираттың құбыла бетінен жалғыз бүркіт қорбаңдай жүгіре түсіп, жалп-жалп қанат қағып көтеріле берді. Соның рет төрт құлақты сірінке қорабындай жапырайған төмендегі зират пен інгеннің қураған қанқасына көз тастап қиырға бет түзеді. Ақ айран аспанға шарықтай самғап біртін-біртін нокатқа айналып барады. Иә, оның өз беті, сапары әрине бөлек...

Қарт қалың ойдан зиратқа тірелгенде айықты. Атынан түсіп қалпағын қолына алды.

— Салықжан, боз інген жайлы хикаяның

«Мағзом Сүндетов шығармаларында өзіне тән екі қасиеті бар. Бірі – Мағзом Сүндетов ауыл өмірін, өзі өскен қоғам ортасын өте жақсы біледі. Сондықтан бұның шығармаларында ойдан шығарылған, ұйқаспай жатқан сюжет елестері болмайды. Оқырманның алдына жайып тастағанының бәрі нанымды келеді. Екінші, Мағзом кітаптарының аттары шығармасының тақырыбына сәйкес, тартымды келеді. Кітапқа дұрыс тақырып қою, бұл да жазушының шеберлігіне байланысты».

Ілияс ЕСЕНБЕРЛИН

тысқа шықты. Қазанның қақпағын жауып, айналасында сәл түртінектеп жүрді де, үйге қайта оралды. Самаурын түбіне жайғасқаны сол еді, есік алдынан үрейлі бала үні шалынды.

— Апа!.. Көке!.. — деп ауылға атойлап жеткен балаларда ес-түс жоқ. Өңдері боп-боз. Үй ішіндегілер өре түрегелді. Табалдырықты аттаған сіңір кара бала еңтігін баса алмай:

— Гүл... Гүлшат суға... кетті, батты, — дей берді.

— Кой, ойбай, не дейді мынау...

— О, жасаған!.. Керен қалғыр құлағым не естіді?! Қайда... Барсандаршы... Құтқарыңдаршы, — деп Батиха қолын созып, есікке ұмтыла екі сүрінді. Ауа қармана: — Тәңірім-ау, не жаздым мен...

— Уа, неменеңе ұйлықтық, жүріндер! — ұзын шалдың үні.

Қаражан қарт төрден бірнәрсе іздегендей аласұрып жүр. Не істеп, не қойғанын да білер емес. Ақселеу шашы желбіреп, көлге қарай құстай ұшып бара жатқан ананың есіктің сықырлауына ілініп қалған жаулығын көргенде ғана ол есін жиыды, ышқына айқайлап: «Қайда... қайда батты?!» — деп үйден атып шықты.

Ауыл түгел көл басында, абыр-сабыр шапқыласқан ел. Балалар шетте қағажу, үрпиісіп тұр. Сәби денесі де табылды. Суға кеткен адамды құтқару үшін істелер қаракет те қалмаған, сәби ес жимай дүниеден өтті. Ел қоршалай үрпиісіп, өлікті құшақтап егілген қарияны жұбатысып жатыр.

Қан қызыл күн бөрте дөңгелеп, көл жиегіне де батты. Ымырт үйіріліп, кара көлеңке де ауылға төгіліп келеді. Күндізгі қапырық орнына дымқыл самал жайлап жүре берді. Осы сәт үздіге боздаған інгеннің жалыншты үні көл жағасына өзінен бұрын жеткен; ел үрпиісе толқып, алақтасып қалды. «Апыр-ай, мынау жарықтық білген бе? Тәңірі сездірді ме-ей?!» — деседі күбірлесе. Зарлы үн әр төбенің астынан бір шалынып, даланың өзі күніренгендей де болды. Үйден мойыл шашы желбіреп, қарсы алдынан жүгіріп шығар «ботасынын» енді жоқ екенін ол қайдан білсін...

Ауыл адамдары талай күннен бергі боз інгеннің жан күйзелісін сезген де, көңіл бөлген де жоқ. Сәбиді ақ жауып арулап қойды. Жетісі өтті. Міне, содан кейін ғана оның азалы үніне ел құлағы түрілді.

Сарала таннан іңір қараңғысына дейін арбаға жегілген боз інген пішенде жүрген. Бірде Қаражан қарт адал малын өз көзімен көріп қайтқалы қосқа соққан еді. Інгені танып бұйдасын сүйрете қасына тайраңдай жетіп келмесі бар ма, ойында ештеңе жоқ Қаражан мойнынан сипай іркіліп, іле жануардың жанарына көзі түсіп кеткенде тіксіне, бұршақтай үзіліп түскелі тұрған жасты көріп жағасын ұстады.

— О, тоба! — деуге ғана тілі шақ жетті.

Күннен-күнге жайылыстан қалып,

малды да, адамды да жолатпай айбат шегеді, боздайды.

— Батиха-ау, мына сор маңдай түбімізге жетер болды. Садақаға шалсақ қайтеді? — деді Қаражан қарт зайыбына.

— Пышақ тигізбе, тілімді алсаң... Таста пышақты! — деп Батиха үрейлене, ыршып түсті. — Ботасынан айрылғаны аз ба? Күнәһарлық істегелі жүрмісін, зар үнін ести тұра оған пышақ... Жо-жоқ! Өз күйігінен... өзіне көрінсін шер, мұңы... Енді мал болмас, әйтсе де тимеші...

Боз інген бүгін шөп басын шалды. Көптен нәр сызбағаннан ба, ашылы ит жуаның дәмі тіл үйіріп, зираттан әжептәуір, қозы көш ұзап кеткенін ілкіде сезбеген; маңқия төңірегіне көз тастағанда шошына, кері қайтты. Көңіліне әлдене сезік ұялап, өн-бойын үрей билеп жүре берді. Біртүрлі осы қазір тез жетпесе өз ботасындай, сәби денесін әлдекім ұрлап әкетердей желіп келеді; әбден арыған, қабырғасы арса-арса, тізелерін ұп-ұсақ бір діріл билеп, қалталаңдап та кетеді.

Енді, міне, жота үстіндегі жалғыз мола басында тірі аруақтай қалқиып тұр. Неге жаңұшыра асықты? Недең қорықты, қауіп етті? Өзі де санасымен түсінбейді. Әйтеуір көңілі жайланып, жүрек лүпілі бір сәт басылғаны анық. Аналық махаббаттың әмірі екенін ол түйсініп, ұқпағанмен жүрек әмірі екенін сезеді. Жарық дүниеде көргені көп. Ол шілденің аптабында да, ұлыған қарлы боранында да, ызғырықтата соққан күздің өкпек жел құзында да талай керуен жолын артқа тастап, өмірдің ашы-тұшысын аз татпағаны ақиқат... Сонау көгілдір көл жиегіндегі ақбоз шаңқан киіз үйлер жота-жон арасына құстардың салып кеткен ұясындағы жұмыртқадай көз алдында ағарандап жатыр. Өзіне етене таныс, жылы мекен. Өне, алыстан сірінке талындай боп, арық, ақ жаулықты ұзын келіншек шалынды да, әлгі шеткі үйге еніп кетті.

Иә, ол Гүлшат дүниеге келген қараша үй. Одан әрде пышақ қорындай ырсиып шалынатын тыртық жара — ескі өзектің ізі, жыра. Жақында ғана сол жерден топырақ, балшық тасыған. Ілкіде ол ештеңе сезген жоқ. Гүлшатты жанарымен іздеп, ауыл жаққа жаутандаумен болды. Мынау ұсақ күйбең адам тірлігін тез бітіріп көлге жетсем деумен жүрген; күн бата Қаражан қарт алдына бір шелек су қойды. Әлгіге еңкейіп, қамыттан босаған мойнын сілкіп қалған танауына жас үйінді моладан таныс... ботаканының иісі... иә-иә, соның иісі келді. Қолқасына ашы, жас тығылып: «уа, адам ақылды едіңдер ғой! Өз, ботамды өзіме көмдіргендерің не? Не жаздым мен?» деп боздай жас қабірге ұмтылғанда Қаражан бұйдасына жабысып, шірене тартып тоқтатты...

Боз інген ескі жан жарасын өзі тырнап алып, ауыртып жібергенін сезіп, ыстық тақырға шөге берді. Күйіс те қайырмай, қыбыр етпей жатыр. Көз алдындағы шөп



Бақытжан РАИСОВА,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты.

БАҚ-БАҚТАН ДА БАҚЫТ ІЗДЕП ШЫҚҚАН КҮН

*Бал арадай гүлдің нәрін жинаған,
Баяғыдай бақыт іздеп жүр ме адам?
Жақсы өмірге жақындаған бір қадам
Асау жүрек жасырына тулаған.*

*Жанардағы періштелер қанатты,
Сезімталды өзіне жалт қаратты.
Арманды сол ақ сәуледен жаратты,
Әлі де атпал ауыр оймен таң атты.*

*Ашу-ыза сыртқа шықпай қылғанды,
Көптің ісін жалғыз адам тындырды.
Ақпаратқа көмілгенде ой-сана,
Бастың ішін азан-қазан шу қылды.*

*Мені өмірдің ғажабына сендірді
Сәбилердің сүттей таза күлкісі.
Қарақұрдым тозақ отын сөндірді,
Кемпірқосақ дүниенің тұр-түсі.*

*Рух гүлдерін табанымен баспаған,
Табиғатқа өсіп шыққан жан тірі.
Кітап еді осы жолға бастаған
Ұлы сөзбен ауырғаным арқылы.*

*Адамзаттың бәрін сүй
Қайғысы да ұқсайды, жылағаны,
Өкінгені, сүрініп, құлағаны.
Шаттық кернеп, жарқылдап,
күле алады,
Мың адамы әлемнің —
бір адамы.*

*Қара көңлі оянбаған түнекте
Күй төгеді кісіліктің қобызы.*

СИЗИФТИҢ ЖОЛЫ

*Жаралы неге көз деген,
Жазаның көрі қазулы.
Жасырдым деме өзгеден
Аспанға бәрі жазулы...*

*Мехнат шекті бір кісі
Адалын малдың табам деп.
Қызыл да жасыл тұр-түсі
Өмірдің қолын алам деп.*

*Адасты шайтан жолымен
Ап-айқын еді соқпағы.
Құйындай ұшып долы дем
Құз-жартасқа тоқтады.*

*Білімді, көркем, саналы
Жүйенің түсті торына.
Құбылып қайда барады,
Қан уыстап қолына?*

*Алдап-арбау амалы,
Тауға беттеп тасты ұрды.
Арыстанға балады
Түлкі боп өлген қасқырды.*

*Шындықтың жолы — қиямет,
Жалғандық жолы — шыңырау.
Жан қиналып жылап өт,
Жұбатар сені Тәңір-ау.*

АДАМ ӨЗІН ІЗДЕЙДІ ЖАРЫҚТАРДАН

*Құдай жолы, ар жолы, ұят жолы,
Адақандар біле ме оң мен солын.
Қара қылды қақ жарған әділетте
Қазулы тұрған жоқ па бақ пен соры?*

*Ар жолы ұмтылмай ма шын асылға,
Екеуі де бір жол ғой расында.
Тәңіріге апарар баспалдақтар
Асқақтар бір асудан бір асуға.*

*Адам өзін іздейді жарықтардан,
Қай мыстан оны көрде алып қалған?
Басы — ғалам, кеудесі — көк, аяғы — жер,
Көңіл-пері танбайды шарықтаудан.*

*Хақ жолынан адаспас асыл адам,
Қорлық пен мазағыңа жасымаған.
Өзі әлдилеп, шындықты орға жықса,
Мені қапты итім де асыраған.*

*Қапқа салар қат дүние асыл болды,
Ойға қонар ақ дүние масыл болды.
Қаптесердей жер асты жатып алмай,
Аспан тауға шығатын ғасыр келді...*

*Ғашық болма, сүйме ешкімді, ой, Алла,
Жүрегіңді жер таппасан қоярға.
Аршып-аршып әдемілеп орасың,
Махаббатсыз дүр сілкініп соғарға...*

*Ән тыңдама, бұзып күннің реңін,
Дір еткізіп қызыл гүлдің жүрегің.
Аспанға ұшып құтқар бір сәт өзінді,
Күлсе саған періштелер күледі.*

*Жалбарынып, сүйгеніңе жалынба,
Жайыңа жүр, сезімдерден арыл да.
Арулардың емессің ғой жаулығы
Ақша бұлттай ілесетін сағымға.*

*Желдей ессін жібер оны еркіне,
Қарама да ақылына, көркіне.
Күндер өтті қанатынан қайрылып,
Сен емес қой, күйіп қалған өртіне.*

*Қоштасарда есің ауып құлама,
Жанарыңнан жұлдыз ағып жылама.
Қолқа-жүрек қақ бөлініп жатқанда,
Адам шыдап тұра ма?*

*Мұның шақпа ессіз қалған елеске,
Айдалада жылайды бір нәресте.
Сенің өзің Айды сүйіп қалдың да,
Дүниені жақсы көрдің емес пе?*

АСПАН ТАУҒА ШЫҒАТЫН ҒАСЫР КЕЛДІ...

ТҰЛПАРҒА ҚАРАП ТУҒАН ОЙ

*Мына дүние сұлуланар кез келер,
Жылқының да сұлуланғаны секілді...
Құлдық күйді сытырады өзгеден,
Құлын дауыс кекілді.*

*Мына дүние жаңғырады тазарып,
Жалған сөйлеу жар басынан құлайды.
Парасаттың өзі ғана сөз алып,
Шексіз билік бір кешірім сұрайды.*

*Жайлап алар жақсылықтың жұпары,
Ұлы ұстаз Күн болғаны үшін де.
Әлем нұрдан мөлдір ауа жұтады,
Айым абыз Ай болғаны үшін де.*

*Жиһаз жиған бай сөзі — айдалада,
Жан байлығы жанардан нұр таратар.
Рух көшіп еркін, ізгі қалаға
Күн иісті кемел ақыл жаратар.*

*Ізгілік кеп күллі өмірді жасулайды,
Айдаһардың жеті басы шегіне.
Жер жұмағы құс тілінде сайрайды,
Күлге айналған кітаптардың кегіне.*

*Жемқор мәңгі құбылады қызарып,
Ұят өртің өзі келіп жағады.
Кісілігі Құс жолындай ұзарып,
Бар ғұмырын жұлдыздармен жасады.*

*Кіл жақсылық көрген жандар ұқсайды,
Кәусар ішіп мөлдіреген жүзімге.
Елін тастап Марсқа да ұшпайды,
Сақталса Жер қарашықтың күйінде...*

АСЫЛ СӨЗ

*Жүзжылдықтар асыл сөзге сүйенді,
Сөз көтерді сан мыңжылдық мерейді.
Тіршілігің әрекетке тірелді,
Сөзге сеніп көр енді.*

*Ар ұялар іс көбейді бұл күнде
Кітапхана айналды әсем көрмеге.
Сан ғасырлар дамыған сөз шіркінге,
Дым түсінбей жер түбінен өрмеле.*

*Көкіректің көркі болған абыз сөз,
Әулиенің көмейінен саулаған.
Демосфеннен қалған көне жарыссөз,
Керек болмай қараң қалған ой-додам.*

*Әлішердің толғанысы — кереңге,
Ғазал жетпес кеңе ақылға кешігіп.
Абай сөзі сүйрегенмен тереңге,
Алам кейде майшамды да өшіріп...*

*Гёте, Гейне — шамшырағы танымның,
Ақыл қосқан нұрлы аспанның өзіне.
Жүрек сезсе мәнін ұлы сарынның,
Бар сәулесі түсетұғын көзіңе.*

*Көкбөрідей ұлып қалса сөз жетім,
Айрылады адамдар Күн-басынан.
Таяу келмей заманақыр кезге тым
Орағытып өтейікші қасынан...*

*Дін молайып, күнә түрі көбейді,
Тыйым кетіп еркіндікке кенелді.
Хайуанға теңеуші еді арсызды
Хайуаннан да ұят болды ал енді.*

*Қайғы да тез ұмытылар кез келді,
Шық тайғанша қуанышты көз көрді.
Жүгірісіп бара жатып қоштасты,
Амандасу атүсті боп өзгерді.*

*Уақыт ұшты құс қанаты суылдап,
Дауыл соқты, соңында тек құйын қап.
Басын бастап бірдеңенің аяғы
Үлгермейді шегірткеше шырылдап.*

*Жайлы өмірде ұтылған кім, ұтқан кім?
Кісілікті өшпес кие тұтқан кім?
Жұпар көшіті уілімен араның
Бақ-бақтан да бақыт іздеп шыққан күн.*

ЖАҢА КҮН

*Жаңбыр біткен неге құмар Жерге осы,
Ақық жасты аспан құлап аққандай.
Адамдардың неге жарық кеудесі
Жұлдыздармен бірге тұрып жатқандай?*

*Ауа да сол: сыбырлайды саған кеп,
Күн тілінің ашық-жарқын үнімен.
Алдындағы болар іске алаң боп,
Көктен белгі түсті ме екен шынымен.*

*Жас ұзарар арқасында дамудың
Жарықтан ап қараңғылық өтемін.
Сәбилердің бал жүзінен танымын,
Кісі бағы — күліміреу екенін.*

*Жарым ырыс — жақсы сөзге зарығу,
Нұр уыстап туған жанның болмысы.
Күнә жасап, өз-өзінен арылу —
Жаңа күнмен жеткен жарық ой күші.*

*Көрге сыймас жер әлемнің жауһары,
Зорлық өтпес аспан шырақтарына.
Әлсіз деген бір адамның қауқары
Сүйенеді ғалам шуақтарына.*

МЕНИҢ ЖЕТИ КЕРЕМЕТІМ

*Тәгілумен өнген шердің жақұты,
Қанымда ылғи Көрөғлы күйі ақты.
Арманына жеткендердің бақыты
Арманына жетпейтұғын сияқты...*

*Падишасы қара түннің асқақ Ай
Күміс шашып ойнайтұғын менімен.
Көкте жүзген, құлындарын тастамай,
Мейірімді көрінетін бәрінен.*

*Аңқылдаған аққу мойын Домбыра,
Күмбірімен жеті қатқа жеткізді
Қос қанатты Қобыз қонып алдыма,
Өткел бермес терең судан өткізді.*

*Жүрдім ылғи мен ауырдың астымен,
Жеңіл үсті ыңғай бермей сырғыды.
Қара терім ақ жүзіме шашты рең,
Қызыл қаным толқып ақты шындығы.*



*Толқынымен нұр тасып, сүйе алады,
Араша боп араға гүл аралы.
Дәстүрінен айнымай ғаламшарда
Барлық адам бір өмір сүре алады.*

*Ғасыр сайын кемитін бір алаңы,
Бір хакімі жаңалық шығарады.
Жымыңдатып жіберер жұлдызды да,
Таңдайына құс қонған күй алаңы...*

*Мұхит толы қоқысты жия алады,
Соғыспай-ақ тәтті өмір сүре алады.
Өз-өзін өлімші ғып жарға соққан,
Құпиясын киттердің біле алады...*

*Шықпаса да есептің бір амалы,
Ар сақтаумен адамзат сыналады.
Бір-ақ қауыз адамның хикметі —
Сағынғаны, сенгені, ұнағаны.*

*Бір дәру-ем шипа боп жаралыға,
Бір данышпан ой салар саналыға.
Алдыннан Күн, жанынан Ай жарылқап,
Пейіштің ыстығы өтер табанынан...*

ГҮЛДЕУ

*Ай сұлу ма, жан сұлу ма білмейді,
Қара түнге шомып өмір сүрмейді.
Мейірімнен жұпар сауып бір мезгіл
Адамдар да өз-өзінен гүлдейді.*

*Жатады іште ниет туып, сөз бүрлеп,
Жақсы сөзден жүз жадырап, көз күлмек.
Бірін-бірі айналатын ізгілік
Сүйініштер шын бақытты сездім деп...*

*Көкіректен қақ жарылған өзендер,
Жанның шөлін қандырады кезерген.
У қорғасын тіліп кеткен жүректі
Ақша қардан ағып түскен сөз емдер.*

*Сөз боп аққан күннің бір шоқ жарығы,
Көлеңкеде жасырынған уайымы.
Дүние салса, жоқтау айтқан сабыры
Тірісінде — көне күндер сарыны.*

*Дара туған даналықтың лебізі,
Алшы түсер ақ тілектер теңізі.*



Гүлнәр ШАМШИЕВА,
Қазақстан Жастар одағы
сыйлығының лауреаты

ТАУДЫҢ КӨЗ ЖАСЫ

Күлімнің өзінен гүл өсіп шығады,
Көңілімді жағып жібергендер білсін де!
Ертең, ел жарық болғанымды ұғады,
Ей, жаралы болған жан тауды
қопарып, күрсінбе!

Өзеннің жылағанын тыңдаумен жүрдім,
Сені сағынғаннан өксігені ғой!
Иемді аңсағаннан нұрға айналды, бұл күн,
Егілдім жай.

Жырларым мөлт-мөлт етіп,
Таудың көз жасына шомылып алды!
Менің де жүрегім нәсерін селдетіп,
Инжуін шашып, төгіліп алды.

ИЕСІ РУХТЫҢ

Қанатымдағы құсаны тау жеп,
Желтіп, жасымды, ұшырды бау-көк.
Тірілімді сау боп,
Тірі кітапқа өткенім үшін.

Түн едім, таңға ауысып кеттім,
Жетім жүректің қайғысын шектім.
Таңдаулы болып, оянды тектің,
Жанкешті боп, саған жеткенім үшін!

Сағындым, сені иесі рухтың,
Патшалығыңа кеп басымды сұқтым.
Қайғымнан дамып, Күн болып шықтым,
Жерлік ұғымнан кеткенім үшін.

Ғашықтар үшін ғажап, құзырың,
Жапырағын шашқан, жырға күз үнім.
Жерге қатысым жоқ ғайыптың қызымын,
Тақтыңды рух боп, өпкенім үшін.

Кеудеден сөз үзілсін жұпары әлем жарып,
Күрсінді халық ғаріп.
Домбыра жалғыздықта, отты күй
тасты жарып,

Қанжар боп.

Ғасыр тоңды, Күн шықсын, жарқ ете қап,
Бізге кемпірқосағыңды жақ.
Мың гүлін зекет қылды, бүгін тылсым бақ,
Қуанамыз, әлі нұрлы таңдар кеп.

Бұлттың бетін жұлып долы боп,
дауыл жатыр,
Мұңлы жүздерге аппақ жауын шақыр!
Жерде дос таппай кеттің,
көктегі қауымға кір,
Зәмзәм күйсын заңғар көк.
Мынадай аласапыранда жүрегі
ашылар жандар көп.

ҒАПЫЛ БОП КЕТПЕ

Ғапыл боп кетпе, ей, адам,
Ойсыздық басқан кей алаң!
Жүректі қанға бояған
Дажалдың дәурені жүріп тұр.

Материя сені жеп қойған,
Қарның да семіз көп тойған.
Келеді екен, дерт деп қайдан,
Жүрегіңде құлып тұр.

Рухыңа тамақ бердің бе,
Ғибадат етіп көрдің бе?
Өзгеріп жатыр, жер мүлде
Адам қолымен жасаған бүлік тұр.

Тосын жәйттарға таңданып,
Мәреге жеттің миың сандалып.
Жүрегіңді оят, жан, дамыт,
Жаңа ғасырға күліп кір.

ЖҮРЕГІМ СӨЙЛЕП

Күн сұлуланып, жырымды оқыды,
Нұрдан киім киіп тұрған.
Тау гүлдерімен кесте тоқыды,
Толқып иләһи сырдан.

Таққа отырғызды рухани әлем,
Мөлт-мөлт еткізіп, жанымды.
Дүние үшін құпия хал ем,
Періште тербеген әнімді!

Тіріліп кеткем, өлі едім бұрын,
Жүрегім сөйлеп шипажай.
Мың жетіген тарттым төгіп тұр, шырын,
Шығарар ол әлі күй талай.

ТАҢҒАЖАЙЫП

Рухтар сөзіме шөлдейтін,
Күн келер құзырыңа төрлейтін.

ТҮН ЕДІМ, ТАҢҒА АУЫСЫП КЕТТІМ

Жырымды қорғарсың өлмейтін,
Тұла бойы жерді өртер, жалын.

Көңілімді көгіңе аудардың,
Жас болып, жер көзіне саулармын.
Тербеліп, гүлдей таулардың,
Хош иісі аңқыған әнім.

Сен берген жауһарды тағынып,
Самғасам, жамалыңды жансебіл сағынып.
Тәж сыйладың, рухтарға бақ іліп,
Ием, бұл — сенің таңғажайып хәлің.

БАР ӘЛЕМ

Тостағаннан інжу төгілді,
Мөлтілдеп кетті бар әлем.
Гүлдеген жүрек нәзік егілді,
Нұрланды, жүзде қара мең.

Көктем көркінен қызғалдақ үзіп,
Хош иісін жырға саламын.
Теңіз төрінен келдім маржанын сүзіп,
Күн құшақтаған, ғаламым.

Пәк күлкі тұнып бұлақ бетінде,
Жырым сіміріп алды оны.
Дүниенің тұрдым жылап шетінде,
Материя артта қалды, әні.

Иемнің әлемі таңғажайып қой,
Оянып едім, жоқ болдым.
Күтеді алда бір мәңгілік той,
Ол мені «менен» а(л)ып қалды.

ТҮНДІ ЖҰТҚАН КҮН БОЛЫП

Сенің сұлу самалыңа жан тостым,
Сенің сұлу жамалыңа ән қостым.
Сендей болып, жұбатпайды мәңгі ешкім,
Жалғыз Ием!

Кеудем бүгін бір емес, мың жетіген,
Бәрін тартсам, жоқ болам жер бетінен.
Түнді жұтқан Күн болып, тербетілем,
Жалғыз Ием!

Көкірегім мұхит боп, тасып жатыр,
Жерге сыймай, жан көкке босып жатыр.
Көзім жасы маржан боп, жосып жатыр,
Жалғызым, жалғыз Ием!

НҰР КӨЙЛЕК

Нұр көйлек кигенде үлбіреп,
Жауһарға толғанда сыр жүрек.
Иемнің рахымы кірді деп,
Тыйды ма, бүгін ақын жасын.

Хош иіс, хош самал, хош әуен,
Гүл сезім аңқыған жаңа дем!
Аршыда қонақ болдым, жаңа мен,
Құрмет қып, бүгін шақырғасын!

Көктемнің суретін жырға сап,
Жәннат тұр жырғыма сырға сап!
Ол берген нұр рух, нұр жасат,
Шарқ ұрды шарабын Ием, татырғасын.

СЕН МАҒАН БӘРІН БЕРДІҢ

Сен маған әнді бердің, жырды бердің,
Кеудемдегі ашылған гүлді көрдің.

Жанып тұрған, жанартау,
Күнді көрдің,
Сен маған, Ием бәрін бердің!

Өртеніп, шаһар кездім, дала кездім,
Шер толып тостағына тана көздің.
Ой толып омырауына бала кездің,
Сен маған дарын бердің.

Аспан, жер алмаған
аманатты ал деп бердің,
Бұл ешкімде жоқ хал деп бердің.
Іліміңе өлердей шөлдеп келдім,
Сағыныш зарын бердің.

Мәңгіге басымды идім, саған Ием,
Шертілсе әлемді алар, дара күй ем!
Өзің берген жүректен Сені сүйем,
Сен маған Аллаһ, бәрін бердің.

Оның көктемінде үй салып алып,
Жырдан бұрқақтар жасадым.
Ғайып күмбірінен күй толып ағып,
Инжуін еліме тосамын!

Жыр сарқырамасын сандықтан шығарып,
Жуындырдым ғаріптің жанын.
Жер бетіндегі зұлмат бұғалып,
Тыңдайды енді, абыз ананың әнін.

Ағарып кетіп шаршаған жүздері,
Ғашықтық жырынан емделіп.
Бұл Гүлнәр көктемге жылжыған,
орнынан күздегі,
Тұлғасы тауменен теңделіп!

ӨЗІ ЕКЕН ҒОЙ

Жан тостағанымда
шараптан басқа түк жоқ,
Өлеңімнің соңында қалған мың шоқ.



Ақын біткен жыр сиқырынан өртеніп жүрсек,
Оның өзі екен ғой қалам түртетін.

Жаратар кезде ешкім болған жоқ қасында,
Періштені де, аспан, жер, тауын, тасын да.
Өзі жаратты,
Өзін сағынғанда аққан көзімнің жасын да,
Өзі екен ғой сұртетін!

Оған самғаған қанаттар кетті жұлына,
Хәліне кір, ей, бөрі жүрегім ұлыма.
Өзін іздеген махаббат беріп құлына,
Шығарып қойған сыр шетін.

СЫЙЛАР БАР, ТОСЫН

Өзеннің күлкісіне шомылған жырым,
Енді ұққанда ғажаптың сырын.
Мөлдір мақамына шақырды құлын,
Нұрдан шапан кигізді сосын.

Жап-жасыл бояуында қалғымды тыныш,
Түннен алыстадым ғой, жүрегім Күн іш.
Түнек ұйықтап жатыр, үстіне
жауып түліш,
Ал мына тірі кітапта сыйлар бар тосын.

Сұп-сұлу сәттерімде күй төгіп тылсым,
Жүрегім Қыз жібек асылданып Аршыға кірсін.
Жырымды оқығандар жадырап,
жасарып күлсін,
Аласымен өткізеді, бұл Гүлнәр кешін.

ЖЕТІМ КҮН

Ешкімде жоқ әуенімді айтып ем,
Бұлт жылады, көл сезімін жұтып тау.
Бүгін тағы аспан кезіп қайтып ем,
Ноталарым гүл жұпарын күтіпті-ау!

Қалғып кетті, боз күйінде жетім күн,
Жеті өзендей дауысы оның жер тіліп.
Енді Күн болуға бекіндім,
Жеті түнде жетігенім шертіліп.

Сен шақырсаң, денем Күн боп күлімдеп,
Нұр тамшылар жүзімде.
Жыр-бағымда ұлыжыған шырын көп,
Жаңа піскен жүзімдей.

Шарабыңды таппағанда Ием, білмес ем,
Кезіп жүрдім, үлгілдеп кеп гүл ішін.
Шүнілдеп тұр, жауһарыңа нұр кесем,
Өзен, тастың тазалаған тынысын.

АСПАН ӨУЕНІ

Оның махаббатын ішу мәйхана деген,
Мастықтан ақыл жоқ болады екен.
Жәннат көңілім жайқалады ерен,
Иеңді сүйсең, маңдайыңа бақ тамады екен.

Аспан әуенін жерге жеткізіп,
Сазынан шипа жасадым оның.
Себетінен нұрдың мың гүл төккізіп,
Жұпарына боядым таудың тонын.

Күдіретіне Иенің таңдана қара,
Мәңгілігім нұрда, жалғаным жарда.
Жанымды беріп Аллама ғана,
Құзырында тұрсам арманым бар ма!

ТАСТЫҢ КЕУДЕСІН ЖАРЫП

Тастардың кеудесін жарып,
Жүрегің ашып жібердім.
Шоқ жырым даланы қарып,
Кеудемнен сұлу күлер Күн!

Көктем қуанышынан шөптер жылап,
Шығынан жыр жасап жүрмін.
Күлімдеді жәудіреп бұлақ,
Үлгілдеп кетіп, гүлдей боп күлдім.

Гүл шығын жұтқан самалдай,
Тербелдім, ауада.
Бар дертім жоғалды-ай,
Жан нұрдың саумалын сауа ма?!

ЖАРЫҚТЫҢ КЕЛУІ

Жарықтың келуі қас қағым сәтте,
Нұрына шомыл да, Раббыңды пәкте!
Самұрық жаным қанат қақ көкке,
Биікте қалқып наздан.

Ұшайын, ұшсам жан ноталарым,
Толқиды шалқып жыр боталарым.
Бабаларымнан мың бата аламын,
Тербеліп кетіп, бір аяулы саздан.

Ұшайын, ұшсам бақытым тосқан,
Қуанышыма жылаған аспан.
Инжу төгіліп жосыған жастан,
Өлімнен қашқан жырымды жазғам.

Ұшайын, ұшсам нұрланып жүрек,
Пәкізә достар пәк тілек тілеп.
Жүрген жерімді хош иіс гүл ет,
Бал төгіп жаздан.

ҒАЖАПТЫҚ ДАРИЯСЫ

Ғажаптық дариясының тамшысы едім,
Енді, дарияға айналдым.
Ешкімге беймәлім бір хал құшып едім,
Қуатым берді ол қайнарды.

Гүлназ ТОҚШЫЛЫҚОВА,
әдебиеттанушы ғалым

«Халықтың мінезі, құлқы, ой-санасы өз заманының әдебиетінен танылады».
Халел Досмұхамедұлы

Қазіргі повесть жанрындағы жаңа бағыттың бірі — сатира. Сатирадағы ағалар салған сара жолды ұстанып (С.Адамбеков, Ү.Уайдин, Ш.Смаханұлы, О.Әубәкіров, Ж.Алтайбаев, Б.Қыдырбекұлы, Е.Домбаев, Ф.Қабышев, О.Иманалиев, С.Әлжіков, Қ.Ілиясов, Ә.Табылды), өзінің «Премьер-министр» повесі арқылы заман талабына, жаңа жағдайға сай дамытқан жазушы — Ж.Қорғасбек. Аталған туынды — саяси тұлғаларға деген астарлы сын жоғалып, оның орнына арзан мақтаулар мен колпаштаулар көбейіп кеткенін арқау еткен пародия сынды. Кітап жайындағы: «Е, енді дұрыс болды, нүктесі түгел екен, тіпті леп белгісі де бар екен» деген жолдар Мигель де Сервантес Сааведраның өз заманында рыцарлық романдарға сатира ретінде жазылған «Дон Кихот Ламанчылық» шығармасын еске түсіреді. Сатирик Т.Қожакеев: «Біздің сатириктеріміздің таланты қу, сұм, жебір-жегіш, арызкой, арақкештер туралы жазуға ғана жететін сияқты. Ал үлкен проблема, терең әлеуметтік қайшылықтарды қозғауға бара қоймайды», — деп сатира жанрының олқы, кемшін тұсын көрсетсе, бүгінде соған жауап беретін бірден-бір шығарма — «Премьер-министр» повесі.

Қазіргі қоғам келбетін аллегория тәсілімен айқын бедерлеген (2009 жылы жарық көрген) бұл повестің «Премьер-министр» деп аталуы тегін емес. Бұған дейін қазақ әдебиетінде мұндай тақырыпта шығарма жазылған емес. Автор уытты сарказммен жазылған шығармасына оқырманының көңіл аударғанын, оның астарын түсінгенін қалады. Біздің тәуелсіз мемлекетімізді отыз жыл бойына мызғымай отырып, бір ғана президент басқарып, бірнеше премьер-министр ауысканын жеріне жеткізе сынады. «Қанша күлкіге ұшыраса да, оның әйтеуір мінезі, сосын көп-көп ақшасы бар еді» деген жолдар әрбір басшының қызметке пайда (жеу) үшін келіп, қалтасын (жемқорлықпен) толтырған соң, еш жазаланбай, өзіне тиімді, денсаулығына артық салмақ түсірмейтін, жайлы қызметке ауысып кете беретін келеңсіздікті алға тартады.

Өз заманының жанашыр қаламгерінен оқырман қауым сатиралық оқиғаны көру, тану, табу, оны көркемдік-эстетикалық тұрғыдан сомдап, оқырманына ой салатындай етіп жазуды күтетіні белгілі. Абай заманында «пысықтар арыз жазушылар, жала жабушылар, өз халқын өзгеге жем етушілер, құр көкірек, бос кеуделер» көбейсе; кеңестік кезеңде Ғ.Қабышұлы: «пәлекор, жалакор, паракор, сотанак, түртіншек, тебеген, емеген, суайт, суқит, өтірікші, өсекші, айлакер, саудагер, ұрлықшы жаңа «пенжак-шалбар» киіп, қатары жаңа «қайраткерлермен» толығып, топырлап қаланы да, даланы да жайлап алғаны» сынға алды. Ал тәуелсіз мемлекет жазушысы Ж.Қорғасбектің негізгі нысаны — тойымсыздығы, жағымпаздығы мен көзбояушылығы қоғамдық кеселге айналып үлгерген министрлер.

Мұнда тұтас қоғамның карикатуралық портреті бар. Қоғамды ірітіп, тұралатып жатқан жемқорлық мәселесі безбенделген. Өтірікке имандай ұйыттын кер заман, кесірлі қоғам сипатын түйреп өткен астарлы күлкі, уытты сарказм бар. «Қоғамдағы былықтың оқыс тұсына шүйліккендіктен» автордың сатира майданындағы ойы өзекті, құнарлы.

Жанрдың білгірі Т.Қожакеев: «Егер жазғанымызда өмірдің аумақты бір панорамасы жайылып салынса, заман, кезең кең суреттелсе, характерлер қақтығысы мол да ұзақ камтылып, сол дәуір, сол орта қайшылықтары терең ашылып әшкереленсе, осылардың негізінде автор үлкен

ойлар түйіп, зор жинақтауға көтерілсе, ол туынды сатиралық повесть болады», — дейді. Жазушы Ж.Қорғасбек те өз дәуірінің шындығына дер кезінде белсене үн қосу үшін бұл повесін саналы түрде сатиралық бағытта жазды десек, дөп түсеміз (Поль Лафарг айтқандай, «моралисты без морали» қалған жоқ). Өйткені сатирик О.Әубәкіровтің «Бос портфелінің» иесі — «портфельде не қалам, не сия, не құрай, не мия

жоқ, ең болмағанда жасырынып қалған жын жоқ, ал портфельде мін жоқ, бос портфель көтеріп жүрген мына қасқаның басында дым жоқ» деп сипатталатын дөкей бастық кешегі замандағы бастықтардың әлқиссасы болса, бүгінгі заманның шын қиссасын Ж.Қорғасбектен табамыз.

Туынды ағылшын жазушысы Уильям Теккерейдің «Мансапқорлар жәрменкесінен» бір мысқал кем емес. Сыншыл реалист Теккерей түйрегендей, біздің қоғам бейне бір үлкен жәрменке сынды, шешуші рөлді атқаратын — ақша. Онда бәрі сатылады, ақшаң болса, арманың орындалады, өзін қалайтын қандай қызметті де сатып ала аласың. Ақшаң болса, даусың болмаса да әнші боласың, білімің болмаса да бастық боласың. Ж.Қорғасбектің «Басқа бір қолайлы Премьер-министр табылғанша, уақытша» деген сөздері «көп-көп ақшасы» бар адамның еш қиындықсыз премьер-министр бола алатынын меңзеп отыр. «Премьер қанша күлкіге ұшыраса да, оның көп ақшасы бар еді» есте қалатын жақсы жағы осы. Марк Твенше пайымдағанда, «күлкі етуге тұрмайды деп те айта алмаймыз».

Ж.Қорғасбек те Теккерей сынды өз қоғамының «қарғыс атқан қоғам» екенін, жақсы мен жаманның, текті мен тексіздің, зиялы мен наданның, парасат пен тоғышарлықтың мидай араласып кеткенін, бүгінгі қазақ қоғамы да «жазуы өшіп қалған» (Мериме) қара бақырдай екенін көрсетті.

Бәрін күйдіріп, жандыру, жою мақсатын көздейтін сатираның талабына сай аталған повесть те өз кезеңінің түйткілді проблемасына шүйлігіп, халыққа пайдасыз, тіпті зиян қоғамдық құрылысты сынға алды. Оның жөн-жосық, әдет-дағдысын жоққа шығарды. Памфлет «қоғамдық құрылысты, жүйені мансұқ ету үшін көбіне оның ірі қайраткерлерін, жетекші өкілдерін сынға алса», автор Премьер-министр мен министрлерді сынға алады. Сол арқылы бұқараның саяси психологиясын оятып, бейқам жата бермей, өз қотырын өзі қасып, өз дертін өзі жазуға талпыну қажет екенін көрсетіп, санасындағы, бойындағы күрескерлік рухты оятуға тырысты. Шығарма желісінен кесепат қоғамның әлеуметтік-саяси мәнін ашып көрсетіп, оны тек қана жоюды көздейтін, ымыраға келмейтін авторлық позиция байқалады. Қоғам дертін әшкерелеу үшін астарлы кекесін (ирония), келемеж (сарказм), әсірелеуді (гротеск) пайдаланып, өткір полемикалық сарынға жүгінеді.

Сатирик Ү.Уайдин: «Сатира жаратылысы — шабуыл. Шабуыл болғанда, оның мақсаты — адам өлтіру емес, адам ойланту», — дейді. Шабуылшы — Ж.Қорғасбек болса, нысанасы — жемқорлар. «Қазақша күрес» бөлімінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті дұрыс ұйымдастыра алмай жатқаны үшін Ішкі істер министрінің сынға алады Премьер-министр. Бірақ онысынан

түк шықпайды. Себебі Ішкі істер министрі оның сөзін шыбын шаққан құрлы көрмей, сынын қабылдамайды. Керісінше, оны мақтау, өзіне сенім білдіру, жұмысын жоғары бағалау деп қабылдап, рақмет айтады. Санасызға сан айтсаң да қабылдамайдының кері келіп, оған сөзін өткізе, түсіндіре алмады. Осыған байланысты автор кейіпкерлеріне номинативті есімдерді қояды. Мысалы, «Ойын» тарауында Малқарбай

(мемлекеттік тәртіп министрлігінің аудандық қызметкері), Жартыбай (басқарма бастығы), көріпкел, сәуегей, атқамінерлер, жандайшаптар, өкіл тышқандар (қара халықтың атынан келгендер), оған қоса, зиялы қауымбыз дейтін топшылдар, жалған партия құрушылар, жағымпаз газеттің тілшілері бар.

Жемқорлық жайлаған қоғамда сатира өрлей, буырқана көрінуі заңды. С.Дөңентаевтың «Бозторғай» өлеңінде астарлы түрде берілген қанға тойып ыңқ-ыңқ етіп отырған қырғи, көкірек керіп қаз етін жеп отырған лашын сынды патша шенеуніктерінен бүгінгі министрлердің айырмашылығы шамалы. Жемқорлардың үстемдігі, олардың майлы шөлпекке айналдырып алған жұмсақ креслосынан айрылмауы тәуелсіздік алған кезеңде де биліктің (ниетін, халыққа деген көзқарас, ықыласының) өзгермегенін көрсетеді.

С.Дөңентаев та, Ж.Қорғасбек те шартты түрде жазып, нақты адамдардың атын атамайды, оқиғаның болған жерін көрсетпейді, бірақ өмірлік фактіні арқау етеді. Сынап отырған объектісін түбегейлі әшкерелеу үшін контраст жасап, «Дуалы ауыз» бөлімінде халық сөзін сөйлеген, шындықты бетке айтатын, зиялы жанды «Арысым, ардағым» деп ортаға шығарады, яғни халықты алдап, «билік әділ» деген пікір туғызу мақсатында әкеліп, қошемет көрсеткен боп төрге шығарғанымен, оқырман оның сағы сынған, мүлде қауқарсыз жан екенін байқайды. Бұл қоғамда ақиқат пен әділдіктің ақ туын көтеретін, шындықты айтатын адамдарға орын жоқтығы айқын көрсетілген. Кешегі үкімет пен билікке қарсы сөйлеп, «басшыдан қосшыға дейін бәрін сықпыртып сынаған», шындықты тіліп бетке айтқан, жеті жыл шетқақпай көріп, қудаланған, асқан зиялы адамның бүгінгі сипаты: «Таяғымен астын түртпектеп, өзі талтақтап, көпке емірене қарап, әркімге бір жаутан-жаутан етіп, жігіттердің екі жағынан демеуімен әлтек-тәлтек басып қалған кәрі шал. Оны ортаға әкелгендегі биліктің мақсаты — өздерін шындықты жақтайтын етіп көрсету. Бірақ бір парадокс: ол өзі сөйлеуден қалған, құлағы естімейтін, тіпті «жаза алмауы да мүмкін» қадірменді қарияның сәлемін көпшілікке оқып береді. Оқылған жасанды хаттың мағынасы: көп жетістікке жеткен біздің елімізге көрші елдер қызығады, егер олар осындай жетістікке жетсе «бақыттан бастары айналып, шарттықтан милары шайқалар еді». Қарияның әдейілеп бүгінгі жиынға келіп, өсиет айтудағы мақсаты — басшыларды қадірлеп, оларға қарсы келмей, атқамінерлердің мәртебесін арттыру. Бұл — схоластика қолдаған, ортағасырлық батыстағы ауызжаласқан феодалдар мен шіркеу қызметкерлерінің «о дуніенің рахатын көріп, жұмаққа түскің келсе, өз феодалыңа адал, тегін қызмет ет»

деп аңғал халықты үгіттейтін абсурд насихатындай.

Төраға өсиет-хатты оқып болғанда залдағылардың ерекше шабытпен, сүйсіне қол шапалақтауынан кептер-алақандар пыр-пырлап дүр көтерілді. Қария дәріменсіз жас баладай әркімге бір жауғанда, күліп, өзіне көрсетілген құрметке көңілі босап, көзі жасаурап, орамалымен қайта-қайта сүрте берді. Ол өзінің бұл жерде

тек қуыршақ кейпінде, марионетка болып отырған шындығын естіген де, білген де, түсінген де жоқ еді. Өкініштісі — биліктің шындықтың өзін шынғыртып, қайсардың рухын сындырып, құлдыққа салатынында.

Автор саясат сырын, оның қолданар аяр тәсілдерін, халық алдында ойнар кезекті ойындарын жақсы біледі. Өзі жазып отырған болмыс, фактінің терең мәнін, зиянды сырын ашып көрсетеді. Сатирик Уайдин айтқандай, оппозиционер секілді өз пікірін ашық айту бар, бірақ қоғамға қарсы емес, ұстанған өз бағыты арқылы шындықты ашып көрсетеді.

Повесть өкіл тышқандар, шарадамдар сынды сатиралық образдарымен бай. Ж.Қорғасбекте орынбасарлар мен көмекшілер, кеңесшілер мен жандайшаптар биік лауазымды атқамінерлерді құйынның бір сокқанына шыдамай, не тамақ, не сусын, не жұмыс жоқ аспанға ұшып кетеді. Өйткені олар шарғып үрленген адамшарлар еді. Ерекшелігі — тұла бойында тыңдайтын да, сөйлейтін де тесік қалмаған, құлақ түріп тыңдаса, не ауыз ашып сөйлесе, желдері шығып кетеді; тыныштықты, желдің сокпауын армандайтын, жиналыс үшін ғана өмір сүретін адамшарлар.

Қорғасбек сатирасы жанрдың талабына сай өмірлік құбылыстарды шындыққа ұқсатып, жанасымды етіп суреттеп, осындай ситуациялар өмірде болатындай етіп суреттегендіктен, оқырманына сенімсіздік туғызбайды. Сатирада автор оқиғаның, фактінің тек логикалық жүйесіне жүгінеді де, ойдан, қиялдан байытуға тежеусіз барады. Шарттылық тәсілін пайдаланып, нақты адамды туралап көрсетпей, өкіл тышқан, көріпкел, сәуегей сияқты ойдан шығарылған кейіпкерлерді енгізгендіктен, «сойылын сүйретіп соғысқа шығатын» адам болмағандықтан, әлеуметтік жинақтауға қол жеткізіп, кеңінен, ашық суреттеуге мүмкіндік алған. Мәселен, «Министр болғын келе ме?» тарауында премьер-министр мемлекет қазынасын толтыруды өз қалтасынан бастауды ұсынады. Мұнда түрік елінің 22-премьер-министрі болған академик, экономист, саясаткер Тансу Чиллердің есімі аталады. Біздің министрлер: «Түріктер әйелдердің сырға, жүзіктерімен қазынасын толтырған», — деп келеке етеді. Ал өздерінің халықты тонаған ұрлықшы екенімен шаруалары жоқ. Министрлер осыншама байлыққа қайдан ие болды деген сұрақ қоя алмаймыз. Өйткені олардың байлығының барлығы — заңды, заңдастырылған. Оноре де Бальзактың шығармасындағы эльзастық иудейдің ұлы, банкир, миллионер Нусинген сынды барынша адал, байлықты тек әділ, заңды жолмен иемденген. Мәтінге сүйенсек, Премьер-министрдің Швейцария банкінде бес жүз миллион доллар ақшасы, құны екі жүз елу миллион доллар тұратын Бельгияда қорғатасы; Вице-министрдің

Канар аралдарында екі қорғантас үйі, шетелдегі есепшотында төрт жүз елу миллион доллары; Жол министрінің Африкада үлкен қорғантасы, Мәрмәр теңізіндегі Бүйікада аралында қорғантасы және банкте төрт жүз елу миллион доллары; Есеп-қисап министрінің Анталияда демалыс үйі, Голландияда зауыты және үш жүз елу миллион доллары; Тәртіп министрінің Сочиде саяжайы, Канадада жабық стадионы және үш

Сатириктің қаруы – күлкі. Кесапат атаулыны күлкімен емдеу – жақсы әдіс қатарынан саналады. Аристотель «Күлкілі жайт – ешкімге қайғы әкелмейтін, жанды қинамайтын қайсыбір қателік, қисынсыздық» дейді. Қай уақытта да күлкі нысанасы ретінде – қоғамдағы, адам бойындағы жағымсыз кесел, мінез-құлық алынатыны белгілі. «Шынайы сатиралық, юморлық шығарма тудыру үшін авторға

жалған мақтау мен көпірме сөздерге тойған премьерді жалаңаш қалдыру арқылы өтіріктің түбі неге апарып соқтырарын көрсетеді.

Әдебиеттер диалогы – халықтар диалогы. Повесть сюжетінен әлем әдебиетімен үндестік пен мұрағаттық байқалады. Бас кейіпкер премьер-министрдің киім киісі дат жазушысы Андерсеннің жалаңаш патшасының әрекетін еске түсіреді. Ганс Христиан Андерсеннің ертегілері тек балаларға арналып жазылмаған, ішінде саяси тақырыпта жазылған ертегілері де бар. Соның бірі – «Корольдің жаңа киімі». Халық қазынасын киіміне шашатын корольді автор ашы мысқылмен әжуалап, сын найзасына түйрейді. Өзге басшылар әлеумет жайын ойлап, кеңес құрып, мәсе-

А.Кеншілікұлының «Неліктен?» сынды сауалдарының заңды жалғасындай туынды. Қазіргі қоғамның жарасы, проблемасы (*жемқорлық, жағымпаздық, мансапқорлық, көрсеқызарлық, бәсекелестік т.б.*) сипатталғанымен, нақты жауабы жоқ туынды. Автор шығарма финалын ашық қалдырады. Автор мақсатты түрде басқа жанрларға қарағанда, еліміздің әлеуметтік-саяси өміріне белсене араласатын сатира жанрын тандап алу арқылы жақсы мен жаманды айырудан қалған қоғамның қасіретін көрсетті. Адам бойындағы батылдық, тазалық, мейірімділік сынды асыл қасиеттері әділдік болмаған қоғамда құнсызданып, жойылып, жұтылып тынып, оның орнын екіжүзділік, жемқорлық, менмендік сынды арам қабілеттер басатынын дәлелдеді.

Повестің біздің түсінігіміздегі кемшін тұсы – жеке тарау, бөлімдерінің арасындағы ішкі бірліктің, біртұтастықтың болмауы, олар жеке-дара шығарма секілді көрінеді. «Мұңлы эпилогта» автор бұл жөнінде «кез келген тарауын жұлып алып тастай берсеңіз де, сюжет желісіне еш нұқсан келмейді» деп көрсеткен. Дегенмен шығарманың біртұтастығы оқырманға жақсы әсер ететінін де ескеру қажет.

Шығарма көлемі шағын, ықшам формада жазылған. Автор сөз қуып, көркем сөздермен беруді мақсат етпейді. Шығарма қысқа қайырымдылығымен, қарапайымдылығымен, ұятты тілімен ерекшеленеді. Сын тоқпағына алынатын нысананы орынбасарлары арқылы әшкерелейді. Ақын құбылысты барған сайын өсіре күшейтіп, күлкілі көріністің табиғатына терең бойлатып, гротескілік-гиперболалық мәнерімен оқушысына ерекше әсер етіп, күлкіні өткірлеп отырады. Мұнда тұспал, мензеу, аллегорияға жүгіну бар. Автор «жалаңаштанбайықшы» деп тұтас қоғамға айқай салғысы келеді.

Жазушының аталған туындысы сатираға қойылар өзіндік талаптар мен шарттарға жауап бере алған. Өз заманының шындығын көзбен көріп, азаматтық мәселелерге белсене үн қосып жүрген жазушы «өз дәуірінің дүбіріне үн қосып» (*Н.Куантаев*), өрнек-айшығы басқа, жаңа, сапалы тұстарымен кейінгі қаламгерлерге өзгеше нұсқа көрсете аларлықтай дәрежедегі сатиралық дүниесін жазды.

Сатира – қалам ұстағанның бәрі батылдық таныта бермейтін жанр. Бұл классикалық жанр – жазушының субъективті шешімімен жүзеге асырылған деуге болады әрі нағыз дер кезінде жазылған туынды. Қорғасбек повестінің рецепиентке саяси әсер ету дәрежесі күшті. Таңдаған тақырыбын, ой-санада сараптап, сынсық тілімен бейнелі сөйлетеу өзіндік табысқа жеткен, яғни «үндістер секілді сатирик деген аз халықтың» (*Көпен Әмірбек*) лайықты өкілі бола білді.

«Премьер-министр» повестің тәуелсіз қазақ әдебиетінің жаңашылдығы, жеңісі деуге болады. Кеңес үкіметі сатираның сипатын да, мақсатын да, кейіпкерлері мен нысанын да түбегейлі өзгерткені белгілі. Коммунистік партияны мінсіз деп санағандықтан, тұтас қоғамды сынауға жол бермей, қарапайым, «кішкентай» адамдарды сынауға ғана жол берсе, Ж.Қорғасбек өз шығармасында тұтас билікті, әділетсіздік пен қиянатты, паракорлық пен жемқорлық жайлаған қоғамды найзасының ұшына алып, ел мүддесінің жоқшысы денгейіне көтерілді. Автор бұл жанрды кездейсоқ тандап, адасып келген жоқ. Сан жылы мерзімді баспасөздегі тынымсыз еңбегі, мол тәжірибе, ой-парасат, қоғам арасында үздіксіз ой салып, ашық пікірталасқа шақырып отыруы осы повестің жазылуына алып келді (*мүмкін автордың депутаттыққа сайлауға түсіп, әділетсіздікпен бетпе-бет келуі де әсер еткен шығар*). Туынды идеясы қоғамдық-саяси өмірдегі кемшіліктерді жоюға бағытталған. Жазушы өзінің жаны ауыратын, толғантқан тақырыпқа баратыны түсінікті.

ҚОҒАМНЫҢ КЕЙІН ТУАДЫ

(Ж.Қорғасбектің «Премьер-министр» повесі хақында)



жүз миллион доллары; Зейнет министрінің Канар аралдарында үй-жайы, үш жүз миллион доллары; Соттардың сотының жеті жүз миллион доллары бар. Жалмауызға жан керек болса, бұларға отырған жұмсақ креслолары керек. Сол үшін қанша ақша болса да беруге даяр. Олар мұны қазынаға құйғанмен мұрты да қисаймайтынына премьер-министрдің: «Тағы да жинап аласыңдар, өкінетін ештеңе жоқ. Біз сендермен бұдан кейін де бірге жұмыс істейтін боламыз», – деген сөздері дәлел. Автор лауазым иелерінің заңсыз жинаған байлықтарын әшкерелеу арқылы «мың асқанға – бір тосқан» болатынын ескертеді.

Үстінен кілкіген газ бен түтіні арылмаған Алматы... Сиыр жалағандай жалтырап тұрған, мәрмәр таспен шегенделген, қабырғасы ұлутаспен қапталған, адам есінен танағандай аппақ, биік, зәулім үйлерде түрмеге отырып шыққан атакты ұры, түрме бастығы, бас молда, бас салықшы тұрады. Олар қала кірлеп кетті деп, үйлерін тау басына салған. Демек, кірлеп кеткен қала ғана емес, «қара халық кірлеп кетті». Олар қара халықпен бірге тұруға арланады, өздерін олардан тым жоғары қояды.

Жазушының бұл повесі оқырманының бойына «зұлымдықтың іні түлкінің жымындай мың түйіншекті болғанымен, ізгілік індетте жүріп жеңбей қоймайтынына» деген сенім ұялатады. Жетпіс жыл үстемдік құрған социалистік құрылыстың түбіне жеткен – сөз бен істің арасындағы ақылға сыймайтын алшақтық, жеке басқа табынуға, әсіреқызыл сөзге, дәріптеуге жол беру, халықты тобыр санау деген тажалдың да қоғамда үстемдік құрып отырғанын ашық айтады.

басты үш нәрсе қажет: біріншіден, өмір құбылыстарынан күлкі объектісі болатын «дәнді» ажырата білетін «көргіштік» қасиет, екіншіден, ұятты да өткір тіл, үшіншіден, «ақындық қуат». Қорғасбек повесінде кер заман, кесірлі қоғам сипаты астарлы күлкі, ұятты сарказммен берілген.

Ең басты көңіл аударатын мәселе – премьер-министрдің киімі. Өйткені ешкім мақтамайтын, ешкім даттамайтын, суретшілер бір жыл суретін салған, мүсіншілер бір жыл тер төгіп, мүсінге айналдырған, ерлі-зайыпты сиқыршылар жан кіргізген, депутаттар дауысқа салып, сайлап алған, дәлірек айтқанда, қолдан жасалған министрдің үлесіне берілген жалғыз нәрсе – киімін өзі тандап киінуіне берілген құқық. «Премьер-министр әлемдік дағдарыстан айылын да жимады», «Премьер-министр ана елде оқып келген, мына елде оқып келген», «Премьер-министр іске кірісті» деген құр ұрандар мен «Біз сенімен біргеміз, дағдарыс дауылы соқса да» деген сыпатты арнау өлендерден тұратын, мақтау мен марапатқа толы киім киген басшы көшеге шыққанда балалар тыр жалаңаш кісіні көргенін жарыса әңгімелеп жүреді. Бұл – аллюзия.

Киімі мақтау-марапатқа толы республикалық, облыстық газет, арнау өлендер жазылған кітаптан тұрғанымен, «көрші үйдің балалары көшеден тыр жалаңаш бір кісіні көрдік деп жарыса әңгімелеп» жүруінің себебі, мерзімді баспасөз, кітап бетінде мақтау сөздердің негізсіз, шындыққа жуымайтындығынан еді. Зерттеуші М.Кольцов айтқандай, мұнда дәлелдеу тенденциясы бар. Өйткені автор

ле шешіп жатса, бұл корольдің жаңа киім ауыстырудан қолы тимейді. Соны біліп, пайда іздеп келген екі алаяқтың құрған торына бүкіл сарайдың түсуі өкінішті. Өз орындарында қалу үшін министрлердің тігілмеген матаны көрдім деуінің салдарынан, өзі ақымақ король халық алдына жалаңаш шығып, абыройы төгіледі. «Балалы үйдің ұрлығы жатпас» демекші, бойын министрлер секілді король маңайындағы «жылы орындарынан» айрылып қалу қаупі билемеген кішкентай бала ғана патшаның үстінде лыпасы жоқ, тырдай жалаңаш екенін жария етеді. Сонда ғана король өзінің алданғанын түсінеді. Андерсен ертегісінде суреттелген бұл «шындықтың» бүгінгі таңда біздің қоғам үшін де жат еместігін меңзейді автор. Кейіпкер-корольдің өмірі қай ғасырда болмасын қоғамның суреті, шынайы, ашы бет-бейнесі болып қала бермек. Күнделікті тұрмыста, яғни бүгінгі қоғамда болып жатқан әділетсіздіктер мен бассыздықтарды көріп жатсақ та, ертегідегі көре тұра байқамайтын «халық жанашырларынан» еш артықтығымыз жоқ.

«Премьер-министр» повесінің болмыс-бітімі композициясынан көрінеді. Шағын миниатюралы сатиралық бөлімдері қалауын тауып, қиысып, бүтіндік танытады. Тарау аттары мазмұнына сай. Тіні күлкімен суарылған. Созғылап суреттеу, мыжғылап баяндау, зорлап күлдіру сынды арзан тәсілдер мүлде жоқ. Барлық бөлімдерін киюластырғанда көздеген мақсатына сай, оқырманына бағыт сілтеп, мақсатты сурет жасауға тырысқан. Аяр күлкі, ойлы-оспақты ойнақылық, астарлы-ауыспалы мағыналылық бар. Ұятты тіл, өткір сөзімен ойлантады.

Неге үтір мен сұрау белгісінен тұратын бұл шығарманың нүктесі жоқ?.. Өйткені басшы ісінде тиянақ жоқ, халық есінде қалатын жақсы әрекет, қимыл, тиімді реформа жоқ. Бірақ нүктесі түгел, леп белгісі бар шығарма жазылар деп қаламгер жақсы күннен, жақсы басшыдан үмітін үзбейді.

Автордың өзі бұл туындыға: «Уақытша кітап, ешкім түсінбейді, мұнда мазмұн жоқ, ұлттық бояу жоқ. Эмоциялық әсерден мүлде ада, оқырман сезімін селт еткізбейтін суық, шаң басқан кітапхана сөресінен орын алатын шығарма, өйткені ол о баста ұмытылу үшін жазылған шығарма болатын», – деп баға береді. Керісінше, мұнда мол саяси ой-өріс, отты тіл, патетикалық үн, проблеманы түсіну, тегеурінді зіл, сатиралық ірі қорытындыға көтеріле білу бар. Автор оқиғаны сатиралық интонациямен баяндап, сатиралық пафоспен шешеді. Комикалық ситуация («Қал» тарауында), сатиралық лепті диалогтар бар.

«Премьер-министр» – О.Бөкейдің жауабын таппаған «Неге, біз осы?», сыншы

«Ақындар ауылы» атанған Ақкиізтоғай – менің кіндік қаным тамған қасиетті топырақ. Кәрі тарих қойнауына көз жүгіртсек, бұл жер – әрісі Аралтөбеден табылған «Алтын адамның», берісі аруақты Бекет атамның туып-өскен жері. Сондықтан киелі мекеннен өткен ғасырдың өзінде Қабіболла Сыдиықов, Меңдекеш Сатыбалдиев, Аманқос Ершуов сынды біртуар ғұлама ғалым, ақиық ақындардың шығуы да заңдылық. Атақ-абыройы асқақтаған ауылым – қаламгерлердің ғана емес, батыр бабамыздың ерлік дәстүрін жалғаған ержүрек ерлердің де туған топырағы.

Иә, осындай туған жерін, ауылын сағынбайтын адам жоқ. Мен Ақкиізтоғайдан 255 шақырым жердегі Атырау қаласында тұрсам да кейде көкіректі сағыныш сазы кернейді. Сондай сәттердің бірінде ертемен серуендеп өз үйімнің іргесіндегі «Жеңіс» саябағына барамын. «Мәңгілік алау» жанындағы Ұлы Отан соғысынан оралмаған боздақтарға арнап орнатылған мемориалдық тақтаға келіп тағзым етемін. Ондағы мәрмәр тастың бетінде Ақкиізтоғай ауылынан қанмайдаңға аттанып, жат жердің топырағын жамылып, Отан үшін опат болған бірнеше арысымыздың аты-жөні жазылған. Соның ішіндегі жерлесім, қарапайым ғана ауыл шаруасы Құрманғали Ершуовтің есімін ерекше қастерлеймін. Ол – мен үшін ерен тұлға, ерекше құрметке лайықты азамат. Биік рухтың үлгісін көрсеткен туған жердің перзенті.

Оның өткен ғасырдың 30-жылдары, зұлмат замандағы ерлікке пара-пар қайсарлығына, табандылығына қарап, елге, жерге деген шынайы сүйіспеншілік сезімінің қандай болуы керектігін ұғындым. Ол құдіретті күш тек қана туған топырақты, ауылыңды аңсаумен шектелмейтініне көз жеткіздім. Ол кіші Отанына деген махаббат – туған өлкеңнің өзін секілді төл перзенттерін сүйеден, үлкенге – құрмет, кішіге – ізет, әлсізге қамқорлық, қолдау көрсетуден, қиындыққа тап болса, көмектесуден, өмірден өткен жерлесіңнің аруағын қастерлеп, мұсылманша ақ жауып, арулап жер қойнына тапсыру секілді адамгершілік пен ізгілік амалдарынан тұратынын айғақтады.

Әрине, менің әңгімеді оқып отырған адам елін басқыншы жаудан қорғап, шейіт кеткен мыңдаған боздақтар ішінен жалғыз Құрманғали Ершуовтің есімін неге айрықша әспеттеп отыр деп ойлауы мүмкін. Ол қанмайдаңда көзсіз ерлік жасап, жалғыз өзі жауды тойтарған жоқ, танк колоннасын талқандап немесе бір шайқаста бірнеше фашисті жайратып салған жоқ. Мүмкін, қарсы келген дұшпанының тұмсығын тасқа тіреп, қандыкөйлек жолдастарымен бірге атойлап, соған тең келерлік ерлік жасаған да шығар. Бірақ ол атақ-данқ, орден-медаль үшін емес, артында қалған ағайынын, ұрпағын, ауылын, жұртын жаудан қорғаймын деп кеудесін оқ пен отқа төсеп, кескілескен шайқаста үнсіз мерт болды. Сондықтан да ержүрек ердің жауынгерлік жолы сан мыңдаған боздақтармен бірге белгісіз күйде тарих қойнауына сүңгіп кетті. Алайда оның сонау 30-жылдардың ашаршылық нәубеті кезінде жасаған ерге тән ерлік ісін айтпасақ да, жазбасақ да болмайды. Өйткені қайсар рухты Құрманғалидың өз отандасына деген адалдығын, аруақ алдындағы кіршіксіз таза ар-иманын өскелең ұрпақ жадында жаттап өсуі, есте сақтауы тиіс.

Сол бір зұлматты заманның арқаға аядай батқан ауыртпалығын арқалаған ақкиізтоғайлық Құрманғали Ершуов өмірінің қайғы-қасіретке толы жылдарын мен көзі тірісінде шоқпартоғайлық Тұяқбай Айтжанов деген ардагерден естігенмін. Ол кісі 1919 жылы туып, жүз жасаған абыз-ақсақал, қарт майдангер еді. Ұлы Отан соғысының отты жылдарында Қ.Ершуовпен әскерде бірге болып, бір окопта жатқан. Өмір мен өлім арпалысқан қанды қасапта ажалмен арыстандай алысқан арыстай азаматпен соңғы рет тілдесіп қалған да осы Тұяқбай әкеміз болды. Сонда қайсар жүректі қыр-



ҚАЙСАР РУХТЫ ҚҰРМАНҒАЛИ

дың азаматы ашаршылық кезінде басынан кешкен мына бір оқиғаны баяндап беріпті:

– Бұрын ештеден тайсалмаған жүрегім бүгін қатты қобалжып тұр. Шамасы маған да ажал сағатының таянып келіп қалғанын сезініп тұрмын. Артымда қалған елімді, жерімді, ағайынды, ұрпағымды ойлап, қатты қамығып отырмын, мынау алмағайып заманда болашақ тағдырлары не болар екен? Егер аман-сау елге жетіп жатсаң, менен дұғай-дұғай сәлем де. Ер жігіттің басына не келіп, не кетпейді. Бұл ауыр сынақтан да өтгерміз, еліміз бейбіт дәуірге қол жеткізеді. Бірақ өткен нәубет жылдардағы зұлмат заманның зар-мұны құлағымнан кетер емес. Жарасы оңайлықпен жазылар ма?! Қаншама ағайын-бауыр бір үзім нанға зар болып, аш ішегі бұралып, сүйегі көмүсіз айдалада қалды. Соның бәрін ойласам, қабырғам қайысады. Қасқа қазақ не көрмеді?! Әсіресе кешегі елімізді Голощекин басқарған 30-жылдардағы ашаршылық ауыр тиді ғой. Ол аздай, енді, міне, соғыс. «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген ұранмен өткен коллективтендіру науқаны қолдағы барымызды сыпырып алды емес пе?! Төрт түлік малға қараған бұқара жұрт жоқшылықтың қамытын кигеннен кейін арғы жағынан аузын арандай ашқан ашаршылық та ауылымызға ажал болып төне бастады. Амалымыз таусылған біз ағайын-тумамен келісіп, туған жерімізден безіп, Бесқалаға қарай астық, көршілес Қарақалпақстан, Өзбекстан еліне босып кеттік қой, – деп бастаған екен әңгімесін қандыкөйлек жолдасы.

Содан Жылыойдан барған жұрт Бесқала жерін паналап, тұрақтайды. Сол жерде жан бағып, өз-өзіне келген жылыойлықтардың жат жерде де жағдайы келіспесе керек. Атамекеннен ауған адамның халі қайдан жақсы болсын?! Туған жерін аңсаған ағайын ауық-ауық ел жаққа елендеп, сағынышқа толы сары ала күндерін бастан кешіреді. Ақыры арада бір аз жыл өтіп, өз өлкесіндегі өмір қалыпқа келді-ау дегенде қазақ ағайындар көштің басын ауылға қарай бұруға бел буады. Сөйтіп, Бесқаладан жаяу-жалпылап шыққан ағайын айлап, апталап жүріп, Жылыойға бет түзейді. Көпшілік туған жердің топырағына табаны тиіп, аш құрсақ, шаршап-шалдығып жетсе де, туысымен қауышып, елге аман келгеніне шүкіршілік етіп, шексіз қуанышқа кенеліп жатты. Сондай шағын көштің бірін біздің басты кейіпкеріміз Құрманғали Ершуов та бастап шыққан-ды.

«Көш» деп ауыз толтырып айтып тұрғанымыз: бірлі-жарым есекке мінгескен жаяу-жалпы жүдеп-жадап, шаршап-шалдығып босып келе жатқан жұпыны жұрттың бірінің артынан бірі тізбектеле өрен ілескен легі ғана. Өзінің ағайыны, басқа жерлестері бар, ауылға бағыт алған Құрманғалидың сонынан да сондай біраз адам еріп келеді. Солардың ішінде есек жетектеген үлкен қарт бар болатын. Ол Кеңес деген ауыл ақсақалы еді. Есекке ағайынды екі бүлдіршін ұл мен қызды отырғызып алған. Қос бала – Сүйінғараның немересі Нұрғазы деген азаматтың перзенттері. Баланың бірі – Дүйсен, сол кезде 4-5 жаста болса, екіншісі апасы – Қуаныш, 10 жастағы қыз екен.

Хош, сонымен, елге аңсары ауған жылыойлықтардың сапары әп дегеннен сәтті бола қоймады. Жолшыбай шөл де қысады, аштық та қинайды. «Жол азабын жүрген білер» дегендей, бәрінен де бұрын Кеңес ақсақалға ауыр тиеді.

– Орта жолға келгенде қария қатты шаршады білем, әлде шөл қысып су іздеді ме, қайдам, бір тоғайлы жерге жеткенде бұталардың түбіне қарай бой тасалап, бұрылып кетті. Кері келіп, қатарға қосылар деген оймен біз сапарымызды тоқтатпай, алға қарай есекпен жылжи бердік. Біраз жер жүргесін артыма бұрылып қарап едім, соңымыздан еріп келе жатқан шалды көре алмадым. Амал жоқ, көшті тоқтатып, соңынан іздеуге шықтым. Бір талдың түбіне келгенде жерде сұлық жатқанын көріп, қасына жетіп бардым. Қарасам, қариямыз жан тапсырыпты. Шамасы, аштық пен шөлге ағзасы шыдас бермеді ме, әйтеуір, үлкен кісі көз алдымда бақилыққа аттанды. Кенеттен келген қаза күйзелтсе де, сабыр сақтап шыдап, денесін есекпен көштің басына алып келдім. Әрине, өзіміз ұзақ жолдан діңкелеп келе жатқанда бір төмпешіктің басына жерлеп кетсем де болатын-ды. Сол үшін мені ешкім сөкпесте еді. Әйткенмен оған дәтім бармады. Осыншама жасқа келіп, туған топырағына жете алмай орта жолда арманда кеткен ауыл ақсақалын жат жерге қимадым. Қалайда елге жеткізуге бел байладым. Сөйтіп, денесін бұзылмайтындай етіп жақсылап орап, арқама арттым да, ауылға дейін мыңдаған шақырымды артқа тастап, алға қарай ұмтылдым. Көлігім есек болды. Жетім қалған қос бүлдіршінді де жетектеп, далаға тастамай тума-туыстарына жеткізгенше асықтым. Ақыры талай азапты күндерді бастан өткеріп, өлдім-талдым дегенде туған жеріміздің топырағына да табанымыз

тиді-ау. Кеңес ақсақалдың сүйегін аяғым жеткен Қарашүңгілдегі қорымға жерлеп, туған жердің қойнына табыстадым. Қос бүлдіршінді бағып-қағып, ауылға аман-сау алып барып, ағайын-тумасына тапсырдым, – деп әңгімесін аяқтайды Құрманғали Ершуов.

Бұл шамамен 1936 – 1937 жылдардың о жақ, бұ жағы болса керек. Құрманғали елге аман жеткізген бала Дүйсен 1932 жылы туған ұл еді, 2002 жылы жетпістің жотасына жетіп, Майкөмген ауылында дүние салды. Ал 1926 жылы өмірге келген апасы Қуаныш 90 жасап, 2016 жылы қайтты.

Осылайша, қайсар жүректі Құрманғалидың арқасында ауыл ақсақалына туған жерінің топырағы бұйырса, ит-құсқа жем қылмай жеткізген қос жетім жетіліп, жапырағы жайылып, ұрпақ өрбітіп, қарттық дәуреннің дәмін татып барып, өз атамекенінде өмірден өтті.

1900 жылы туған Құрманғали болса, сол кезде небары 37 жастағы жігіт еді. Қарияның сүйегін жат жерге тастамай, елге жеткізген Құрманғалидың табандылығы мен қайсарлығына ауылдастары тәнті болды. Әсіресе Кеңес ақсақалдың ағайындары разы болып, кейін алғысын жаудырған да шығар.

Бірақ біздің айтпағымыз басқа нәрсе: марқұмның сүйегі түгілі тірі адамның өзі денесін сүйретіп өрен алып келе жатқанда нар тәуекелге қалай барды? Мыңдаған шақырымға созылған алыс сапарда қаншама қиындық көріп, ауыртпалық арқасына аяздай батса да, өр рухты азаматтың ақсақалдың мүрдесін қайткенде де атамекеніне жеткізуі көзсіз ерлік емес пе?! Неткен төзімділік, неткен табандылық!

Өзге жердегі Бесқала аумағынан Жылыой ауданының Майкөмген ауылдық округінің аумағындағы Қарашүңгіл қауымына дейінгі шақырымдарды артқа тастап, арқасына мүрде артып, жетегіне кішкентай балаларды ергіп, қабырғасы қайыспай жүріп өтуге бүгінгі ерлер қауымының рухы жетер ме?! Осы оқиға көрсеткендей, адамның рухы мен адами қасиеті бәрінен жоғары тұруы қажет екен.

Қазақ – аруақты қастерлеген халық! Діні мен дәстүріне берік Жылыой жұртының қайсар жүректі Құрманғалиының бұл әрекеті, сөз жоқ, бүгінгі заманның жастарына үлгі-өнеге боларлық ізгі іс, батырлық. Құрманғали сынды атпал арыстарымыздың батылдығын, қайтпас қайсарлығын көбірек айтып, насихаттауымыз қажет. Ол туған жерінің топырағы өзіне қандай ыстық болса, жат жерде көз жұмған қария үшін де сондай қастерлі екенін жан-жүрегімен ұғына білді. Қарияның кәрі сүйегімен бірге туған жер төсіне оның рухы да қалықтап ұшып келгеніне сенді. Сондықтан да қолынан келгенінше арулап жерлеп, дұғасын бағыштап, жер-ананың қойнына берді. Артында қалған ұрпағына жерленген жерін көрсетіп, басын қарайтуға себепші болды. Бұдан асқан аруаққа деген құрмет, имандылық, адамдарға деген сүйіспеншілік болар ма?! Қарапайым ауыл азаматын мұндай көзсіз ерлікке итермелеген, әрине, жоғарыда айтқандай – қайсар рухы мен адами қасиеті.

Биік рух пен адами қасиеттің үлгісін көрсеткен Құрманғали Ершуов атамекеніне аман-есен жеткесін өзге ауылдастары секілді соғысқа дейін халық шаруашылығы саласында түрлі қызметтер атқарды. Ел басына күн туған сын сағаттарда қолына қару алып, қанмайдаңға аттанды. Қолдағы бар деректерге қарағанда, Құрманғали әкеміз 1942 жылдың наурыз айының 3-і күні әскер қатарына шақырылады. 1943 жылдың 22 ақпанында кезекті кескілескен ауыр шайқастардың бірінде қаза табады. Сүйегі Ресейдің Смоленск облысы, Сжатский ауданы, Медведка деревнясының түбіндегі бауырластар зиратына жерленген.

Өкініштісі сол, өз ауылдастарын жат жерге қалдырмай, туған еліне арқалап жеткізген рухы биік адамның өзіне туған жерінің топырағы бұйырмады. Арманда кеткен арысым, есіл ерім-ай! Маңдайына жазылған тағдыры солай болды...

«ҚАН КЕШКЕН ХАНЗАДАЛАР» түркілік идеяны арқау етіп, елдіктің туын көтереді

(Басы 9-бетте)

Серік Нұғыман, жазушы:

«Мұнда Шыңғыс хан, Тұғырыл хан оқиғалары, соның ішінде Сұрғактан сынды әйелдер бейнесі сәтті бейнеленіп, Төленің бәйбішесі Сұрғактан тамаша рөл ойнайды. Бұл жерде әйелдердің бейнесі өте жақсы, шеберлікпен берілген. Сұрғактан арқылы Тайбұға Шыңғыс ханмен келіседі. Бастан-аяқ оқып шықтым. Ең бастысы бұрын-соңды ашылмаған, Шыңғыс ханның көлеңкесінде қалып қойған Тұғырыл ханның образын сәтті сомдап шыққан. Алдыңғы бөлімде Тұғырыл ордасы, соңғы бөлімде оның немересі Тайбұға – бәр-бәрі сәтті шыққан. Сейдақ бейнесі де сәтті шыққан. Ермақты қалай алғаны, стратегиялық батыл шешім қабылдағаны бәрі жақсы берілген. Роман жақсы шешім тапқан. Дегенмен де менің ойымша осы екеуінің ортасында Шыңғыс әулеттерінің үрім-бұтағын суреттей жөнелетін басы артық тақырыптарды аздап қысқартса да жөн болар ма еді? Оларды бұған дейін қанша қаламгер жазды. Әрине, авторды көркемөзінді ретінде бағалаймын, қарымы да жетпейді емес, келесі басылымдарда соны ескерсе екен. Жалпы, қазақ әдебиетіндегі өз орны бар шығарма ретінде қараймын».

Сәкен Сыбанбай, жазушы, аудармашы:

«Шығарманы оқып шықтым. Шығарманың өзіндік әуені деген болады, бұл шығарманың әуені алғашқы сөйлемдермен-ақ көзге ұрып тұр, өте әдемі жазылған көркем дүние. Сол заманды көзге елестетін сөздер, тенеулер, суреттер, баяндаулар өте әдемі. Қоспа, кірме емес, қазақтың байырғы ескі сөздерімен берілген. Діни тұстарда араб, парсы сөздерін де жарасымды қолданған. Автордың соншама көп еңбектенгені көзге ұрып тұр. Ішінара «Лапка» сынды жаңа заман сөздері келесі басылымында ескерілсе екен. Жалпы, роман өте жақсы оқылады, жүрексініп бастасам да ары қарай кіріп кеттім. Оқырмандаға рух беретін үлкен дүние, құтты болсын!»

Факия Шамшиденова, тарихшы:

«Мен Сібір хандығы және Тайбұға ұлысы хақында тарихи зерттеу жасап, еңбек қорғадым. Кітап шығардым. Жәди Шәкенұлының романындағы тарихи оқиғаларға бір кісідей қанықпын. Мейлі тарихи жағынан, мейлі көркемдік жағынан бұл кітаптан мін іздеудің қажеті жоқ. Бұл бүгінгі қазақ қоғамына керекті дайын тұрған оқулық. Қазақ елін қалыптастыру жолындағы түркі ұлыстарының арпалысты қан кешуі арқылы ойға азық, бойға қуат боларлық өнеге көрсететін кітап. Көтерген идеясы қазақ қоғамына аuadaй қажет. Сол үшін де мен АГУ-де студенттеріме сабақ ретінде оқытудамын. Жалпы, шығарма бойынан мін таппадым деп айтсам да болады. Десе де, кейбір жерін оқығанда Алла ұғымын көп көтеріп, аруақ ұғымын да қатар айтпады ма екен деген ой туды. Мен әдебиетші емеспін, тарихшы көзқарасымен қарағанда, бұл кітаптың берері өте көп. Әдебиет қана емес, тарих үшін

де өте көп дерек ұсынады. Ханды төрелер тұқымынан ғана іздейтін ескілікті сарын емес, түркілік тұрғыдан жалғасқан Түрік қағанаттарының мұрагерлерін сөз етеді. Кешегі Есенберлин, Мағауин тарихи әдебиеттер арқылы ұлтқа қандай өнегелі еңбек етсе, мұнда да соның рухани жалғасы менмұдалап тұр. Мемлекетіміздің қалыптасуының, ұлтымыздың қалыптасуының көркем әліппесін жасап отыр. Тарихи сананы қалыптастыруға көп көмектеседі. Сондықтан да еңбекті өте жоғары бағалаймын».

Осы тұста сөзге араласқан жазушы Омарәлі Әділбек:

«Биыл қазақ көшіне 35 жыл толып отыр. Осы жылдар ішінде еліне оралған Жәди қазақ руханиятына 25 томдық еңбек берді. 35 жыл ішінде шеттен келген ағайындар арасында әдеби шығармалары бағаланып, Мемлекеттік наградаға ұсынылған бірде-бір жазушы жоқ екен. Ж.Шәкенұлының «Қаралы көш» романы түрік тіліне аударылып, Түрік басшысы Ережел Тайып Ердоғанның назарына ілікті. Бізде әлі де толық бағасын ала алған жоқ. Осы ретте қандастар ұйымы атынан Жәди Шәкенұлына Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төрағасының бірінші орынбасары Зауытбек Тұрысбекұлының «Қан кешкен ханзадалар» романының талқы жиналысына жолдаған құттықтау хатын жеткізіп отырмын. Онда қоғам және мемлекет қайраткері З.Тұрысбекұлы Жәди Шәкенұлының қазақ руханиятына қосқан «Қаралы көш», «Оспан батыр», «Қан кешкен ханзадалар» кітаптарының орнын ерекше атап өтіп, осы романының әдеби талқылауына сәттілік тілеп, сәлем айтты. Баршаныңға және авторға сәттілік тілейтінін жеткізді», – деді.

Жиын соңында роман авторы Жәди Шәкенұлы көпшіліктің құнды пікірлеріне рақметін айтты: «Кітаптың алдағы басылымдарында ескеретін көптеген ой, көзқарас, пікір білдірдіңіздер. Бәрін де ескеремін. Романда Түркі даласының картасын жасап, қазақ мемлекетінің қалыптасу жолындағы қиындықтарды айтқым келді. Сол арқылы қазіргі ел іргесін бекемдеуге тиісті мәселелер де астарланды. Ең бастысы, қазақтың мемлекетшілдік, отаншылдық идеясы, ел мен жерді қорғау хақында ұрпаққа айтпақ болған ойларым акталған сияқты деп қуанып тұрмын».

Соңынан Кеңес жұмысын жүргізіп отырған Әбділдабек Салықбай талқылауға қатысқан қаламгерлерге рақмет айтты, жиналысқа қатыса алмаған кеңес мүшелерінен Нұрлан Қами мен Шәмшия Жұбатованың онлайн байланысқа шығып романға оң баға беріп, өз пікірлерін жазып жібергенін тілге тиек етті. Қаулы қабылданды.

RS: Қаулыда: «Проза кеңесінің төрағасы Әбділдабек Салықбай, оның орынбасары Жәди Шәкенұлы болып тағайындалсын және бұл Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының Хатшылығында бекітілсін; Бүгіннен бастап Проза кеңесінің отырысында жарық көрген кітаптар емес, жарық көруге тиісті кітаптардың қолжазбалары талқыланып, оны жариялауға болатыны не болмайтыны туралы қаулы қабылданын; Қазақстан Жазушылар одағының биыл көктемде өтетін әдеби жыл қорытындысында 2025 жылы жарық көрген романдар туралы Жәди Шәкенұлы және әңгімелер мен хикаяттар жинағы туралы Серік Елікбай бір жылдық қорытынды баяндама жасасын; Жәди Шәкенұлының «Қан кешкен ханзадалар» романы қазақ әдебиетіне қосылған қомақты үлес ретінде бағаланын» делінген.

Жүніс ОМАР,
журналист

● ЖАҒАЛЫҚТАР

Аралдың абзал азаматы, көрнекті жазушы, кәсіпқой журналист, білікті баспагер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Жақау Дәуренбековтің туғанына биыл 90 жыл. Соған орай Алматыдағы ҚР Ұлттық кітапханасында жан-жақты талант иесіне арналған еске алу кеші өткізілді. Кешті Ұлттық кітапхананың ғылыми хатшысы, жазушы Қанат Алтынбек жүргізіп отырды. Жиынды кітапхана директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ғазиза Құдайбергенқызы кіріспе сөзбен ашты.



ЕСКЕ АЛУ КЕШІ ӨТТІ

Бұдан кейін мінбеге көтерілген Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма Төрағасының орынбасары, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ғалым Қалибекұлы белгілі қаламгердің өмір жолы мен шығармашылығына тоқтала келіп, сөзінің аяғында Жақанның жұбайы Шұға ханымның иығына одақтың атынан шапан жапты. Біз, Жақау марқұмның курстас жолдастары Смағұл Елубай, Сұлтанәлі Балғабайбүшеуіміз, бірге оқыған студенттік жылдар мен одан бергідегі қызықты сәттер туралы естелік айттық. Жиналғандар, сондай-ақ Жақанның әріптестері, жасы үлкен ағасы Тынышбек Дайрабайдың, бірге

қызметтес болған Мағира Қожахметова мен Әшірбек Көпішевтің, сыйлас інілері Бейсенбай Сүлейменов, Қорғанбек Аманжол, Қали Сәрсенбаевтардың мерейтой иесі туралы жылы лебіздерін зейін қоя тындады.

Кеш барысында Алматыдағы ұлттық мектеп оқушылары қаламгердің шығармаларынан үзінділер оқыды, күмбірлетіп домбыра шертті. Кеш соңында Жақанның жары Шұға кітапхана басшылығына, осы шараның басы-қасында болған Қайырниса Жұмашеваға, жалпы жиналған қауымға шын жүректен шыққан алғыс сезімін білдірді.

Дәулет СЕЙСЕНҰЛЫ,

«Қазақ әдебиеті» газетінің тілшісі

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Төрағасы Дархан Жазықбай орталық мемлекеттік органдардың қызметшілерімен мемлекеттік қызметті дамыту бағыттары мен алдағы басым міндеттерін талқылауға арналған кездесу өткізді.

Кездесуде Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайдың V отырысында айқындалған бағдарлары аясында мемлекеттік сектордағы ұйымдастырушылық мәдениетті жаңғырту мәселелері қаралды. Аталған өзгерістер мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыруға және қоғам сенімін нығайтуға арналған.

Агенттік Төрағасы мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру, адамға бағдарланған сервистік аппаратты қалыптастыру және мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру агенттіктің негізгі басымдықтары екенін атап өтті. Сондай-ақ «Заң мен тәртіп», «Халық үніне құлақ асатын мемлекет», «Адал азамат» қағидаттарын орнықтыру Әділетті Қазақстанды қалыптастырудың институционалдық негізі ретінде белгіленді.



Кездесу барысында мемлекеттік қызметтің гибриді моделін енгізу, жеке және квазимемлекеттік сектордан кәсіби кадрларды тарту, сондай-ақ «Е-қызмет» цифрлық іріктеу жүйесі арқылы ашықтық пен меритократияны күшейту жөніндегі шаралар таныстырылды.

Қорытындылай келе, Дархан Жазықбай мемлекеттік қызметші кәсіби, жауапты және қоғам сеніміне ие тұлға болуы тиіс екенін атап өтіп, ашық, әділ және адамға бағдарланған мемлекеттік қызметтің жаңа үлгісін қалыптастыруға белсенді қатысуға шақырды.

«ЖЫЛҚЫ ТҮЛІГІ» ЖИНАҒЫ ОҚЫРМАНҒА ЖОЛ ТАРТТЫ

Жуырда Ұлттық кітапханада қоғам қайраткері, белгілі ғалым Айбек Кәрімов пен ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, профессор Қайрат Исханның авторлығымен жарық көрген «Жылқы түлігі» атты ғылыми-танымдық жинақтың таныстырылымы өтті.

Мемлекет және қоғам қайраткері Аманжол Тшанов, профессор Қансейіт Әбдезұлы, Ұлттық ғылым академиясының мүшесі, көрнекті ғалым Абдрахман Омбаев, «Төлегетай баба» қорының президенті, жинаққа демеушілік жасаған кәсіпкер Қайрат Мусин қатысып, кітаптың мазмұны мен маңыздылығы жөнінде ойларын ортаға салды. Қансейіт Әбдезұлы өзінің баяндамасында «Қазақ әдебиетінің» жанажылдық алғашқы нөмірінде елімізде жылқы түлігіне арналған музей ашу жөнінде өзекті бастама

көтерілгенін айта келіп, қазақ эпосындағы, поэзиясындағы, жалпы әдебиетіміздегі тұлпарлар бейнесі жөнінде жан-жақты тілге тиек етіп, аталған кітапты алда осы тұлпарлар образымен толықтырып, қайта шығарып, жоғары оқу орындарына, ауылшаруашылығы институттарына, мал шаруашылығымен айналысатын мамандарға оқулық, әдістемелік құрал ретінде ұсыну қажет екенін алға тартты.

Жинақта жылқы түлігінің түп-тегі мен алғаш қолға үйретілу тарихы, оның ішінде Тас дәуірі мен Семей өңіріне қатысты құнды деректер, сондай-ақ жылқы анатомиясы, физиологиясы мен иппология ғылымының негіздері әр қырынан қамтылған. Сонымен қатар еңбекте көне түркі және қазақ мәдениетіндегі жылқы бейнесі, қазақ дастандары мен көркемсурет туындыларындағы тұлпарлар сипаттамасы, дәстүрлі ат спорты туралы материалдар топтастырылды.

Бижомарт ҚАПАЛБЕК

Қазақ ежелден соғым сояды. Ақаң былай дейді: «Адамның қарны мен тісі кез келген шөпті бұралап соғып тамақ қыла алмайды. Табиғатта не бары 50 мың түрлі өсімдік бар. Соның ішінде адамға ас болатыны 300-ақ түрлісі. Бұлардың кейбіреулері шикі, бірқатары пісі күйінде тамақ болады. Басқа өсімдіктің ішінде де адамға тамақ болатын нәрселері бар, бірақ оларды адам қарны пісіре алмайды. Сонда да сол жеуге келмейтін шөптер адамға тамақ болады. Жеуге келмейтін шөп болғаны қалай, оның тамақ болғаны қалай? Бұл шөптер адам жеуіне келмегенмен мал жеуіне келеді. Малдың тісі ағаштың қабығын да, бұтағын да, жапырағын да, өсімдіктің қалған қатты сабағын да, жемісін де шайнауға келеді, қарны пісіруге келеді, жұтқан шөп мал ішіне барған соң қан, ет, май болады. Ет пен майды адамның қарны оп-оңай пісіреді.

Сонымен мал адам жей алмайтын шөпті жейді. Мал етін адам жейді. Өте ерте заманнан бері қарай адам барлық шөпті малдан пайдалануға дағдыланған. Шөптің көбін адам өзі жейді. Өзі жей алмағанын мал арқылы жейді. Мал адам жей алмайтын өсімдігін ет пен май қылып беретін машина сықылды». Сондықтан малды өрістен алып сойған дұрыс. Қазақтың қойы мен жылқысы кезінде жыл он екі ай жайылымда болған. Етінде Ақаң айтқан 50 мың шөп

Қазақ қандай ет жегені жөн?

түрінің біразы бар еді. Көкорай шалғын көлді, Сарыарқа сайран жерді мекендеген қазақтың дені сау, көңілі қош еді.

Етті шама келсе ауылдан, өрістен сойдырып алу керек. Қаладағы қазақтың көбісінің ауылда ағайыны бар. Мүмкіндігінше базардан, көпшілік сауда орындарынан алмауға тырысу керек. Кез келген уақытта, қыстың ортасында, ерте көктемде алған немесе сол кездерде жіліктеп бөліп алған етінің барлығы бордақыланған малдікі. Оның құрамында жоғарыда айтылған шөптердің бірі де жоқ. Бордақыда тұрған мал алдына келген екі-үш түрлі жем-шөппен шектеледі. Кейбір пысықайлар тез семірту үшін дәрі береді. Дәріленген малдың араны ашылады, не берсе соны талғамай, асай беретін болады. Сондықтан базардан ет алудан, не берсе соны жеп семірген, байланған малды алудан және қыс бойы қолдан жіліктеп алудан тиылған жөн. Аса бір ерекше семіз адамды көрсеніз сізге міндетті түрде «бір жері ауырады» деген ой келеді. Қолда мезгілсіз байланған семіз мал да ауру.

Қазақ етті жыл он екі ай жеген. Ата-бабаларымыз табиғатынан маусымдық тамақтану салтын ұстанған. Қыс келсе, соғым сойып, көктемде аққа ауысқан, жазда ұсақ мал және жеміс-жидек, күздік соғым және т.б. Барлық дәруменді еттен-сүттен алып отырған. Отырықшы жерлерде сәуірдің аяғында қолдан егілген қызанақ (басқа да көкөністер) маусымда пісе бастайды. Сонда қазан-қарашаға шейін бес ай таза өніммен қоректенуге мүмкіндік болады. Ал бүгін көкөністерді жыл бойы жейтін болдық. Қысқа қарай қызанақ жемей-ақ



қойса болады. Өйткені олар жылыжайда топырақсыз, жасанды ылғалды ортада (гидропоника) қажетті химияны құйып отыру арқылы өсіріледі. Күннің көзінде піскен жемістей болмайды.

Қазақ соғымды да күздік, қыстық деп бөлген. Қыстығын да байламай өрістен алған. Жайылымдағы (сырттағы) қонды мал (жылқы) суық түсіп, қар беки бастағанда тоңбас үшін жаздай жинаған майын ет пен терінің арасына шығарады. Содан көп ұзатпай (мал қайта арымай тұрғанда) қыстық азықты қамдап алған. «Қараша қауыс, кәрі-құртанды тауыс» дегенді ұстанып, қыстың ортасында мал соймаған.

Еттің сапасы малдың аузындағы шөбіне байланысты. Шөлді, шөлейтті жердің малы мен өленді жердің малының етінің дәмі екі бөлек болатындығын нағыз арқаның еті мен қымызының дәмінен білуге болады.

Өзіміздің қаратопырақты Солтүстік Қазақстан (Петропавл) жақтың жылқысының

да еті жасықтау болады. Дәмін келтіру үшін ыстайтыны да сондықтан болуы керек...

Ел-елде түрлі ұлттарда еттен жасалған асты әзірлеудің түрі көп. Барлығына шөп-шалам, түрлі дәмдеуіштер қосады, асады, пісіреді, бұқтырады, қақтайды, қуырады, қысқасы, еттің өзінің табиғи дәмі, құнары мен нәрі, былайша айтқанда шүйгіндігі ауызға білінбей кетеді. Бірақ қырық түрлі дәмдеуіштермен (көбі жасанды) бүркемеленген еттің сапасын ауыз айырмағанымен, асқазан айырады. Дәміне сеніп, не жеп отырғанымен шаруасы жоқ асқазан миға үнемі белгі беріп отырады. Сол үшін асқазанды тындау керек.

Біздің қазақ етті еш қоспасыз, қара суға асады. Дәмдеуіштің де, дәруменінің де 50 мың түрі өзінің бойында. Ауызға тәтті, асқазанға жағымды, денсаулыққа пайдалы. Сондықтан бар қазақ етті тек жайылымнан алуы керек. Оның үстіне білгіштер адам туған топырағынан алыс жүрсе де өскен жерінің құнарына қанып, нәрін сіңіріп жүруі керек дейді. Зорлықпен, дәрімен, химиямен өнімділікті арттыру бізге керегі жоқ. Генномодификацияланбаған өнім шығаруға біздің толық мүмкіндігіміз бар, жеріміз кең. Сондай экоөнімдерімізді (ет-сүт, көкөніс, жеміс-жидек) әлемнің түкпірінен келіп, жұрттар көк қағазға тапсырыспен өздері алып кететін жағдайға жетуге болады.

«Дәреті жоқ аяқтар, қорсылдаған саяқтар. Былғамасын қасынды, қасиетті басынды, — дегеніміз болмаса, қазаққа не жазып ек?!» деп Ақаң айтпақшы, енді бүгін кеп бөтендерді қаптағып, ауылды бүлдірмейікші. Қазақтың болашағы ауылда.

● МЕРЕЙ

Өмірзақ ОЗҒАНБАЕВ,

Республикалық «Ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігі Орталық кеңесі төрағасының орынбасары, тарих ғылымдарының докторы, профессор

Той-думан, жиын-конференциялар қаншалықты сәтті өткізілсе де, апта өтіп, ай-айға ұласқан кезде жадымыздан көмескіленуі, әлсірей беретіні шындық. Сондықтан осы сәтті өткен тойдың кейбір фрагменттерін қағазға түсіруді орынды деп есептедім.



2026 жыл, генерал-лейтенант, 40 жылға жуық өмірін елінің қауіпсіздігіне арнаған, жұмысын қатардағы қызметкерден бастаған, содан Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің төрағасына дейін түгел аралап шыққан, ірі мемлекет қайраткері, ғалым, азамат Әділ Шаяхметовтің отбасында қуанышты жағдайдан басталды. Ол қаңтар айында 70 жасқа толды.

Бұл бастаманы Қ.И. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің ғалымдары, университет ректоры Мейрам Бегентаев өзі тікелей басшылық жасап, дайындық және тойды өткізу жұмыстарын қолына алған екен.

АСЫЛЫН АРДАҚТАҒАН...

Себебі Әділ — осы университеттің түлегі. өзі оқыған альма-матермен байланысын үзбеген қайраткер. Неше жасқа келсе де, қандай жұмыстың биігіне көтерілсе де, қандай кең кабинеттерге кірсе де, қандай жүйрік машина мінсе де өзі оқыған университетімен үнемі байланыста болған. Өзінің ұстаздары, профессорларымен жиі кездесіп, пікірлесіп тұратын. Университеттің Ғылыми кеңесінің мүшесі де болды.

Тойдың басында Әділ мен Айсұлу өздерінің ұлдары Абылаймен бірге ел ақсақалдарына сәлем беріп, көрісуден бастады. Ақсақалдар, аналар ақ батасын беріп, «Абылай ханның жолын берсін» деп беттерін сипады. Бұл да үлгі алар, ұрпақ тәрбиесіне игі әсері тиер бастама еді. Батаның энергетикасы бөлек. Халқымыз жолға шықса да, астан ауыз тисе де, ұл-қызды болса да бата беріп, тілек тілеп жатады.

«Тойдың болғанынан боладысы қызық демекші», жан-жақты заманауи болған әдемі той бір күнде өте шықты. Бірақ ұмытылмас әсер қалдырды. 30-ға жуық генерал тойға қатысты.

Сөйтіп атқарылған жұмыстың қорытындысы 23 қаңтар күні шығарылды. Университеттің бүгінгі студенттері, ұстаздар, жұртшылық мерейтой иесін көруге асықты. Мерекегедей безендірілген ғимарат алдында жастар келген қонақтарды қарсы алып, «Фото суреттердегі өмір тарихы» атты көрмені көруге шақырды.

Қайраткердің өміріне арналған көрме бай-мазмұнды болған екен. Өз заманында бірге жұмыс жасаған қайраткерлермен бірге түскен суреттері, жазған мақалалары мен кітаптары қойылған.

Межелі уақытта «Ғылымды, білімді және қауіпсіздікті тоғыстырған есім» атты конференция өз жұмысын бастап кетті. Бастан-аяқ конференция жұмысына ректор Мейрам Бегентаев мырза басшылық етті. Белгілі мемлекет қайраткерлері, Қазақстанның барлық облыстарынан келген өкілдер, шетелден келген қонақтар мерейтой иесінің атқарған өте жауапты жұмыстарына тоқ-



талып, оның қайраткерлік қырларын ашып көрсетуге тырысты. Той қонақтарының арасында қазақ еліне аттары кеңінен мәшһүр ақындар, жазушылар, ғалымдар, қайраткерлер көп болды. Маңғыстау өңірінде ұзақ жылдар Ұлттық қауіпсіздік басқармасының бастығы болып белсенді қызмет жасаған генерал-майор Аманкелді Құрманғалиевпен де кездесіп, шұрқыраса амандастық. ЭКС-қорғаныс министрі Сәт Токпақбаев, генерал-полковник Виктор Комоторов, Ресей батыры, генерал-майор Омар паша Ханалиев, БАӘ басшысы офисінің атқарушы директоры Якуп Али және т.б. өз ойларымен бөлісті. Қазақстан Парламенті Сенаты Кеңесінің мүшесі Асхат Күзеков Сенат төрағасы М.С.Әшімбаевтың және Ардагерлер ұйымының құттықтау хаттарын тапсырды.

Бұл тойға алыстан, жақыннан халық қалаулылары, ақсақалдар қатысты. Елімізге белгілі атакты ғалым, медицина ғылымдарының докторы, академик Райыс Төлебаев, 90-нан асқан Қарағанды облысынан Марс Еренбекұлы ақсақалдар кимас көңілмен келіп, баталарын беріп, қуанышқа

ортақтасты. Бұл ерекше бір көрініс болды.

Басқосу Ә.Шаяхметовтің «Дәуір тұлғалары» атты кітабының салтанатты тұсау-кесерімен аяқталды. Келесі бір үлкен шара — Ә.Шаяхметов атындағы Ғарыштық байланыс зертханасының салтанатты ашылуы болды. Оның лентасын ҚР ғарышкері Айдын Айымбетов қиды.

Той иесі Әділ Шаяхметов және университет проректоры Ержан мырза осы өткен шараны қорытындылап, соңғы нүктесін қойды.

Ат үйірін сағынса,

Артқы аяғын қағынар.

Ер үйірін сағынса,

Ер-тұрманын тағынар, —

дегендей Әділ Шаяхметов сынды тұлғалы азамат, еліміздің өркендеуі жолында талай игі істердің ұйытқысы болып, түйткілді мәселелерді шешуге бел шешіп, белсене араласқан, жауапкершілікті жүгін арқалап, адамдардың жан дүниесін оятап, ой-толғамын жетілдіріп, биік саналыққа тәрбиелеп, ұлттық құндылықты насихаттаған азаматтың халқының алдында берген есебі іспеттес болды.

Қазақ өнерінің аңыз тұлғасы, Қазақстанның Еңбек Ері, КСРО Халық артисі Асанәлі Әшімовтің дүниеден озғанына 40 күн толыпты. Театр сахнасы мен киноэкранда сомдаған бейнелері арқылы елдік рухты асқақтатып, ұлттық мәдениетіміздің корифейі атанған өнер иесінің жарқын болмысы ел жадынан өшпейді.

Қасиет пен қасірет

(Абыз, аңыз болған Асанәлі ағаның рухына)

Асанәлі ағамыз актер, режиссер, киногер, Мәди мен Сағиды өнер додасына қосқан тәлімгер, үлкен әулеттің үлгілі отағасы болумен қатар мұң мен сырға толы, қарымды каламгер-эссеист еді.

«Жаңа ғасыр» атты жеке театрын ашып, дарынды жастарға бағыт-бағдар берген ұлағатты ұстаз да болды. Осының бәрін өткен шақпен жазу да, айту да өзектегі өкінішті қозғайтыны жаман екен...

Ағаның 85 жасын атап өткеніміз күні кеше ғана сияқты еді. Нөмір санының орнына «Асанәлі» деп жазылған, арқыраған кара қасқасын, яғни джип машинасымен Оңтүстік өлкесін аралап, соңынан Шымкент шаһарына атбасын бұрғаны әлі есімде. Жалғыз емес, кіл талантты жастардан тұратын жеке театрымен, жанында айдай сұлу Бағдат жеңгемізбен келіп, Шымкент халқын өнерімен, тегеурінді болмысымен тейіренгісіз кетіп еді-ау!

Шымкент әкімдігінің өтініш-тапсырмасымен екі-үш күн ағаның шашбауын көтеріп жүру маған бұйырған-ды. Әрбір кездесу сайын, шаршау орнына ашыла түскен актердің жан әлемі нұрға бөленіп, бозбала күнін есіне түсірген, әдемі кездесулер өткен.

Ағаның сырбаз әңгімесі, қазақтың айдарлы ақыны Маралтайдың айдынды-айбынды өлеңдерімен тұздықталып, көрерменнің ыстық ықыласы күні бүгінге дейін салқындай қоймағаны ел есінде.

Ол алмаған атақ жоқ еді. Соның бәрі аңыз ағаның бойына шап-шақ келетін. Атақ пен абыройға қанша кенелсе де, «өзінде бармен көзге ұрған» кезі болмады. Ұлы Абайдың «Өзі артық даңқынан» дегені осы Асекенге арналғандай. Қошемет пен құрметке бөленіп жүрсе де, өзін өзгеден биік қойғанын тағы көрмедік.

Бірақ Алланың алқасында болғанымен, Асанәлі ағамыз тағдыр талқысының уын көп татты. Қайғының қоюын да, күрзінің соққысын да, қос иығын бүрген зілмауырды да көрді. Белі қайысса да еңсесін түсірмеді. Өйткені оның қайғысын бөліскен кара халқы болды. Мыңдаған (табынушылары) жанкүйерлері мен жүздеген достары қайғысын бөлісіп, бойын тіктеп кеткенше жанынан табылды. Алары бар Алланың берері де бар екен. Алпыстан асқан

шағында Бағдат есімді керімді кездестірді. Өзі көркем, өзі жас, өзі парасатты қызды тағдыр қияметін көп көрген пендесіне қосу — тек ертегілерде ғана айтылатын аңыз десек, оны өмірде баянды етіп, жүзеге асырған осы Асекең болды. Өшкені жанып, өміріне көрік берген екінші Асанәлі дүниеге келді. Құдайдың күдіретіне таңғалмауға бола ма? Артында өшпес өмірдің жалғасы қалды деген осы шығар...

Асанәлі ағамен қырық жылдай ағалы-қарындас болып жүрдік. Сонау бір жылдары ағаның елу жылдық мерейтойы Оңтүстікте дүбірлі тойға ұласқаны есімде. Облыс орталығындағы Ж.Шанин атындағы драма театрында менің де Маралтай ақын сияқты шалықтап өлең оқығаным бар. Сол жолы Асекең тонның ішкі бауындай жақын тартып, содан бері бауырмалдық сезім көзімізден өшпегені ақиқат. Кейіннен кітаптарын оқыған сайын тіптен жақын тартқаным рас. Майра туралы жазғанын оқып, көзіме жас толса, есті естеліктері — көңіл дәптері — күнделіктерін оқығанда, оның тек сахнадағы өнерімен, кинолардағы бейнесімен ғана емес, жеке тұлға ретінде жылайтынын, күлетінін сезінгенімде ағаның психолог жазушы екенін көріп-біліп, тереңдігіне тәнті болдым.

Сол 85-ке толған мерейтойында ғой деймін, халықпен кездесу сапары оясына жетіп, қоштасу шайы қала орталығындағы «Рамада» ресторанында берілді. Өнер десе ішкен асын жерге қоятын, өзі де ақын-журналист отбасында дүниеге келген Шыңғыс Мұқан бауырымыздың Асекеннің алдында жиылып жастық, жайылып төсек болғанын көріп, әлі де өнеріміздің өліп бітпегеніне және өлмейтініне көзім жеткен.


Дастарқан басында көңілді отырыс болды. Сөздің де әдемісі, әзілдің де орайлысы айтылды. Асанәлі аға отырыстың ортасына таман бізден алшақтау отырған жас актерларды шақырды. Қалтасынан бір бума қыры сынбаған ірі купюрларды шығарып, актерларға тарата бастады.

— Әй, сен, екінші рет келіп тұрсың ғой, — деп арасында қалжыңын қыстыра кетеді.

— Жок, Аға! — деп ақталып жатқан жас актерға «қалжыңым ғой» деді де, қалған ақшаны қолына ұстата салды.

— Бөліп алындар, тек әділдік болсын! — деді.

Бір қызығы дән риза болған актерлар жарты дөңгелек болып тұра қалды да, «Нурикамал» әнін жаңа форматпен, жаңаша тыныспен шырқай жөнелді. Шыңғыс Мұқан жеңгесімен вальске шыр айнала билеп кеткенде, ағамыз



екеуміз де биге қосылдық.

Асанәлі Әшімов көп өмір сүрді деп айта алмаспыз. Бірақ аз да емес. Өмірдің қызығын да, шыжығын да көрді. Топырақтан жаралғанымыз рас десек, сол топыраққа ай-наларымыз да хақ!

Жапырағы қалың, тамыры тереңге кеткен қарт емен «түрс» етіп құлағанда, жүрегіміздің зырк ете қалғанын несіне жасырамыз. Дей тұрсақта артына өшпес із қалдырған абзал, абыз ағамызды ол жақтағы Мәди мен Сағиды пейіштің қақпасынан тосып алған шығар.

Өшпейтін із қалдырған Асекең бәріміздің жүрегімізде. Ол өлген жоқ.

Ханбибі ЕСЕНҚАРАҚЫЗЫ

Асанәлі Әшімов. Қазақ байтағы үшін ұғымға айналған есім. Кино мен театрда сомдаған рөлдері сан ұрпақтың рухын оятты, сезімін тәрбиеледі. Абыз ағамен сырласқан, сыйласқан сәттеріміз бар еді. «Бір қап ұн» оқиғасын Қызылжар қаласында егіліп, төгіліп, беріліп айтып берген. Қарғыс атқыр соғыс, жоқшылық, анаға деген сағыныш, бәрі-бәрі көз алдымынан тізіліп өте шыққан. Сол түні осы балада дүниеге келді. Асағаң қатты риза болғаны бар. Кезіккен сайын: «Ғалымжан, «Бір қап ұнды» оқышы», — дейтін. Көзін жұмып, ерекше күйге түсіп тыңдайтын еді, жарықтық. Асағаң қайтқан соң арнайы барып шаңырағына батаоқыр жасағам. Қоштасарда Бағдат жеңгей де: «Бір қап ұнды» өз дауысыңызбен оқып, маған жолдаңызшы», — деп өтініш айтып қалды. Өмір деген сол...

Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ

БІР ҚАП ҰН

(баллада)

Ғұмыр жолы қазаққа қазына-құт,
Сырты сұсты болғанда,
Жаны нәзік.
Ескі кезден естелік созады ағам
Көне күннің қамбасын қазып алып:
— Ұрпақтардың жолдарын
жалғайды арман,
Қайран біздің аналар арды ойлаған.
Елес болып келеді ес білгелі
Қайтпай қалған әкеміз
қан майданнан.
Басқа таңдау жоқ болып,
басқа амалым,
талай бұздым
тағдырдың тас қамалын.
Танып өскен бала едім
ақ-қараны
бағып өскен ана-ның қас-қабағын.
Есіл көңіл елсізде елеңдесін,
Жел шайқаса жастықтың желең
көшіні.

Соғыс біткен...
біз кеттік ерте есейіп,
көтере алмай жатқанда ел еңсесін.
Біз кезігер ғаламат ғалам қай тұс,
алдағыңа, адамзат,
алаңдай түсі!
...Наубайхана жұмысын атқаратын
Ерте кетіп,
кеш келіп, анам байғұс.
Таңда тұрып,
иә, солай, түн келетін,
Үмітімді үкілеп үлгеретін.
Ақша деген жоқ онда...
еңбегіне,
Әр күн сайын қос уыс ұн беретін.
Талап болса кетеді бақ та шауып,
Басқа таңдау пенденің
таппасы анық.
Аппақ ниет ақ анам
Аппақ ұнды
Бір жыл бойы жинады қапқа салып.
— Алды-артыңа өтінем,

қарама тек,
Талаптанбау жезітке жаман әдет.
Бір қап ұнды сатарсың жол-пұлыңа
Оқу ізде,
құлыным, қалаға кет! —
Деген-ді анам:
— Әулеттің сен ғұмыры,
Өзі оңғарар, Жаратқан, ендігіні.
...Райымбек досыммен базар барып
Бір қап ұнды сатқанбыз желді күні,
Арманымның аялы сазын аулап,
Бара жатты сол күні жазым аунап...
Болашақтың күйіндеі сыңғырлаған
Қалтамдағы тыным азын-аулақ.
...Көңілінің көмбесін шерге малып,
Асан абыз толғаса пендеге анық:
— Мені ұлы сапарға әуел баста
Бір қап ұнның пұлы еді келген алып.
...Бұл сырыңды жырламау күнә
шығар,
Ақиқаты аңыздың бір ашылар.
Бір қап ұнның ішінде —
Ана арманы,
сосын Ысқақ пірінің дұғасы бар.
Күндер өтсе басыңнан ишұбар ала,
тағдырыңды, ағасы, кінәлама!
...Асанына уыстап ұн жинаған
ұлы ескерткіш қойыңдар ұлы анаға!
Тасы тимей тағдырдың тасадағы,
Жарық таңда жар болған Жасағаны.
...Ақ ана мен ақ ұнның киесіне
Бас иеді әлі күн, Асанәлі!

ӘЛДИҚОҢЫР

(дүниеге кімдер келіп, кім кетпеген)

Жалғанның жүзіне шыр етіп, жылап келген күнін есінде болуы неғайбыл. Есесіне, жалпақ жұртты жылатып, қайрылмас сапарға кетіп бара жатқан сәтін еліңнің есінде мәңгі қалуы бек мүмкін. Адам-пенден мұны да өз көзімен көре алмайды екен. Өзі ғана інгәлап, жылап келген әлемнен өзгенің өзегін өртеп, жылатып қайту бақыты бұйыратын ерек жандар болады. Бәлкім, қаймананың «Бақыт» деп жүргені осы шығар? Сен де сондай, өнерден бақ бұйырған ерекше ұл едің, аға. Бірақ сол «бақ» пен «бақыт» деген сағымның қалқасына ілісіп, өмір жолында қосақтасып, қатар жүріп отырған қайғы мен қасіретті сенің қалай көтеріп жүргенінді өзіннен басқа ешкім білмеді. Ондайды білу мүмкін емес, оның жайын ұғу қарапайым пенденің пешенесіне бұйырмаған. Кара мұлғын түнде, түсінде көзің ілініп кеткені сияқты, сенің де ештеңе білмеуің әбден мүмкін. Тек «бір күні ұйықтап кеттің де, ақыры, міне, оянбай қалдың». Оның да жайын толық білмейміз, біздің бар білетініміз — сол ғана.

Жаныңа жақын тұтқан жандардың бір-бірімен жарысып, жарық жалғанды тастап, кара түнекке қарай асығыс адымдап бара жатқанын көріп отырып, айла-амал жасай алмаудан артық қасірет жоқ екен-ау өзі. Бәлкім, жұрттың бәрі сабылып іздейтін, бірақ таба алмай, аласұратын жан тыныштығы дегенің тек сол жерде шығар? Көп кешікпей мәңгілік «әлди» әнің айтылатыны қандай өкінішті. Амал қанша. Ол қасіретті нәм қасиетті әуенді бір қолымен жер бесігінді тербеп, бір қолымен аш бүйірін таянып, амалы құрығандықтан күніреніп отырып, періште пейіл пендесін риясыз сүйген күллі жұртыңды күнірентіп жер-анан айтады, аға. Ал біз болсақ, тек жанарымызды көз жасына шылап жүріп, егіліп тұрып тыңдаймыз. Қалса, құлақтың түбінде жүректің қылын шертіп, кара жердің күре тамырын солкылдатып, сенің күніренген, аспан мен жердің арасын күніренткен қоңыр даусын сияқты, соның әлдиқоңыр әуені ғана қалады. Қалмаса, ол да жоқ. Әлди, асыл аға, әлди, қазақтың маңдайындағы аңыз бейнелі Асанәлісі, әлди!

Берік ЖҮСІПОВ

Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының хатшылығы, «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз», «Жалын», «Простор» журналдарының еңбек жұмысы белгілі ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Гүлнар Салықбаеваға әпкесі
Ләйланың
дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің ұжымы әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Алуа Берікбайқызы Темірболатқа әкесі
Берікбай ЕСҚАЛИҰЛЫНЫҢ
дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

**Сәбит ОРАЗБАЕВ**

Елағаң – Елубай Өмірзақов, Амангелдінің рөлін ойнап, қазақты дүние жүзіне танытқан кісі ғой. Бұл кісі ешкімге ұқсамайтын, қалжыңы қалтасында жүретін адам. Өзі өмірі күлмейтін. Күлсе де теріс қарап, мырс-мырс ететін. Күлген кезде жарықтықтың екі иығы көтерілетін, бітті.

байбаламға салып жатыр. Троллейбус ішіндегілер де ыңғайсызданып, біресе қос кемпірге, біресе маған қарайды. Кейбірі не болғанын түсінген де жоқ. Мен ұялғанымнан театрға жетпей, Калинин көшесінен түсіп қалдым».

Рахметолла Сәлменов деген ағамыз бар еді. Жақсы әртіс. Серағаңның екінші партиясын сол ойнайтын. Екінші тәжірибені жүзеге асыру сол ағамызға

дар дегенім жоқ. Айтқан болсам, сотқа беріндер», – деп бой берер емес. Жұрттың бәрі қыран-топан күліп жатыр. Ахат деген ағамыз бар еді: «Ой, сендер аңқау екенсіңдер ғой. Біз ондай тәжірибеден баяғыда өткенбіз», – дейді.

Сөйтіп, Елағаңның 3 тәжірибесінен 3 адам зарлап шегіп, өліп қала жаздаған еді. Жарықтық, Елағаң осындай ойыншыл адам еді.

ЕЛАҒАҢНЫҢ ҮШ «ТӘЖІРИБЕСІ»

Театрдың ішінде бөлме болатын, әртістердің бәрі келіп демалып отыратын. Темекі тартатын жер емес, демалыс бөлмесі дейтін.

Қыстың аяқ кезі. Бір күні театр әртістері демалып отырғанбыз. Елағаң: «Мен өмірімде дәрі ішкен адам емеспін. Ал мынау тұмаудың мың да бір емі сарымсак (тау пиязы) екен», – деді. Бәріміз тыңдап отырмыз. Оншақты адамбыз. Елағаңның сырын білетіндер мырс-мырс күліп қояды. Қасымда отырған кісіден «Неге күлесіз?» деп сұрасам, «Қарап отыр, қазір Елағаң үш-төрт адамды түсіреді», – деді. Тыңдап отырмыз. Содан Елағаң әңгімесін соза түсті: «Бұл тау пиязы, жаңа айттым ғой, мың да бір ем. Бір-бірден екі танаудың ішіне салып алсаң, ешқандай ауру, әсіресе тұмау жоламайды. Тіпті дәрінің керегі жоқ», – деді.

Сәлден соң Елағаң екінші тәжірибесін айтты: «Алдымызда 1-май мерекесі келе жатыр. Бәріміз жылдағыдай парадқа шығамыз (ол уақытта парадқа шығу үлкен дәреже еді. Әрбір еңбек ұжымы міндетті түрде шығатын). Менің үйде ақ брезенттен тігілген топылым бар. Биыл ептеп көнеріп қалған болуы керек. Соның сыртына тіс жуатын пастаны баттастырып жағамын да, қазанда қайнап тұрған суға бір батырып, тез ала қоямын. Сол қалпында аппақ болып катады да қалады», – деді.

Елағаң әлі сөйлеп отыр. Біз тыңдап отырмыз. Үшінші тәжірибесіне көшті: «Іш құрылысына таптырмайтын бір ем бар. Өзі оп-онай, қазақы ем. Шарпақтың қақпақтарын жинап, соларды әбден қайнатып ішсең, ішіңнің бәрін тазалап, жаның рахатқа батады», – деді. Сонымен әңгіме бітті.

Бәріміз өз шаруаларымызға кеттік.

Елағаңның тәжірибесін бірінші болып қолға алған Мүлік Сүртібаев ағамыз. Екі танауына тау пиязын салып алып, театрда жүреді. Бір күні троллейбуспен қызметке келе жатады. Жерде қар бар, күн суық кез екен. Ол кезде троллейбустың алдыңғы жағында орындықтардың орналасуы бір-бірден болатын. Екі орыс кемпірі сол орындықтарда қарсы отырып әңгімені заулатып келеді екен. Солардың маңайына жайғасады. Ойламаған жерден қос танауы жыбырлап, түшкіргісі келеді. Мүліктің өзі айтады: «Шалқайып тұрып түшкіргенімді өзім де байқамай қалдым. Қос танауымдағы екі сарымсак әлгі екі кемпірдің мандайларына барып сарт етіп, жабыса қалды. Кемпірлер: «Это что за безобразие!» – деп айқайды салды. Кешірім сұрап жатырмын. Онымды елейтін олар жоқ,



дөп келеді. 1-май мерекесі жақындайды. Рахметолла ағамыз ертең мереке деген күні, яғни сәуірдің 30-ы күні әйеліне кастрюльге су құйғызып қайнатқызады. Өзі брезент топылына тіс пастасын жағып, екі бауынан ұстап тұрып қайнап тұрған суға салып, қайтадан суырып алады. Қайнап тұрған су қойсын ба, екі ұлтаны сыпырылып түсіп қалады. Парадқа киетін аяқ киімінен айрылған Сәлменов күйіп-пісіп, үлкен кісіні сыртынан балағаттайды. Әйелі: «Үлкен кісіден нең бар, ұят емес пе?» – десе, «ойбай-ау, сол үлкен кісінің тәжірибесі ғой бұл» деп одан сайын күйіп-піседі.

Бұл әңгіме осымен бітсін, енді Елағаңның үшінші тәжірибесіне келейін. Күләш деген әртіс болды. Сол балаларына: «Асқазаным қыжылдайды, ішектерім жөнді жұмыс істемейді. Шарпап шынысының тығынын жинаңдар, соны қайнатып ішемін. Елағаң көпті көрген кісі, соның тәжірибесі», – деп жиналған тығындарды әбден қайнатып, сәл салқындаған соң бір стақанын тартып жібереді.

«Ойбай, не дейсің, Күләштің жағдайы нашар» деп естідік. Тығынның суы ішті кептіріп жіберген. «Жедел жәрдем» шақырып, дәрігерлер қарнын тесіп, ауасын шығарыпты...»

Сәлменов парадқа келмеді. Жиналыста неге келмегенін сұрап жатыр.

«Елағаң бір тәжірибе айтып, соны жасаймын деп топылымынан айрылып қалдым», – дейді. Елағаң айтады: «Ей, айналайындар, мен сендерге жаса деп айттым ба? Айтқаным жоқ. Ол өзімнің тәжірибем. Топылиды ыстық судан бірден шығарып алу керек еді. Сен көбірек ұстап қалғаның. Қайнап тұрған су топылидың ұлтаны түгілі, қолыңның да бір қабат терісін сыдырып түсіреді ғой. Оның үстіне мен сендерге солай жасаң-

...«ОЙ, ХАДИША, СЕНІҢ АТЫҢ КІМ ЕДІ?»

Сол жолы шет елге бара жатқанбыз. Анкета толтыруымыз керек болды. Қағазды әркім өз қолымен толтыруы тиіс екен. Ол кісілердің сауаты бар ғой, бірақ асықпай жазады. Бәріміз толтырып жатырмыз. Серағаң үйіне телефон шалып: «Ой, Хадиша, сенің атың кім еді? Мына жерге керек болып тұрғаны», – деп сұрап жатыр. Ар жағынан апамыздың: «Ой, жазған-ай, атымды өзің айтып тұрған жоқсың ба? Несіне сұрайсың? Шынымен ұмытып қалдың ба?» – деген даусы естіліп жатыр. Сонда да Серағаң жадының тозғанына өзіне-өзі біраз ренжіген еді.

«Жапондармен қиналмай сөйлесе беремін...»

Баяғыда бір әртіс «мен шет тілін өте жақсы білемін» деп мақтанған ғой. «Бар тілді білесің бе?» – десе, «Білемін, бірақ қолым қатты ауырады», – дейтін көрінеді. Сөйтсе, ыммен, саусақтары арқылы сөйлеседі екен. Сол сияқты, бірде Шираз қаласында түскі ас ішіп отырғанбыз. Қарасам, Серағаң кілең жапондардың ортасында отыр. Жай отырған жоқ, сөйлеп отыр. Қолын олай-бұлай сермеп, бірдеңелерді түсіндіріп жатыр. Жанындағылар ішек-сілесі қатып күліп қояды. Жақындап келіп: «Оу, Сераға шет тілін жақсы біледі екенсің ғой, төңірегіңіздің бәрі қошеметтеп отыр», – дедім. Мен Ақан серіде Қоңқайдың рөлін ойнап жүргенде мылқаумен сөйлесем ғой. Содан қалған тәсілдер емес пе? Маған жапондарың түк емес, кез келгенімен сөйлесе беремін», – десін Серағаң.

Редакторлар кеңесінің төрағасы
Мереке ҚҰЛКЕНОВ

Бас редактор
Бауыржан ЖАҚЫП

Бас редактордың орынбасары
Қали СӘРСЕНБАЙ

Редакция алқасының мүшелері:

АЙТҚОЖИНА Марфуға,
ӘБДІҚҰЛЫ Төлен,
БАҚТЫГЕРЕЕВА Ақұштап,
ЕЛУБАЙ Смағұл,
ИРАН-ҒАЙЫП,
КӨПІШ Әшірбек,
ҚАБЫШҰЛЫ Ғаббас,
ҚАНАЗ Молдахмет,
ҚОШЫМ-НОҒАЙ Байбота,
НҰРЖЕКЕ-ҰЛЫ Бексұлтан,
НҰРМАҒАНБЕТОВ Тынымбай,
ОРАЗАЛИН Нұрлан,
СЕГІЗБАЕВ Кәдірбек,
СЕЙСЕНБАЕВ Роллан,
СМАТАЕВ Софы,
ШАХАНОВ Мұхтар,
ЫСҚАҚБАЙ Марал

Жауапты хатшы
Мұратқали ДҮЙСЕНБАЕВ

Әдебиет бөлімі:
Жүніс ОМАР

Мәдениет және руханият бөлімі:
Мәлдір РАЙЫМБЕКОВА

Әлеумет, тарих бөлімі:
Рымтай КӨКЕНАЙҚЫЗЫ

Компьютер орталығының жетекшісі
Данияр ҚАБА

Терімші
Рысқұл ЖҰМАБАЕВА

Корректор:
Айнаш ӘЛДИБЕК

Меншікті тілшілер:

Астана қаласы,
Ақмола, Солтүстік Қазақстан,
Қарағанды, Ұлытау облыстары

Айтбай СӘУЛЕБЕК,

Алматы облысы

Ержан ТОҚТАРҰЛЫ

Абай облысы

Дәулет СЕЙСЕНҰЛЫ

Ақтөбе облысы

Бауыржан ҚҰРМАНҚҰЛ

Атырау облысы

Әлия ДӘУЛЕТБАЕВА

Батыс Қазақстан облысы

Бауыржан ҒУБАЙДУЛЛИН

Жамбыл облысы

Көсемәлі СӨТІБАЙҰЛЫ

Жетісу облысы

Жангелді НЕМЕРЕБАЙ

Қостанай облысы

Жанұзақ АЯЗБЕКҰЛЫ

Қызылорда облысы

Қаршыға ЕСІМСЕЙІТОВА

Маңғыстау облысы

Сағындық РЗАХМЕТ

Павлодар облысы

Серік ЕЛІКБАЙ

Түркістан облысы

Айдар СЕЙДӨЗІМ

Шығыс Қазақстан облысы

Тоқтарбек МАҒЗҰМОВ

Шымкент қаласы

Момбек ӘБДӨКІМҰЛЫ

Кезекші: Рымтай

КӨКЕНАЙҚЫЗЫ

РЕДАКЦИЯНЫҢ БАЙЛАНЫС ЖҮЙЕСІ:

8 (727) 272-88-17

e-mail: kazakh_adebiety25@mail.ru

Мекенжайымыз:

050009. Алматы қаласы,

Абылай хан даңғылы,

105-үй. 3-қабат.